

Зернебек Шілдебайұлы

ҰЛЫЛАР ҰЛАҒАТЫ

(өлеңдер мен толғаулар)



УДК 821.512.121
ББК 84 (Қаз)
Ш 82

Шілдебайұлы З

Ш 82 Ұлылар ұлағаты. /Өлеңдер мен толғаулар/ –
Алматы, «Ан Арыс» баспасы, 2014ж., 200 б.

ISBN 978-601-7476-11-2

Өлең сүйер қауымға белгілі Зернебек Шілдебайұлының осы жыр жинағына ұлылар әлемінің мазмұны бай, идеясы жарқын, гибратты тереңіне бойлаған шайырлық сырлары топтастырылған.

Еліне ерен еңбегі сіңіп, азаттық пен бостандық жолында арыстандай айбат шегіп, жолбарыстай жұлқысып өткен, ғұмыры жастарға мәңгі өнеге, мол тәлім-тәрбие, өмір мен ұлты туралы тағылымды нақыл айтып, өсиет еткен халқымыздың біртуар дана тұлғаларын, аңыз абыздары мен кемел қайраткерлерін, ғұлама ғалымдарын, көреген көсемдері мен ділмар шешендерін, қаһарман батырлары мен арқалы ақындарын жырлаған, іштегі шерімізді қозғап, қазақ мұраты мен жастары жайында жазылған поэзиялық туындылары біріктіріліп берілді.

Жыр жинағы мұғалімдердің күнделікті сабағында ғылыми-педагогикалық және әдістемелік көмек беру қызметін де атқарады. Сонысымен де құнды.

УДК 821.512.121
ББК 84 (Қаз)

ISBN 978-601-7476-11-2

© Шілдебайұлы З., 2014ж.
© «Ан Арыс» баспасы., 2014.

*Осы еңбегімді әкем Шілдебай
мен шешем Күмісжанның аруағына
бағыштадым.*

«ОРАҚ ТІС, ОТ АУЫЗДЫ» АҚЫН

Қолымызда – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, білім беру ісінің үздігі Зернебек Шілдебайұлының «Ұлылар ұлағаты» деген атаумен берілген өлеңдер мен толғаулар қолжазбасы. Оқып шығып, соңғы парағын жапқан кезде қандай сезім күйінде болдық, көкейімізге не түйдік мәселесі бой көтеріп, жанға тыныштық бермегені - шындық. Сол шындыққа көз жеткізу үшін ойымызға оралған алғашқы сырларымызды ақтарайық.

Ең бірінші, жазушы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дүкенбай Досжанның автор Зернебектің «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген тұңғыш өлеңдер жинағы – «Кеудемдегі кептерім» кітабы туралы мақала жазып, оқырмандық әсерін бөліскені есімізге түсті. Онда ол былай дейді: ««Кеудемдегі кептерім» жинағы – осы замандағы кітап тасқынының ішінде бойға азон ауасын дарытқандай, кәусардің тастай суын ішкендей ерекше әсер, гибратқа бөлейтін ырғағы бай, өрнегі сан алуан, кірсіз, риясыз көңілдің көшірмесі».

Біз декорнектіқаламгердің ағалық қамқорлығын білдіріп, жүрегі таза ақ пейілмен төгілте төгіп айтқан сүйіспеншілік ыстық ықыласты лебізіне толық қосыламыз, алаңсыз кәміл сенеміз. Өйткені оған шайырдың мына бір шумақ ойын дәлел ретінде келтірсек те жеткілікті: «Шіркін-ай, сүйсе ол мені, Дәл мендей ессіз ынтығып, Жанымның осы-ақ болды емі, Кетер ем жайнап, құлтырып...».

Осы шумаққа қатысты Дүкенбай ағаның пікірі де салмақты. Ол «Бұл баяғы сарыуайымға салынған бәйітшіл ақындардың сарыны секілді сезілсе-дағы, ұстаз жырлаған таза сезім, тұғырлы сүйіспендіктің сөзі. Зернебек ақын өлеңдеріне сусыныңыз қанбай, соншалық іңкәр сезіммен, ынтық пейілмен оқыған үстіне оқи түскіңіз келетіні тегін емес» деп махаббат теңізіне батырып жібереді.

Мұны оның жаңа жыр жинағындағы гашықтық дүниесі де растай түседі. Мысалы, ол Айша бибі мен Қарахан махаббатын жыр еткен толғауында:

Тыңдаған құдіретті күйді мұндай а
 Алдында тұра алмайды құлдық ұрмай. а
 Қарахан – Айша биби махаббаты ә
 Жастарға гашиқтықтың символындай. а

Болса егер ерекше ыстық өз ошағы, а
 Айшадай сүйсе жарын ер қосағы, а
 Жүреді жас жұбайлар шырайланып, ә
 Бақытты күн кешеді болашағы! - а

деген әдемі түйіні жаныңызды жадыратады, байыпты да байсалды ойларға жетелейді.

Иә, шайыр диапазоны өте кең. Бір толғауын бір толғауына, бір өлеңі бір өлеңіне мүлде ұқсамайды. Түр жаңалығы да бай, мазмұн жаңалығы да сан алуан. Ең алдымен мына төмендегі түр мен мазмұн жаңалықтарына көз қырын салайық. Бірінші мысал «Жолбарыс жыры Жамбылдың» толғауынан алынды. Онда ол былай дейді:

«Сол кезде заман құйтырқы еді, а
 Бетінен зәрі ушығып тұрған. ә
 Арманы байдың – қу құлқын еді, а
 Шалғаны батты батырын құрбан. ә

Өр ақын нағыз тілімен өткір а
 Хандардың ісін әшкере еткен. ә
 Тәкаппар Тезек төреңді жеп бір а
 Орақ тіс жырау Сүйінбай өткен». ә

Өлеңді ақын бастан-аяқ қатаң тәртіпке бағындырып, он буындық күрделі өлшеммен жазып шыққан. Көсіліп шабатын қара өлең құдіретінің ығында кетпей, өз ұстанымын берік сақтап, еш ауытқымай, бірде-бір рет кібіртіктемей, ой жүйесін он буындық шалыс ұйқас өлшеміне түгел мойынсұндырып, еркін сілтеген. Түр мен мазмұны әсем үйлесіп, керемет келісім тауып, жарасып-ақ тұр. Артық буын, артық өлшем, ақсақ ұйқас таппайсыз.

«Бетінен зәрі ушығып тұрған» заманның түсі қандай сұсты болса, «құйтырқылығы» сондай зымиян, зұлым еді. Ал қауіптілігі одан да зор, халықтың соры болатын. Шумақтағы өмір шындығы бүгінгі дәуірде де сол зар күйінде ботадай боздайды. Еш өзгеріс байқалмайды. «Қой терісін жамылған» қасқыр тәрізді ақ гвардияшылары да, қызыл гвардияшылары да, болшевиктері де, меншевиктері де өте

сұм айлакерлігімен өз мемлекетінің жерін кеңейтіп, басқа ұлтты қанау арқылы өз ұлтын байыту мақсатын көздейді. Патиша өкіметі де, Кеңес үкіметі де сол жолдан айырылмады. Халық жаулары өз үстемдігін қолда нық ұстап тұру үшін ешнәрседен тайынбады.

Енді 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына ой жүзгіртіп көрейік. Сол көтерілістің басты қаһармандарының бірі – Рысқұлбек Қайрат Ноғайбайұлының азаматтық ерлігіне тоқталайық. Қанды қырғынды коммунист ретінде өз көзімен көрген лениншіл педагогтың өз ұлтының батырына айналған ержүрек ұлына арнаған «Жанымды жеген дерт» өлеңінің түйіні мына соңғы екі шумағында мен мұндалайды:

«Бауыр десе езіліп елжіредің,	а
Таза бұлақ сияқты мөлдір едің.	а
Күйі өзің боп кеудемнің туған жыры,	ә
Сені жоқтап көзімнің тамды жасасы,	б
Тәуелсіздік туындай желбіредің.	а

Байқоңырдан зорға бұл қазақ ұшқан,	а
Ал Семейі у ішіп, аза құшқан.	а
Азаттықтың алғашқы құрбандығы,	ә
Азаттықтың алғашқы қарлығашы	б
Болған саған – қарыздар Қазақстан!»	а

Бұл арада ақын бүкіл ойын екі шумақтан тұратын, он тармақтан құралған, қазақтың өзіндей қарапайым, кәдімгі он бір буындық жыр жолдарына сыйдырып, соны да көркем өрнекпен, көрікті сұлу тілмен жырлаған. Поэзия заңдылығына еш қылау түсірмей, тәртіпті басшылыққа алған ақын шеберлігіне еріксіз риза боласыз, «туған жыры», «құрбандығы» (б) және «тамды жасасы», «қарлығашы» (в) ұйқастарының шымырлығына, көріктілігіне, көтеріп тұрған ой жүгінінің салмақтылығына сүйіспеншілік сезіммен қарайсыз.

Үшінші дәлелді ақынның Махамбет Өтемісұлын жыр еткен «Тулады торда барыстай» өлеңінен алғанды орынды санадық. Осы арнаудың соңғы екі шумағы былай аяқталады:

«Күн кештім қилы заманда,	а
Әділет болды қорғаным,	ә
Шындықтың туын ұстадым.	б
Өсекке толып жан-жағым,	з

Мертігін анпақ арманым, 2
Башиықта жастай малтығып, 2
Құрдымға баттым тартылып, 2
Алыстым аңдай жаралы! 0

Жалғыздық жасаман жалғанда, а
Тарылды барар аймағым. ә
Жауыздан қорқып құспадым, б
Шайнауа қалды бармағым, 2

Атпады асыл таңдарым. 2
Жарасқан сәні ұямның, в
Аңсаған тәтті қиялдың в
Қаишы үркіп Азат маралы...» 0

Мұндағы «Азат маралы» деп отырғаны – Бостандық таңы! Идеологиялық жағынан теңдік алсақ та, экономикалық жағынан қолымыз құрсауда, басымыз байлаулы, жағмызыз қарысқан. Үркек қояндай жан-жағмыызға жалтақтаймыз.

Өлең әріптермен берілген неше түрлі үлгідегі жұмыр ұйқастар – қазақ поэзиясына қосылған тың жаңалық. Бұған әр жолдағы шынайы көркем бейнені қосыңыз, соны жаңалық құндылығы оқыған адамды өзіне магниттей тарта түсетін қасиетімен бағалы.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, жоғарыда біз мысал ретінде алған өлең шумақтары ақын қаламының қуаттылығын, ойының тереңдігі мен кемелдігін, мазмұн байлығын, қазақ поэзиясына қосқан жаңалығын танытады. Ең негізгісі – кітапты түгел оқып шықсаңыз, қазақ халқының сонау қадыл заманынан бастау алатын, небір «тар жол, тайғақ кешуді» басынан өткізген, бұлтарысы мен бұралаңы бітпей келе жатқан тарихи тағдырын көз алдыңызға елестетеді, бүкіл өмірінен хабар береді. Демек, тұтас қазақ тарихының панорамасын жасап, дәріс оқыған ұстаз тағылымын ұққандай сезімде жүресіз.

Сондықтан да Зернебекке жыыр сапарындағы тағы бір сәтті қадамына ұзақ гұмыр тілеп, қанаты талмасын дегіміз келеді.

Сман Бақтияр Өрісбайұлы,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Халықаралық педагогикалық білім беру
(Ресей) және Еларалық Айтматов

*(Қырғызстан) академияларының
академигі, Қазақстан Республикасының
білім беру ісінің құрметті қызметкері,
БІбырай Алтынсарин медалінің иегері,
ұлағатты ұстаз.*

АДАМ АТА - ХАҰА АНА
(VII-VIII ғ.ғ.)

*Дүниені ауызына қаратқан
Алла¹ әлемді алты күнде жаратқан
Оған дейін тіршілік жоқ жер жүзін
Топан су мен қараңғыға қаматқан.*

*Бәрінен бұл қоя тұрып Адамды,
Ең әуелі пішіндепті Ғаламды.
Бұйрыпты «Жарық болсын!» деп тілеп,
Сөйтіп алғаш «Күн менен түн» жаралды.*

*Сырт келбеті топан сумен жарасқан ,
Содан кейін пайда болды көк аспан.
Ізінше оның бой көтерген тәрізді
Бір-бірімен мұхит, құрлық санасқан.*

*Осыдан соң Құдай жерді жарылқап,
Басқалары түйсігімен таңырқап,
Сыйға тартқан шөп пен түрлі жемісті,
Өкпелілер қалғандай ма жабырқап?!*

*Төртінші күн – күрт өзгеріс білінді,
Көк аспанға сан алуан шам ілінді.
Күндіз – Күнің, түнде – Ай, жұлдыз жарқырап,
Санаттырды жылың менен күніңді.*

*Сүн-сүйкімді жаратылыс әдемі
Керек еді болғанымен әлегі.
Ал бесінші күні мұхит, теңізде
Орнады зор балық, балдыр әлемі!*

*Алтыншы күн – Қара жердің бетінде,
Мейлі боран, мейлі дауыл өтінде,
Жан-жануар, хайуанаттар қаптады,
Тәңір берген өз қызығы еркінде.*

*Ісіне ырза Жаратушы иеміз,
Алдында оның біз де басты иеміз.*

¹ «Аңыз Адам» журналына (№16(52), тамыз, 2012ж.) сүйендік.

*«Енді Адамды жасайтуғын кез келді,
Ерекше өңді түр-тұлғасын сүйеміз»,-*

*Деген сөзі кешірімді Алланың
Жанға жағып, балқығандай жан-жағың.
Қабырғасын сөгіп Адам атаның
Әкелді әйел, жанды жайнап аймағың,*

*Екеуі де жүрек үнін тыңдасып,
Серуендеген киялымен шыңды асып.
Шаңырағын махаббатпен бастапқы
Күрған екен Хауа анамен сырласып!*

*Осылайша Адам ата, ойлаңдар,
Құдай қосқан қосағымен болды айбар!
Хауа анадай жұбайымен ең сұлу
Атанды ғой ең бірінші пайғамбар!*

*Тұла бойда әдемілік азайып
Көрген емес, ақты бұлақ тазарып.
Теңдесі жоқ асқан ару екен-ау,
Мейірім мен адалдығы ғажайып!*

*Бүкіл мынау пайғамбарлар досы нар –
Адам ата жолын кім бар басынар?!
Мынау жарық дүниеде ең алғаш
Ұрпақтарды таратқан да - осылар!*

*Жаңылдырмас қанағатшыл тобаңнан
Айналасың сол бір таза қоғамнан!
Адам ата, Хауа ананың алаңсыз
Дәуірі, әттең, қайтып келсе – жоқ арман!*

АБЫЗ ҚОРҚЫТ АҢЫЗЫ
(Қарақожаулы Қорқыт атаға, VII-VIII ғ.ғ.)

*Пайымдар өзінше әркім өмір мәнін,
Бұзды әбден күшті Ислам Тәңір сәнін.
Өз халқын теспей сорған бай-манаптар
Шырқап жүр еш алаңсыз көңілді әнін.*

*Жетінші ғасыр соңы болатын бұл,
Бағына жайды оғыздың қанатын ұл
Үш ханға бас уәзір атанғаны
Жасады оны Аллага жағатын құл.*

*Жан екен тоқсан бес жыл гұмыр кешкен,
Күреспен абыройлы тұғырда өскен.
Елінің бақыты үшін жаралыпты,
Шығарма, оқырманым, мұнымды естен.*

*Көріпкел, ақын, жырау, жырышы, бақсы,
Абызды жағалапты өңкей жақсы.
Бүгінге оннан астам күйі жеткен
Қорқытты² бізден басқа ұлттан тапшы!*

*«Шіріген мақтаңыздан мата шықпас»,
«Жауыңнан ескілікті досың шықпас».
«Бас аман болса бөрік табылады»,
«Жауса да жапалақ қар жазға қалмас».*

*Осында шымыр ұйқас жарасымды,
Жинаған нақыл да тұр бар асылды.
Ұғасыз Қорқыт ата қасиетін,
Тұлпарын жырау жырдың таң асырды.*

*Айтайын кім екенін сұрасаңыз,
Сырына қанығасыз шыдасаңыз.
Баласы Қарақожа – Қорқыт ата
Жайында аңыздар мол, сірә, нағыз.*

*Жұртыма баяндайын жән білетін,
Пенде көп бір ісі жоқ көзге ілетін.*

²«Аңыз Адам» журналы (№6(18), наурыз, 2011ж.).

*Бұл аңыз көптен бері толғандырды,
Келтірер кезі келді сөз ретін.*

*Басыпты қара түнек ол туганда,
Соқты ауыр дүлей боран жол қуғанға.
Қоршады Қаратауды сұп-сұр бұлттар,
Құт қашты жүргендерден жайдақ құмда.*

*Сәбиден сөйлеп туган ел қорықты,
Түрінен қатты шошып, шын торықты.
Алайда ол туган соң бұлт ыдырап,
Күн шығып, шуаққа жұрт кіл молықты.*

*Ал халық балап мұны жақсы ырымға,
Тойлады ұлан-асыр сай-қырыңда.
«Есімі Қорқыт болсын!»- деп үш рет
Айқайлап ат қояды бақ сынында.*

*Өмірге келуі оның қандай бөлек
Десек те, тіршілігі сондай ерек!
Ұшқан құс, жүгірген аң, жауған жауын
Тіліне болды Қорқыт жастай зерек.*

*Бір күні, қатқан шақта бұғанасы,
Берді аян түсіне еніп шал данасы.
«Уа, Қорқыт, тұр орныңнан!»- дейді әулие,
Білген жоқ соның жайын жан баласы.*

*«Нар атап елігіңдей саз аспабын
Сен жаса, ойыма құр таласпағын.
Шанағын қара бақыр сияқты қыл,
Көнінен аруана адаспағын.*

*Құтылмас ешкім құдай бұйрығынан,
Ішегі – бесті айғырдың құйрығынан
Тиегі – ортекенің мүйізінен,
Иесі болсын өнер тұнығынан.*

*Атансын аспабыңның аты - Қобыз,
Қолына ұстамасын заты - доңыз.
Сол Қобыз қиялыңды шарықтатып,
Жолыңа шырақ жақсын, қолда Оғыз!»*

*Оялды соны Қорқыт естігендей,
Тәтті күй көкірегін тәсті керней.
Орындап әулиенің барлық шартын,
Шерткенде қобызды алып есті желдей.*

*Қошті күй жүрегінен Қобызына,
Дуние құлақ түрді аңызына.
Ерекше гажайып бір күй дарытты
Қаптаған батыр, жомарт оғызына.*

*Бір аңыз ой салады бізге былай:
«Кіреді оқысаңыз Сізге шырай,
Сол үшін дәріптейсіз Қуанұлын³
Қаншама қарасақ та ізге сынай.*

*Әлемнің шетсіз, шексіз кеңдігінде
Жас Қорқыт түс көріпті енді бірде.
«Қырық жыл өмір сүріп өтесің» деп
Тіл қатқан қарт аяны көнді кімге?!*

*Содан соң Қорқыт іздеп өмірді өлмес,
Мінді ерттеп Желмаясын елге көнбес.
Таба алмай Жерұйықты діңкелепті,
Ұмытты қу өлімді ешкім жеңбес.*

*Жолығып бір топ жанға қабір қазған,
Сұрапты «Мұның не?» деп тағдыр жазған.
«Қорқыттың көрін қазып жаттырмаыз» деп
Құрметпен қабіршілер қолын созған.*

*Өлімнен бұл жерде де құтылмасын
Сезінген Қорқыт күтіп үкім жасын,
Одан да әрі іздеді үміт үзбей,
Азаптап қайғысымен жұмыр басын.*

*Барына шүкір етіп ағайынның,
Сырына қанықты ол әр ауылдың.
Сандалып қайтып келе жатқанында
Желмая ұқты ойын қожайынның.*

*Сондықтан «мұңды әні» шерді қозған,
Астында иесінің жүрді боздап.*

3. Қуанұлы – композитор Ахмет Жұбанов.

*Түйенің боздағаны қобызынан
Сүйекті сырқыратты шоқтай қоздап.*

*Нәр күйган пендешілік өзегіне
Оралды Сырдария өзеніне.
Сол жерде Желмаясы ажал кұшып,
Түсірді зілдей салмақ өз еліне.*

*Тірліктің она таппай жеңісінен,
Қызықтың күдер үзді көбісінен.
Ғұмырлық жан серігі - Қобызын ол
Қаптады Желмаяның терісімен.*

*Бір күні тағы қашты ажалды ойлап,
Кілеммен жүзді суда өзен бойлап.
Ойнады күндіз-түні қобызында,
Көзінде өкініштің буы қайнап.*

*Бара ма күллі әлемге өзі сыймай,
Кете ме қыл-қыбырды бекер жинай?!
Күй бітсе тіршілікте, білді өлерін,
Сүйген жар, сүйікті ұлын жаны қимай!*

*Тоқтамай тарта берді «Өмір әнін»,
Кеміріп жседі уайым «Темір тәнін».
Осы әуен аяқталмай жолай алмас,
Алыстан аңдып ажал бітірді әлін.*

*Бір кезде сәл-пәл қалғып мызгағында
Тойымсыз қу құлқыны құмар жанға
Сұм өлім «қайрақ жылан» кейіпіне еніп,
Зәрлі уын шаққан сәтте кұйды қанға.*

*Осылай Қорқытты ажал жеңді ақыры,
Соңынан қалмай оның алды ақыны.
Алайда музыкасы әділетті
Шайқасын жалғастырды, кем бе ақылы?!*

*Кем емес, түйіні зор пенделерге,
Ән-күйдің зардабына төзген ерге.
Мәңгілік жасампаз кұш – өнер гана,
Бұйырап соны аңсап көздегенге.*

*Десек те, адам үшін ғұмыр құнды,
Әйтеуір, күнелмеді шыбын құрлы.
Өлімге бас имейтін шын құдірет –
Тек өнер екендігін ұғындырды.*

*Сондықтан өнер үйрен заманыңда,
Ізденіп тапқын соның амалын да.
Әрине, алла сыйлар дарыныңды,
Сәттілік жалын атсын қадамыңда!*

*Сондықтан жетілдіргін өнеріңді,
Қайғырма босқа ойлап өлеріңді.
Даналық нақылыңды мұра қылғың,
Ардақта қобызың мен көне күйді!*

ТҮСІНГЕНГЕ КҮН КӨЗІ ОЛ ДАЛАДА (Әбу Насыр әл Фарабиге, 870-950ж.ж.)

*Әбу Насыр әл Фараби мұрасы –
Түпсіз терең көне тарих ұясы.
Асқақтайды Хантәңірі шыңындай,
Талайлардың жетпес, сірә, құлашы.*

*Жетесіз жас баққанына мәз малың,
Тогышар бай ұқпас ұл-қыз азғанын..
Оқуға бұл құлқы да жоқ бірінің
Әл Фараби ғұламаның жазғанын.*

*Сонда жатыр ұлттық жүйе негізі,
Намыссыздық кеселіне ем – ізі!
Десек егер жарасады жымдасып
Мол мұрасы – даналық сыр теңізі.*

*Оңай емес онда жүзу көсіліп,
Құр қарайды көбі айдыңға тесіліп.
Тұрмайды алдан ой маржанын теруге
Жанға жайлы салқын самал есіліп.*

*Аршып әлі көрген жоқпыз көп кенің,
Сезбейміз-ау неі жазып кеткенің.*

*Ойламаймыз дана Абайдың өзі де
Бітіргенін әл Фараби мектебін.*

*Түсінгенге Күн көзі ол далада,
Мәңгі жанған жарық жұлдыз санада!
Жұрт мақтаған Аристотель, Платон
Бола алмайды бабамызға балама!*

*Кім біліпті, қоғамда ма бар айып,
Қалғандай ма шын ғалымдар азайып...
Оның әрбір трактаты – ғылыми
Дүниенің нағыз кілті ғажайып!*

ҒАЛЫМНЫҢ ІСІН ҚҰДАЙ МАЛҒАН НҰРҒА *(Омар Хайямға, 1048-1131 ж.ж.)*

*Күлпыртып гүл өркенін жсайған қырда
Келінті дүниеге май-мамырда.
Жасынан білім қуып ілім жсиган
Ғалымның ісін Құдай малған нұрға.*

*Ол әсем Нишапурын сүйді ерекше,
Сыйлады туган жерге сый бөлекше!
Табиғат аясында үні тылсым
Жамылған жаны түгел жыр-желекше.*

*Ғұлама ақын болған Омар Хайям⁴,
Жүректің сол жсайында сырын жсаям.
Шығыстық жеті жұлдыз ішіне енген,
Жасаған ғылымда да ірі қадам.*

*Толғанып ойға шомған шалғын бақта,
Қиялы мінді шабыт аргымаққа.
«Сауығу кітабын» да Ибн Сина
Тауысып, тәлім алды балғын шақта.*

*Жарқ етті есеп-қисап әлемінде,
Танытты музыканың мәйегін де.
Зерттеді бүкіл әлем кеңістігін,
Берді елге даналықтың дәнегін де.*

4. «Аңыз Адам» журналы (№6(42), наурыз 2012ж.)

*Тағдырдың толғандырар күндіз-кеші,
Барады алға қарай жылжып көші.
Бас идік «Наурыз-нама» кітабына,
Өте дәл Омар Хайям «Күнізбесі»!*

*Шайырдың төрттағаны – нағыз дастан,
Адамның рухани шөлін басқан.
Ғажайып гауһар тасқа айналды ол
Өмірде Омар Хайям бағын да ашқан!*

*Даналық ойға толы әр шумағы,
Әр шумақ мазмұнының бал – құймағы.
Солардан құрастырып ән шығарса,
Тыңдаған көпшіліктің шалқыр жаны.*

*Төрттаған қилы өмірдің айласындай,
Жарқырап тұрған асыл бар ма осындай?!
Бас салып жегің келіп тұрады ылғи
Тәп-тәтті күзгі бақтың алмасындай!*

*Ол кейде тоңдырады қарлы мұзға,
Немесе ұрындырар тәнді құзға.
Ол кейде тіршіліктің қайшылығын
Жасырмай жайып салар алдыңызға.*

*Ол кейде махаббатқа мас қылады,
Ғашықтық дерті меңдеп асқынады.
Ол кейде ойы бұзық пенделердің
Ниетін әшкерелеп жатсынады.*

*Десек те, рубаилары – тың жаңалық,
Бағасы әр шумақтың – бір қаралық.
Жұмыстан қажып, шаршап келгеніңде
Оңаша Төрттағанды тыңда, халық!*

КЕСЕЧЕСІ КЕРЕМЕТ КҮЙ ШЕРТЕДІ
(*Қожа Ахмет Иассауиге, 1068-1167ж.ж.*)

*Қожа Ахмет Иассауи кесенесі –
Ешқашан болған емес көне елесі.
Әдемі сәулет қана деп түсінбе,
Ол – елдің ұлттық иман терезесі!*

*Бармадық осы ойдың байыбына,
Жан қинар тарттық азап – айыбына.
Бойдағы намыссыздық салдарынан
Белшеден баттық батпақ арығына.*

*Қумбездің талқан қылып тас жүрегін,
Алдымен шаштық хандар бас сүйегін.
Қорықпай құдайдан да күнә істедік,
Жарылқап жұртымыздың қаскүнемін.*

*Бұрышқа сырып тастап жайнамазды,
Содан соң қолдан бердік Тайқазанды.
Жалынып Петербордан әрең алдық,
Жегідей жеді әбден ой мазамды.*

*Мәні зор тәрбиелік «Қылуетін»
Келтіріп көрмеген көп бір ретін.
Сезбеген толып жүр гой ортамызда
Шығыстық моншасының құдіретін.*

*Күн санап әлі талай майдандарда,
Күтесіз небір жарқын таңдарды алда.
Сондықтан есті жинап бұдан былай,
Рухы мықты ел болсақ – арман бар ма?!*

АЙША БИБІ МЕН ҚАРАХАН
(Толғау, X-XIII ғ.ғ.)

*Тұрғанда күллі әлемге өрем жетіп,
Тағдырдың сынағынан келем өтіп.
Ежелгі Тараз жері аңызға бай,
Айтайын соның бірін өлеңдетіп.*

*Басынан өтті небір дертті заман,
Бүгінге бүгілместен жетті аман.
Қарахан, Айша бибі, Баба әженің
Мазары жұмбақ күйін шертті маған.*

*Түзеп ап алдын ала жыр көшімді
Шабытқа мінген ақын, ал, көсілді.
Айқожа, лақап аты – Зеңгі баба,
Болыпты соның қызы Айша есімді.*

*Ерекше жаратылған жөргекте әні,
Нұр шаиқан гажайып бір келбетті әрі,
Ақылы көркіне сай заманында
Ондай қыз дүниге келметті әлі.*

*Мін таппай аппақ балғын денесінен,
Түспейсіз махабаттың кемесінен.
Зер салсақ, есімінің өзінен-ақ
Өмірге іцкәрліктің лебі есілген.*

*Біржола құрту үшін қасты інінде,
Келтіріп барлық күшін тас түйінге,
Жан-жақты жүріп жатқан мезгіл екен
Әскердің әзірлігі Шаи⁵ түбінде.*

*Сезімсіз қу тірліктің керегі не,
Елге құт – келгені ердің кемеліне.
Ес-түссіз гашық болған деседі жұрт
Жас батыр Қараханның өнеріне.*

*Байланған қос жанары бұрымына,
Мамырлап басқан аяқ қимылына.*

5. Шаи – қазіргі Ташкент

*Жігіт те ұнатыпты Айша аруды
Мас болып ерке еліктей қылығына.*

*Дұшпанды жеңбей батыр бақ табар ма,
Депті ол жсорыққа осы аттанарда:
«Ажалдан алыс болсам, соғыстан соң
Тартамын Таласқа тік, жатқа барма!»*

*Қор қылма арамзаға таза ерінді,
Пір тұтқын пайғамбардай өз еріңді.
Сүйгенің рас болса, Таразға кел,
Күтемін асылым деп мен Өзіңді».*

*Қыз көніп, екеуі серт байласыпты,
Батырдың қаһарынан жау қашыпты.
Сол екі ортада бұл жыл өткен соң
Жетуге қосағына Айша асықты.*

*Тәңірі айырмаған шат мейірден,
Жолынан Қараханның бақ көрінген.
«Жан әке, қызыңызға батаңызды
Беріңіз ақ жол тілеп пәк пейілмен!»*

*Десе де, арқа сүйеп қу намысқа,
Қимаған қайран әке қызды алысқа.
Былайша теріс бата берген екен:
«Ұқсап қал көні кепкен құр қамысқа.*

*Тілімді алмасаң сен, күл – базарың,
Тілсізден болары анық шын ажалың.
Көлденең көп дарияның алтауынан
Өтсеңде, соңғысынан солды асарың.*

*Сондықтан жете алмайсың дегеніңе,
Брысың жоламайды көгеніңе.
Айналып кеткін мынау табиғаттың
Желегі құрап біткен терегіне!»*

*Алайда Айша оған қарамады,
Жүрегі әке ойын қаламады.
Жанына Баба әжесін ертіп алып,
Бейтаныс талай жерді аралады.*

*Кешірді бастан небір қиындықты,
Соқты алдан құтырылған құйын мықты.
Сонда да төзіп бақты қысымына,
«Тар жол, тайғақ кешудің» мыңын жықты.*

*Қарамай ауырған жан жарасына,
Деп іштей қалдырма жұрт табасына,
Ақыры жетті-ау әбден арып-ашып
«Күркіреу» дейтін дария жағасына.*

*Тараздың төбесі де көрінгендей,
Бар ойы солай қарай бөлінгендей.
Көңілі көншімейтін тәрізді бір
Су кешіп тұла бойы жеңілденбей.*

*Ару қыз қаз омырау төсін керіп,
Пәк тәнін мөлдір суға жуды келіп.
Кестелі киімімен отырды ұзақ
Қызықтап шар айнадан өзін көріп.*

*Сол кезде шаққан жылан қамсыз қызды
Шаттыққа кенелген гүл қалпын бұзды.
Артыниша-ақ ісіп-кепті бейшара ару,
Түңілген шыбын жаннан балтыр қызды.*

*Бұлғады Тараз жаққа әлсіз қолың,
Қу тағдыр аямады нәзік жолың.
Баба әже Қараханға құстай ұшып,
Астарлап жеткізді оған енді жсоғың.*

*-Балам-ау, жсауыңнан еш жасқанбадың,
Атағың жерді жарып аспандадың.
Қайтейін, өз қолымды кесе алмадым,
Ұшқандай бүгін сенің бастан бағың.*

*Қарахан жетті асығып сүйгеніне,
Өзі үшін отқа түсіп күйгеніне.
Өкпелеп тіл тигізді құдайына
Қайғының қара бұлтын үйгеніне.*

*Қалайша алла Айшасын аямаған,
Жүзінен ырзалығы тараман.*

*-Сертіме жеттім, - деді гашық жары
Соңғы рет қимастықпен қарап оған.*

*Сол сәтте күндіз түнге алмасқандай,
Жанарын түгел қаптап шел басқандай.
Жарқырап барып сонді біржолата
Ажары ару қыздың таң Шолпандай.*

*Кесір көп адамдардан ұсақтаған,
Көргенді киесі бар құс атпаған.
Тәңірі қоспаған гүл Айшасының
Сүп-суық денесін тек құшақтаған.*

*Қарахан былай деді жылап тұрып:
«Жібермес ешкім бағын құр лақтырып,
Атандың, Айша жаным, енді бибі,
Үш рет айқайладым құлақ түріп».*

*Содан соң есін дереу жидырады,
Өзі мен қыз некесін қидырады.
Осындай өнегелі әрекеті
Аузына өсекшінің құм құяды.*

*Кемсеңдеп ауыр мұңнан қас-иегі,
Көзіне ағыл-тегіл жас үйеді.
Арулап қойып өлген жеріне бұл,
Айшадай бибісіне бас иеді.*

*Белгілі шығатыны ақыл жасап,
Ескерткіш қоймақ болып асыл тастап,
Жинады бүкіл Дешті Қыпшағының
Бәдізді шеберлерін өнері асқан.*

*Жігіттен жары жаман күй кетеді,
Бәріне өмір өзі үйретеді.
Қостырып түйе жүнін топыраққа,
Сүтіне аруана илетеді.*

*Десек те, қимас жансыз таң да атады,
Тірлікте Айшасымен қалды атағы.
Болмаған бұрын-соңды бұл өңірде
Бір зәулім ескерткішті орнатады.*

*Күнелтпес өз елінен жырақ кісі,
Тап-таза жүру керек бірақ та ісі.
Баба әже өле-өлгенше ақ Айшаның
Басында болған дейді шырақшысы.*

*Баба әже – сонысымен асыл ана,
Шындығын көне тарих жасыра ма?!
Еңселі ескерткішті тұрғызыпты
Қарахан ол кісінің басына да.*

*Оңаша екі көзден жас ағызған
Не түйдік көкірекке осы аңыздан?
Алатын тағылым мол біздер үшін
Атанған нағыз бибі Айша қыздан.*

*Ойларға жетелейді қилы бөтен,
Құдай да сол қабағын бұрды ма екен?
Неліктен душар болды кесапатқа,
Қарғысы әкесінің ұрды ма екен?*

*Мұхитта мінген жандар бір кемеңі
Неліктен мың құбылған түрге енеді?
Айшадай болса, шіркін, қыздың бәрі
Махаббат патшалығы гүлденеді.*

*Тәтті сыр аруларға арналады,
Түн – жігіт Ай – жүзінен аймалады.
Айшадай болса, шіркін, қыздың бәрі,
Бар бойдақ қызығына байланады.*

*Біреулер таяқ жейді ашықтықтан,
Біреулер тайраңдайды насықтықтан.
Айшадай болса, шіркін, қыздың бәрі,
Жер беті құлпырады гашықтықтан.*

*Қашаннан таудан аққан бұлақ тұнық,
Сұрайды жаман құнын бір аттылық,
Айшадай болса, шіркін, қыздың бәрі,
Салтанат құрар еді-ау тұрақтылық!*

*Болмайды елге тұлға жанын күткен,
Тоздырып жібереді бағын тіптен.
Жігіттер болса, шіркін, Қарахандай,
Бақытты өмір сүрер ару біткен.*

*Біреулер бейім тұрар таршылыққа,
Біреулер зорлық қылар тал шыбыққа.
Жігіттер болса, шіркін, Қарахандай,
Жер беті тұнар еді-ау жақсылыққа.*

*Оңбайды ылаң құған өртке жерік,
Бермейді ондай жандар бетке көрік.
Жігіттер болса, шіркін, Қарахандай,
Патшалық құрар еді-ау сертке берік.*

*Нық ұстар қолы мығым керегені,
Көз тастар болашаққа ойы өрелі.
Жігіттер болса, шіркін, Қарахандай,
Елімнің көсегесі көгереді.*

*Ізгілік дәнін жерге сепкен бірдей
Адамның күні шуақ көктеміндей.
Болса егер ана атаулы Баба әжесей,
Сөнбейді шырағымыз көкте Күндей!*

*«Қарахан – Айша бибі» аңызының
Бойладық байыбына маңызының.
Көзіме елестейді қос қаһарман
Өзіндей болып тарих абызының.*

*Осындай ойға келдім ақырында,
Сайраған ізі жатыр ақылымда.
Қарахан, Айша бибі, Баба әжеміз
Халқының мәңгі жасар нақылында!*

*Тыңдаған құдіретті күйді мұндай
Алдында тұра алмайды құлдық ұрмай.
Қарахан – Айша бибі махаббаты
Жастарға ғашықтықтың символындай.*

*Болса егер ерекше ыстық өз ошағы,
Айшадай сүйсе жарын ер қосағы,
Жүреді жас жұбайлар шырайланып,
Бақытты күн кешеді болашағы!*

БӘЙДІБЕК БАБА – БӘЙТЕРЕК
(Қарашаұлы Бәйдібекке, XI-XII ғ.ғ.)

*Тарайтұғын текті атасы – Үйсіннен,
Жарқыраған кең маңдайын Күн сүйген!
Ұрпақтарын «Жеті арыс ел» жасаған
Бәйдібекке қалың қазақ сүйсінген!*

*Қайырмасы:
Бәйдібек баба – Бәйтерек,
Есімін оның айт ерек!
Марау мен Зеріп, Нұрила –
Киелі ана бәрі де,
Қонған шын басқа бақ дер ек!*

*Жүзінде жарқын – нұрлы иба,
Мақтаныш еткен елі де,
Жеті ұлы – нағыз ер жүрек,
Бәйдібек баба – Бәйтерек!*

*Қас-дұшпаны ата жұртты шулатқан
Қаймығыпты арғымағын тулатқан
Сары үйсін мен Шапырашты, Ыстыдан,
Ошақты мен Албан, Суан, Дулаттан!*

*Өмір мәнін терең бойлап ұққанбыз,
Небір ауыр қиындықтан шыққанбыз.
Желеп-жебеп Бәйдібек би бабамыз,
«Бақтиярлап» жсаудың туын жыққанбыз!*

ЫСТЫ БАБАМ

(XII-XIII ғ.ғ., әнге лайықталған)

Әнін шығарған – Құдиярбек Ағыбаев.
Сөзін жазған – Зернебек Шілдебайұлы.

Туған жердей құшағы ыстық анам –
Сыландыға құс болып ұшты санам.
Тарайтұғын тамыры Бөйдібектен
Жәлменбеттің өрені – Ысты бабам!

Қайырмасы:
Бабам, бабам, бабам ^{2 рет}
Дарыған қасиетің.
Данам, данам, данам,
Жүректе – өсиетің!

Бауырым деп қазақтың бар баласын,
Ешқашанда бөлмеген алты алашын.
«Жауатар!»- деп жау шапса ұрандаған
Ұрпағына қалдырған кең даласын.

Шыққан тұлға ыстыдан жеткілікті,
Кім білмейді текті Ойық, бек Тілікті?!
Атақты ақын Майкөттің мысы басым,
Пір санаған шешендер Бөлтірікті.

Бабамыздың ырыс-құт айналасы,
Даңқын көкке көтерген ер баласы.
Соның бірі – Қонайдан Дінмұхамед –
Адалдықтың айнасы, ел данасы!

АМАЛСЫЗ ҰЛЫҢ ІШТЕЙ САҒЫНАДЫ
(*Ойығыма, XV-XVI ғ.ғ.*)

*Қашанда тоймай қарар ойыныма,
Жаһанда жер жетпейді-ау Ойығыма!
Төсінде ерке Талас сылаң қағып
Заулайтын мені алып қойынына.*

*Кеңінен сыр тиегін ағытайын,
Мінгенмін талай тұлпар, жабы, тайын.
Тулаған Құлагерін ер кеудемнің
Жыңғылды жырасынан қарғытайын.*

*Есімде балалық шақ асық атқан,
Таласым арнасынан тасып аққан.
Өтуге арғы бетке жүзіп еркін
Қорқақтың жүрексініп басы қатқан.*

*Есімде ауылды да су басқаны,
Адамы әбігер боп шуласқаны.
Сазаны асыр салып жалт еткенде
Қызығып көзін тіккен нұрлы аспаны.*

*Бүгінде суы да жоқ баяғыдай,
Жылтырап өрең жеткен аяғына-ай.
Қинала көшкен қаңғып жұрт қалаға,
Базардан тауып жеп жүр тамағын-ай.*

*Қалғаны ата-атаға бөлініпті,
Ертеңін елестете алмай көңіл күпті.
Шығыны егінінің еңсені езіп,
Малының ыңыршығы көрініпті.*

*Байқаймын, күйі төмен ел жүдеген,
Алауыз тіршілігі жанды жеген.
Үйінде отағасы бала бағып,
Жастары жұмыс таппай тентіреген.*

*Соны ойлап, жаным қатты ауырады,
Білмеймін, емі қашан табылады.
Қол ұшын беруге бұл шамам келмей,
Амалсыз ұлың іштей қамығады,
Амалсыз ұлың іштей сағынады...*

САРҒАЙҒАН САҒЫНЫШЫМ САНАМДАҒЫ
(*Ойығыма, XV-XVI ғ.ғ.*)

*Өткен бұл бал дәурені ақ шаңында
Ерке ұлық қыздырынып жатса құмда,
Анамдай елжіреген мейір төгіп,
Ойығым, қақтым қанат аспаныңда!*

*Қайырмасы:
Жас шақта қанбай ойыным,
Есейдім сенде, Ойығым!
Жағасы Талас – сахна,
Мөлдiреп піскен мойылым.
Қараймын сұлу өмірге,
Ғажайып қандай қойылым!*

*Сырым бар асау тайдың шылбырында,
Қыздардың күлкісінің сыңғырында!
Жантақтың инесінің ұшында ойнап,
Ойығым, көп жүгірдім гүл қырыңда!*

*Сарғайған сағынышым Санамдағы,
Өзің ең Шолпан жұлдыз даламдағы!
Дарытқан дарыныңның арқасында
Мәңгілік жүрегімнің жанар бағы!*

ОСЫНЫҢ ӨЗІ – САБАҚ ЖАС ҰРПАҚҚА
(Тілік бабама, XVI ғ.)

*Тарихтың көз жіберсем қойнауына,
Қызықты дерегі мол ойлауыма.
Өзіме белгілесін сөз етейін
Тисін деп оңайырақ бойлауыма.*

*Ыстының⁶ жолы ауыр ұрпағымын,
Жеткізбес желдей жүйрік тұлпарымын.
Тырайтын қызғаныштың қызыл иті,
Өшіккен біреулердің құртарымын.*

*Шынайы мұқтаждарға шын ақылмын,
Ешкімге дес бермеген ірі ақынмын.
Үш бабам - Ойық⁷, Тілік⁸, Сызық⁹ қолдап,
Жаны қас жалғандыққа сұрапылмын!*

*Ішінде бек Тілікке тоқталайын,
Ас берді қолы қысқа, жоқта ағайын.
Осының өзі – сабақ жас ұрпаққа,
Араға бауырмалдық от жағайын.*

*Бәрі бар Тілікте де сұрасаңыз,
Құлағын Қалмырза¹⁰ бай бұраса – аңыз.
Күзербай¹¹, Мөлке¹², Жәкел¹³, Қарқабаттар¹⁴
Билігі шежіре ғой, сірә нағыз!*

*Бұлардан Шоқай датқа¹⁵ қалыспайды,
Көріпкел Шақан¹⁶ өзін таза ұстайды.
Бата алған Шоқай датқа Жайлаубайдан¹⁷
Бердібек датқа ел деп намыстанды.*

6. Ысты – ұлы жүз руы.

7. Ойық – Ыстының үлкен ұлы.

8. Тілік – Ыстының ортанышы ұлы.

9. Сызық – Ыстының кенжесі.

10. Қалмырза Жаңабайұлы – ірі бай, көрнекті тұлға.

11. Күзербай би.

12. Мөлке би.

13. Жәкел би, әулие.

14. Қарақабат би әрі ірі бай.

15. Шоқай датқа әрі шешен кісі

16. Көріпкел Шақан – әулие.

17. Жайлаубай – әулие, шешен кісі.

**Сеңкібай¹⁸, Шөңірек¹⁹ пен Қосай батыр²⁰
Артында із қалдырды іске татыр.
Шерімбет²¹, Тәжібай²² мен Досай билер²³
Ел жұрттың кәдесіне жарады ақыр.**

**Атақты сөзге шешен Майкөт ақын²⁴
Болыпты тірлігінде жұртқа жақын.
Зор мерей қырғи тілді Асқардың²⁵ да,
Нысанбек²⁶ би-шешеннің ақтады атын.**

**Төменде еңбегі шын өтелгендер –
Жалынды жанарынан от өргендер.
Бәйдібек²⁷, Ыслан²⁸, Айтбай²⁹, Пернебайлар³⁰ –
Халқының мәртебесін көтергендер!**

**Бейсенбай³¹, Жансейіт³² пен Ашықбайлар³³
Халқынан алатұғын алғысты ойлар.
Шәріпбек³⁴, Мырзақәрім³⁵, Сағындықтар³⁶ –
Шындықтың жолында нық тартысқандар.**

18. Сеңкібай батыр Өтенұлы (XVIII ғ.).

19. Шөңірек батыр Бойтаұлы.

20. Қосай батыр.

21. Шерімбет би Өтегенұлы.

22. Тәжібай би Болатұлы.

23. Досай би.

24. Майкөт Сандыбайұлы – суырыпсалма, атақты төкпе ақын.

25. Асқар Тоқмағамбетов - қырғи тілді ақын.

26. Нысанбек Төреқұл – әдебиетші ғалым.

27. Бәйдібек Төлөпбаев – ірі ғалым.

28. Ыслан Тоқбергенұлы – Еңбек Ері.

29. Айтбай Назарбеков – бұрынғы Мойынқұм аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы.

30. Пернебай Әбубәкіров – бұрынғы аудан әкімі.

31. Бейсенбай Шыңәлиев – атақты кенші, екі мәрте КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты.

32. Жансейіт Түймебаев – бұрынғы білім министрі, қазіргі Түркиядағы елші.

33. Ашықбай Әбдіқасымұлы – «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, Түркістан, Сайрам аудандарының Құрметті азаматы.

34. Шәріпбек Жамалбеков - Мақтарал, Бәйдібек аудандарының Құрметті азаматы, халық қалаулысы.

35. Мырзақәрім Алышбаев - медицина ғылымдарының докторы, Кентау қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанға еңбегі сіңген қызметкер, бас уролог.

36. Сағындық Ордабеков - медицина ғылымдарының докторы, журналист жазушы.

**Серікбек³⁷, Әбдіманан³⁸, Төлегендер³⁹ –
Терімен маңдайының төледі ерлер.
Болатхан⁴⁰, Әлихан⁴¹ мен Аян⁴², Тұрсын⁴³ –
Шаттыққа туган елін бөлегендер.**

**Жуытпай маңайына мәлім кекті,
Қашанда жарылқасын Тәңір көпті.
Біледі ел Тәкен⁴⁴, Әшір⁴⁵, Бекайдарды⁴⁶,
Бақтияр⁴⁷, Арынбек⁴⁸, пен Әділбекті⁴⁹.**

**Жұмағын іздемеген басқа өмірдің,
Ісі үлкен Айдос⁵⁰, Қалтай⁵¹, Тастемірдің⁵².
Молдабек⁵³, Шаяхмет⁵⁴ пен Сайлаубектің⁵⁵
Еңбегі құлпыртты оңін тасты оңірдің!**

**Сойылын соққан ылғи көп түріктің,
Көрсеткен өнегесін тектіліктің,
Осындай заты асыл азаматтар
Ерлер емес еді тек Тіліктің!**

**Солармен мақтанамыз бұл өмірде,
Қасиеті, қадірі – жүрегімде!**

37. Серікбек еркінбекұлы – тарихшы шежіреші.

38. Әбдіманан Көпбергенев – бұрынғы аудан әкімі, халық қалаулысы.

39. Төлеген Әлтайұлы Жұмабеков – Медицина ғылымдарының докторы, академик,

40. Болатхан Махатов – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, ғылыми-зерттеу институтының басшысы.

41. Әлихан Манашев – кәсіпкер, айтулы азамат.

42. Аян Нысаналин – ақын.

43. Тұрсын Ақанов – кәсіпкер, айтулы азамат.

44. Тәкен Әлімқұлов – көрнекті жазушы.

45. Әшір Бүркітбаев – бұрынғы бірінші ректор.

46. Бекайдар Жүсіпов – бұрынғы Өділет министрі.

47. Бақтияр Әжібеков – ел ағасы, айтулы азамат.

48. Арынбек Ойшиев – Қонаев қорының президенті, атақты құрылысшы.

49. Әділбек Байбатырұлы – 25 жыл болыс болған.

50. Айдос Мұратұлы – боксшы, Қазақстан жеңімпазы.

51. Қалтай Бектасов – Қазақ ССР-ның екі мәрте Жоғары Кеңесінің депутаты.

52. Тастемір Байқабылов – әскери-медицина полковнигі.

53.. Молдабек Құлахмет – педагогика ғылымдарының докторы.

54. Шаяхмет Молдабеков – техника ғылымдарының докторы.

55. Сайлаубек Естайұлы Жұмабек – әдебиетші- сыншы.

*Жар салып кейінгіге үлгі етемін,
Жүреді бәрі түгел тілегімде!*

*Сондықтан бек Тілектің гұмыры ұзақ,
Басына қонған барлық ұл-қызы – бақ,
Бет алған шетсіз, шексіз сапарында
Мәңгілік жақсылықтың жұлдызы жақ!*

БҮЛ ТӘМСІЛДЕ ТЕРЕҢ ОЙ БАР КӨЗ ЖЕТПЕС
(Асан қайғы Сәбитұлына, XIV- XV ғ.ғ.)

*Жүрегінде жатыр үні гажаптың,
Сыры естілер Жұмақтың да, Тозақтың.
Асан қайғы Сәбитұлы⁵⁶ бабамыз-
Біткен Абыз маңдайына қазақтың!*

*Сүйді ерекше Қызылорда өлкесін,
Кие тұтты қасиетті жер төсін.
Шиелінің тілін бойға сіңіріп,
Жырлап өтті Сырдария еркесін.*

*Қойса да бұл тағдыры бір жарытпай,
Ақыл-ойын тұра алмас ер танытпай.
Өз халқының бақыты үшін бозбала
«Жер үйекті» іздеді әбден жалықпай.*

*Дүниенің төрт бұрышын кезгенде
Желмаясы – жанға серік, ем – демге.
Қанатының арқасында осындай
Шабыттанды гүлді өңірді көргенде.*

*Ел дегенде ар-намысы қайралған,
Мойымады тосса да зіл қайғы алдан.
Барар жерге сүріндірмей жеткізген
Желмаяның аты аңызға айналған.*

*Сол нарымен атырапты шарлады,
Шөбі шүйгін қонысты көп барлады.
Көңіліне ұнамады бірі де,
Жаудан жырақ аймақты алыс таңдады.*

56. «Аңыз Адам» журналы (№24(84), желтоқсан, 2013ж.).

*Бірақ ондай жасыл бау-бақ табылмай,
Табан тозып, ертелі-кеш сабылды-ай.
Бірде-бірі сүйсіндірмей жанарын,
«Барар жері, басар тауы» тарылды-ай.*

*Сонда да ол үзбеді үміт ертеңнен,
Ұлт бақыты жолында арман өртенген.
Тіршілігін сарп етті тек сол үшін
Арлы азамат көрінетін серті өрден.*

*Шарлағанда «Үш Алматы» алқабын
Депті болжап алдын ала айтарын:
«Ырысы мол сарымсағы сабаудай,
Тоятындай иісіне нән қарын.*

*Бүлдіргені бүйректей-ау – терсеңіз,
Ал алмасы жүректей-ау – көрсеңіз.
Қимасамда гажап тәтті жемісін
Жерұйыққа жарамды-ау - сенсеңіз».*

*«Жайлы орын – Шымкентте, Сайрамда,
Халқы ырза шұбат, қымыз, айранға.
Екі басса – болатұғын бір базар
Малында бір береке жоқ, таңқалма.*

*Екі басса – бір мазарлық басында
Берекесі жоқ ауылдың, расында,
Мал базары жақын болса – байымас,
Кобеймейді мазары бар қасында», -*

*Деген ойы толгандырды адамды,
Тойындырды жатып ішер сараңды.
Көбі бірақ оның түпкі ниетін
Түсінбеді, қаралады адалды.*

*Су ішкенде өзенінен «Шідерті»
Жазылғандай денесінде қу дерті.
Депті сонда сәуегей ақ пейілмен:
«Топырағы құнарлы екен, жер көркі.*

*Алты ай бойы арықтаған атыңыз
Бір айда тез семіреді, сатыңыз.*

*Тоқтайды екен шідерленген жылқыдай
Бос асау тай, қызығына батыңыз.*

*Бірақ жұмақ Жерұйыққа балама
Бола алмайды, тірегіңе санама.
Өйткені қас қысастығын жасайды
Кіріп алып, тіпті, жақын араңа».*

*Осылайша Асан ата сандалып,
Елі үшін алғыс емес, қайғы алып,
Жетпей кетті-ау мұратына көздеген,
Болжамына жұрты жатты таңданып...*

*Сәбитұлы арманымен өзектес
Бұл тәмсілде терең ой бар көз жетпес.
Көрді өзінің сырқатындай ел мұңын,
Ал қазіргі байлар ұлтын сөз етпес.*

ТӨБЕ БИ

(Әлібекұлы Төле биге, 1663-1756ж.ж.)

*Төбе би – ауыр атақ қай заманда,
Сынақтың көкесі сол ойлы адамға.
«Бір сырлы, сегіз қырлы» атапбасаң,
Менсінбей қарайтындай айналаң да.*

*Осындай лауазымға қолы жеткен -
Кәдімгі туган Төле⁵⁷ Әлібектен.
Әрдайым тектілігі алға сүйреп,
Естілді саңқылдаған үні көктен.*

*Содан соң көсем болды ел бастаған,
Шешендік тілі дауда мұлт баспаған.
Шебері көркем сөздің - нағыз ақын,
Ешкімнің одан, сірә, бағы аспаған.*

*Екі елді елшілігі елдестірген,
Жаралған ер жүрегі сөнбес Күннен.*

57.. Ұлы жүздің биі.

*Алдында қаһарлы хан, ежелгі жсау
Қашанда ар-намысы теңдестірген.*

*Тірліктің жетік ұғып ақ-қарасын,
Ұлтының әдет-ғұрпын, салт-санасын
Меңгеріп терең білген ірі ғалым,
Қадірлеп дәріптеген бақталасын.*

*Қоғамның ішкі-сыртқы саясатын,
Өмірдің бел-белесін жан асатын
Басынан кешкен талай еш мойымай,
Шығарып қайраткерлік тамаша атын!*

*Киелі, тағалымды арлы иманын,
Жырауым, шабыттанып, ал, жсырлагын!
Тұсында өз Тәукенің жазды жсатық
Негізін «Жеті Жарғы» - заң жсинағын!*

*Сезетін бір көргеннен сырыңды анық,
Жасырған оған әрбір жсырың қанық,
Пенденің мінез-құлқын құбылмалы
Танитын қасиеті – күндей жарық!*

*Жұмбақ би ашылмаған мол шындығы,
Тапталған табанында жсау сұмдығы.
Жер жүзін тамсандырған дүниеде –
Болжайтын болашақты ойшылдығы.*

*Жақсылық жсасауға ол тойынбаған,
Берсін деп тілейді әркім жсолын маған.
Әйтеке, қаз дауысты Қазыбектер
Төленің әділдігін мойындаған.*

*Түбінде шындық жсатыр жалпы аңыздың,
Жайылған даңқын оның айтамыз мың.
Бас иген ақылына хан Абылай
Есімін мақтан тұтып қарт абыздың!*

*Сондықтан би есімі мәңгі бізбен,
Іздеген әнді - жсздан, мәнді - күзден.
Нар жсонды, зор дауысты, қара кісі
Көз салған келешекке нұрлы жсүзбен!*

КӨШЕЛЛЕР КЕЛМЕСЕ, ТАҢ АТПАЙДЫ
(Болтірік Әлменұлына, 1771-1854ж.ж.)

*Тік мінезді, кулардай құбылмаған
Өзің жайлы жыр жазу қиын маған.
Сегіз қырлы, бір сырлы аруақты жан,
Бабам, бағың біздерге бұйырмаған.*

*Бұйырмаған, қайтейін, амал бар ма,
Жерге бірдей Күн нұры таралған ба?!
Қайран халқың қор болып жаутаңдайды,
Түрі қазақ, шала тіл надандарға.*

*Ақылың зор кісі едің заманыңда,
Тани білдің сан алуан адамын да.
Тәрбиелі, тәлімді ісің жатыр
Күнделікті әр басқан қадамыңда.*

*Пірімдейсің, елімнің көрегені,
Жастайыңнан үйрендің өнегені.
Қабырғаңды тастады қайыстырып
Қиратқаны есердің керегені.*

*Ақындығың жұртыңды тамсандырды,
Ару қызға Үкідей ән салдырды.
Сөзден жығып құшаққа қысқаныңды
Хадишадай періштең аңсап жүрді.*

*Көмейіңнен отты жыр құйылғанда
Қанат бітіп кеткендей дүйім жанға.
Аңғартатын сияқты гажап сырды
Дем бергенің кезінде Сүйінбайға.*

*Батырлығың кем соқпас ешкімнен де,
Өзіңді-өзің баулыдың ес білгенде.
Шаңырақта шалқайып жата алмадың
Жау дүбірі алыстан естілгенде.*

*Ел үмітін ақтауға жарампаған
Ездігімен жүректі жаралаған.
Ерлігіңді Сыпатай, Ағыбайлар
Қадір тұтып, ерекше бағалаған.*

*Кейінгі ұрпақ табынып бас иетін
Үлкен өмір мектебі – өсиетің.
Қырғыздарды барынша бауыр қылды
Бойыңдағы елшілік қасиетің.*

*Ділмарлығың галамат ұғымымда,
Жеңілмедің мықтыдан гұмырыңда.
Қара қылды қақ жарып әділдігің,
Жанып өттің биліктің тұғырыңда.*

*Қызыл тілдің өртіне күйіп кеткен
Өр мінезің Өзіңді сүйікті еткен.
Тиген жерін алмастай тіліп түсер
Өткір сөзің ел ойын биіктеткен.*

*Жұмбақ күй бар сөзіңнің астарыңда,
Жол табасың тұйықтан қас қағымда.
«Жеті Жарғы» атанған Сіздей кісі
Тумайды енді шешендік аспаныңда.*

*Сіз арқылы ойлаймын бүгінгіні,
Әкімдерден халқыңның түңілді үні.
Байлыққа құл пақырлар талтаңдайды,
Қазағыңның өнерлі бүлінді үйі.*

*Кім түсінді хас тұлпар шабысыңды,
Балаңның да талайдан сағы сынды.
Сөз қадірін ұқпайтын жетесіздер
Мансабымен таптамақ намысымды.*

*Бабам, менің арман көп көкейімде,
Ұлтың әлі күштінің жетегінде.
Әлде соған қолымды бір-ақ сілтеп,
Өзің жаққа алаңсыз кетейін бе?*

*Кетейін бе, білмеймін, кешір мені,
Иесіз ел - кең жайлау төсіңдегі.
Тексіздердің опасыз қылығынан
Қазағымның тағдыры шешілмеді.*

*Шешілмеді, тағдыры қыл үстінде,
Алтыбақан алауыз, ұрыс күнде.*

*Өзге тілде күйқылжып сайрайтындар
Бітірмеді елүлі бір іс мүлде.*

*Солар қазір қазанның құлағында,
Шаруасы жоқ тіліңде, құраныңда.
Лауазымын бәрінен қымбат санар
Намыс оты өшкендер шырағында.*

*Жатып алды кесірдей жолымызда,
Қараңғылық түні орнап ойымызда.
Іш қазандай қайнайды, осылармен
Күресуге дәрмен жоқ бойымызда.*

*Шіркін, бабам, сен жүрсен арамызда,
Бір сілкініс жасар ең санамызда.
Ал әзірше әліптің артын бағып
Күн кешуде қаламыз, даламыз да.*

*Тілден безген жырыңды жаратпайды,
Имансыздар жақсылық таратпайды.
Солай, бабам, Өзіңдей жөн білетін
Көшелілер келмесе, таң атпайды.*

БӨЛТІРІК ШЕШЕН *немесе Димекеңнің рухы*

*Қайран қазақ көрді небір көсемді,
Тағдырының ыңғайына төселді.
Қостым жырга Қазақстан халқына
Ортақ тұлға – Бөлтіріктей шешенді.*

*Әркімге ыстық өмір сүрген заманы-ау,
Білмей сөйлеу – дүниенің жаманы-ау.
Енді-енді танып келе жатырмыз
Жан сырыңды, жүрегіңді, бабам-ау!*

*Ақиқаттың ақ жолында бұлтағың
Болған емес, тек шындықты шырқадың.
Димекеңнің туып-өскен жерінде
Қойды ескерткіш Өзіңе арнап ұрпағың.*

*Сол ескерткіш Бақанапта ашылды,
Құрметіне газжап шашу шашилды.
Тобесіне көтерді елің тік тұрып
Ойы биік Сіздей шешен асылды.*

*Оған куә – мазмұнға бай мұраңыз,
Одан ылғи біз нәр алып тұрамыз.
Бір-ақ ауыз сөзбен шешкен ер құнын
Ерлігіңіз – кейінгіге жыр-аңыз.*

*Жұлдызыңыз жарқырады көгінде,
Соны ерекше қастерлейді елің де.
Жұрт есінде қалған сөзі көбірек,
Дәл Өзіңдей шешен, тіпті, аз өмірде.*

*Бұған ешкім келтіре алмас күмәнің,
Сөзіңізден табу қиын, сірә, мін.
Қолымызға тиген осы сый кітап
Шырқайды анық Әділеттің шын әнін.*

*Шешендіктен жаратылған тағыңыз –
Димекеңе бұйырған зор бағымыз.
«Сөз киесі – иесінде» дегені –
Бізге өсиет, адастырмас шамымыз.*

*Ерді жауыз ұстай алмас бұғаулап,
Ондай пақыр қаңғып кетер қараулап.
Қуанғаннан халқына ырза Димекең,
Жатқан шығар орынынан бір аунап.*

*Еске алғам жоқ мұны бекер мен бүгін,
Ар алдында есеп берер келді күн.
Зер салсаңыз, көтергендер санаулы-ақ
Бөлтекең мен Димекеңдей ел жүгін.*

*Өйткені олар қызықпады байлыққа,
Бар жиганын шашты бірдей халыққа.
Өз ұлтының бақыты үшін күресті,
Ал, өздері сыймай кетті-ау қалыпқа...*

*Көшкенімен екі арада құм жылдар,
Біледі оны ор балқаштық тұрғындар.*

*Сондықтан да қос алыпқа бас иіп,
Тәу етеді тойға келген ұл-қыздар.*

*Созан қарап жаным менің сүйінді,
Тілегімді білдірейін түйінді.
Ескерткішің құтты болсын, ағайын,
Тәрбиелер жас ұрпақты бүгінгі.*

*Әлі талай Тәуелсіздік жолында
Мұң кешсең де, баба арманын орында.
Айналдырғын мәңгі тәлім беретін
Киелі де қасиетті орыңға!*

БӨЛТІРІК ШЕШЕН МЕН ТЕЗЕК ТӨРЕ ЕСКЕРТКІШІ

*-Уа, ағайын!
Тарихи зор оқиға болды бүгін,
Азаматтар көтерді нардың жүгін!
Бөлтіріктей көсемін еске алды елі
Сөйлей білген түсіріп сөздің түбін!*

*Құдай қолдап, бұйырған мол несібе
Бабам барда қысылам мен несіне?!
Кеіен атам кезінде сипаттаған
Тоқталайын келісті бейнесіне.*

*Бір жұрттар бар ері жоқ іске татыр,
Бір жұрттар бар құны жоқ қара бақыр...
Сөзді табан астында тауып айтқан
Әрі шешен, әрі ақын, әрі батыр –*

*Кім білмейді Болтірік Әлменұлын,
Шашып өткен гажайып елге нұрын?!
Әділдігі айналған аңызға абыз,
Өспейді анық тап-тақыр жерде құлын!*

*Қалдырмаған артына босаң ізді,
Ізгілікке баулыған қасаң бізді,
Селдір сақал, көзі өткір, жедел жүріс,
Орта бойлы, кісі екен ашаң жүзді.*

*Жау іздемей, дос тапқан басқа ауылдан,
Аямаған жәрдемін тас бауырдан,
«Жеті жарғы» атанған заманында,
Сүрінбеген жеті сын – тосқауылдан*

*Шешендігін бабамның ескермеген
Қалып қойған шаң қауып көш-керуеннен
Құнанбайдай қажыны тілден жеңіп,
«Алтын емел» дауында дес бермеген*

*Жастай мәлім болған шын тұлпарлығы,
Әлемге ерте танылған сұңқарлығы
Бөлтіріктей бабама ұқсаған-ау
Жүрегімнің жырга ыстық құштарлығы!*

*Өсиеті тастағы елді ойлатқан
Бабамызға әдемі белгі орнатқан –
Әкім Серік Әбікенұлына біз
Қол соғайық ырзалық күйді ойнатқан!*

*Жарқырата көрсетіп көнемізді,
Биіктеткен Үмбетов өремізді!
Ұрпаққа үлгі – тәлімді онегесі
Ұлықтаған Тезектей төремізді!*

*Бай мұрасын Бөлтірік би, дананың
Қазып алған кеніндей кең даланың
Ардақтайық еңбегін ұлағатты
Дәдебайдың баласы – Жангараның!*

*Тартып туган өзіне бабамыздың,
Айбарындай қалғыған санамыздың,
Көш бастаған ерекше серкелігі
Біртанұлы Амантай ағамыздың!*

*Сағыныштан сарғайып жатқа келген,
«Жылайды екен өлгенше кеткен елден».
Бұл нақылын Бөлтірік бабамыздың
Ұқпаған жан түбінде тақтан өлген..*

*Алтын көпір бүгінге кешегіден –
Тезек төре Бөлтірік шешенімен*

*«Алтын емел» жерінде мәңгі бірге
Сүреді өмір сырласып ұлы елімен!*

*Сондықтан да, халайық, мән бер ойға,
Қуанышқа кенелдім көрген бойда.
Қос бабамның аруағы желеп-жебеп,
Жанды бағым осындай үлкен тойда!*

*Талдықорған - Алтын емел
15.10.2010ж.*

БӨЛТІРІК ШЕШЕН

*Әнін шығарған – Әбиірбек ТІНӘЛІ.
Сөзін жазған – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.*

*Келдік, бабам, аруағыңа сиынып,
Тәу етіп тұр жұртың түгел жиылып.
Жатқандайсың орыныңнан бір аунап,
Топырағы Таласыңның бұйырып.*

*Қайырмасы:
Айтқан сөзің жсорықта
Алдаспаны еріңнің.
Қуат берген халыққа
Қасиеті жеріңнің.*

*Ұлы тойың,
Ұлы тойың,
Ұлы тойың Ойықта
Басын қосты,
Басын қосты,
Беу, баба, еліңнің!*

*Тар заманда табаныңнан сыз өткен
Ел қайғысы жарып шықты жүректен.
Шешендігің – даналықтың дауасы,
Көсемдігің татулықты ту еткен!*

*Жарастырып қазақ, қырғыз арасын,
Біріктірдің үш жүзіңнің баласын.*

*Қарлығаштай қанатыңмен су септін,
Жаудан қорғап ата-баба даласын.*

*Билігіңе басын иген тасыған,
Ерлігіңе еліктейді жас ұлан.
Будан соң да жүрсін сыйлап бір-бірін
Дәм татқандар осы тойдың асынан!*

ТУЛАДЫҢ ТОРДА БАРЫСТАЙ
(Махамбет Өтемісұлына, 1803-1846ж.ж.)

*Айбарлы жүзі сұстанып,
Қараған кезде қаһар бет
Жаныңды қояр жер таппай,
«Ермесем саған – маған серт,
Өтемісұлы Махамбет»⁵⁸, -
Деп іштей қайрап Өзіңді,
Бұғаулап ұстап сезімді,
Туладың торда Барыстай!*

*Сол сәтте бойға күш дарып,
Дейтіндей біздің қатарға от,
Құрысын болған қаңбақтай.
Асқынса жүкқан қалың дерт,
Кетеді бәрін жайпап орт.
Байларың боздап егіліп,
Жігері құмға көміліп,
Өртеніп жанар қамысқа-ай.*

*Махамбет ерді ойлама
Біреу деп жүрген қатарда,
Әкесі оның би болған!
Аяған жауын атарға,
Қимаған Күнді батарға!
Атадан туған он еді,
Жер қайысқан қол еді
Тізіліп бірге тұрғанда!*

*Жеңісті ерте тойлама,
Опасыз шығар сатарға,*

58. «Аңыз Адам» журналы (№39 (21), мамыр 2011ж.)

*Бірліксіз, сірә, кім оңған?!
Жоғалып дәмі татарға,
Кезікті-ау мисыз шақарға.
Сыйласа құдай бір күні-ай,
Күлі де қалмас, шіркін-ай,
Қосылып он ұл ұранда!*

*Көздемей жеке пайдасын,
Елі үшін жаны жаралды
Құлқынды қойды арқандап,
Шуағы жұртқа таралды,
Жақтады ары адалды.
Жатса да мейлі тас қаптап,
Талабы таудай асқақтап
Жүрді ылғи батыр бабында!*

*Асырып сұмдық айласын,
Алдында тұрған қамалды
Жау алды алдап талқандап.
Құтылар таппай амалды,
Иттерге қасқыр таланды.
Өзі еді-ау нағыз майдангер,
Қапыда қалды-ау Қайран ер
Толысқан кемел шағында!*

*Тайманның ұлы - Исатай
Намысын жауға бермеген
Серігі еді сенімді.
Зорлыққа ешбір көнбеген,
Жамандық жасап көрмеген,
Құлашты сермер қиынға
Арыстан еді-ау, шынында,
Құбылма сол бір заманда!*

*Берсе егер Алла мұрсат-ай,
Айтқанға көңіл бөлмеген,
Сындырған тарпаң белімді,
Исатай ерді «Мен» деген,
Үміттің отын сөнбеген
Жебедей үшкір жауға атып,
Барынша көкте лаулатып
Жандырар едім табанда!*

*Тәңірге мынау не дейін
Жақсылығынан айырған
Бірбеткей мендей жампозды?!
Қанатын қырқып майырған,*

*Тауын да шағып қайырған,
Шыңдалған балқып құрыштай,
Айбыны асқан ұрыста-ай
Бір пәсте қиды желкемді.*

*Тағдырыма бұл көнейін
Үстем тап –күшке бағынған,
Айлакер дұшпан қайта озды.
Жатырдан жеріп қағынған,
Қылышын белге тағынған,
Суырып қолқа, өкпесін,
Бөктірген қанға көк төсін,
Өсірмей құртты өркенді.*

*Күн кештім қилы заманда,
Әділет болды қорғаным,
Шындықтың туын ұстадым.
Өсекке толып жан-жағым,
Мертігіп аппақ таңдарым,
Балшықта жастай малтығып,
Құрдымға баттым тартылып,
Алыстым аңдай жаралы!*

*Бауырым бүтін, аманда
Оранды өртке бау-бағым,
Жауыздан қорқып құспадым,
Шайнаууда қалды бармағым,
Жанбады жайнап шамдарым.
Жарасқан сәні ұямның,*

*Аңсаған әні қиялдың
Қашты үркіп Азат маралы!..*

ЖАНАРЫНАН НАМЫС ОТЫ ӨРІЛІП
(*Көркем Уәли сұлтанның ұлы Абылай ханға,
1711-1781ж.ж.*)

*Көз жіберсек тарихи ел көшіне,
Көп оқиға түседі екен есіңе.
Әсіресе, қалмақтары жоңғарлық
Неге айналды ата-баба өшіне?*

*Мұның сыры қиын емес ұққанға,
Өмір сүру өте ауыр бұққанға.
Көздің құрты – Қазақтың кең даласы,
Жетіп жатыр ебін тауып жұтқанға.*

*Өмір сүру болса да шын қолында,
Ғұмыры өтті Тәуелсіздік жолында!
Қорғанды ылғи анталаған жаулардан,
Кезенді оғын оңында да, солында.*

*Тыныштықты таппай талай қаңғыды,
Қасы жоқта өзін-өзі аңдыды.
Іргетасы он бесінші ғасырда
Қаланған жұрт – Ұлы Қазақ хандығы!*

*Күрды солай Татулықтың ордасын,
Мойындады қарсыластар Елбасын.
Қыздырды еңбек қарапайым адамдар,
Малын жайып, күтіп-баптап алмасын!*

*Буын бекіп, қабырғасы қатайған
Шағында осы шығып кеткен аты ойдан,
Көтерілді қайтадан сол қалмақтар
Тіршілікте іздеген бұл заты – ойран!*

*Жанды ауыртар өткен өмір сұмдығы,
Еңсеңді езер патшалардың ұрлығы.
Абылайдың⁵⁹ Қалдан Серен тұтқыны
Болуын да жатыр тарих Шындығы!*

59. Абылай хан.

*Қалмақ ханы – Қалдан Серен ақылды,
Сынар жауын сәтте дәйім ақырғы.
Қыспаққа алды Абылайды аяусыз,
Тұңғиыққа тіреп қойып қатырды.*

*Өйткені ол өлтірді ұлын қалмақтың,
Зілі басым сынағында салмақтың.
Қалдан Серен Абылайға тіл қатты:
«Шарыш⁶⁰ қайда, ең бірінші, қайда аттың?»*

*Деді Абылай: «Өзің біліп, айт емін,
Садақ атқан тым көп еді, қайтемін?
Жаман аты қалды бізде, амал не,
Кінәлінің басын кескің, жер тегің!»*

*Тыңдап тұрған Қалдан Серен ақырды,
«Шарыш қайда?» - деп қатты ашу шақырды.
Бұл екінші сауалы да жауыздың
Састырған жоқ Абылайдай батырды.*

*Деді Абылай: «Қиян-кескі ұрыста
Қарайтындай сәт болмайды туысқа.
«Шарыштын!»-деп айтпады ол есімін,
«Кеспеймін!» -деп тіл қатқан жоқ қылыш та!»*

*Арың биік түбінде кіл жаныңның,
Жолы айқын «Намыс» дейтін нанымның,
Үшінші рет басылмады ашуы
«Шарыш қайда!» деп долданған ханыңның.*

*Жанарынан намыс оты өріліп,
Деді батыр ашуы бет тебініп.
«Іздегенше көрінбеген Шарышты,
Өзіңді ізде тұрған мынау көрініп!»*

*Болған жақсы-ау тазалықтың қалтқысы,
Болсаң өлім қатарыңның артқысы.
Жөн сөзге ол тоқтады ма, әлде ерді
Келді ме екен өз жағғына тартқысы?*

60. Шарыш – Қалдан Сереннің баласы.

*Қалмақ ханы бой алдырмай кегіне,
Тартып туған жсаужүрек ер тегіне!
Не десек те, Қалдан Серен құрметпен
Абылайды аттандырды Еліне!*

ҚАЙЫРЛАДЫ ҚҰМҒА БАТЫП КЕМЕМІЗ
(Сұлтан Абдоллаұлы Әбілқайыр ханға, 1693-1748ж.ж.)

*Ататегі Шыңғыс ханнан тараған,
Тамыр жсайған өз Жәнібек данадан.
Жеті атасы – түгел ханның тұқымы,
Абдолла әке сұлтандыққа жсараған.*

*Өйткені оның төрт баласы кіл мықты,
Алысқанын бет қаратпай шын жсықты.
Жолбарысы ұлы жсүзге хан болып
Ел басқарды, айтсақ егер шындықты.*

*Содан кейін Әбілқайыр⁶¹ топ жсарды,
Талантты ердің Құдай жсолын оңғарды,
Кіші жсүздің ханы атанды атақты,
Бағындырды небір биік заңғарды.*

*Бақ бекерге қонбайды екен, тегінде,
Қыран гана шарықтайды көгінде.
Нағыз сұлтан – Ниязы мен Досалы,
Ең беделді жсандар болған елінде.*

*Әңгімеміз Әбілқайыр жсайында,
Батыр жсастай жсүрген дәйім бабында.
Ақылы мен парасаты сай келіп,
Шешкен талай жсұрт тағдырын тағында.*

*Белін жсазып ат үстінен түспеген,
Қарсы шапқан дүшпанына күштеген.
Төрт жағынан жсабыла жсау анталап
Қоршап алған, бар білгенін істеген.*

61. «Аңыз Адам» журналы (№2(38), қаңтар, 2012ж.)

*Бәрінің де беріп әбден сазайын,
Өкіндіріп азаптады жаз айын.
Аңырақай шайқасында жоңғарды
Талқан қылып, үстем етті қазағын!*

*Мойындатып орысыңдай алыпты,
Башқұрт, казак тынысын да тарылтты.
Осылайша бас қолбасшы атағын
Биікте ұстап, нар тұлғасын танытты.*

*Сөйткен сондай ерге жала жауыппыз,
Масаттандық балағынан қауып біз.
«Тастап кетті неге майдан даласын?» -
Деп нақақтан бойынан мін тауыппыз.*

*Сол заманның байыбына бармастан
Ұят болды-ау жағасына жармасқан.
Неге үш жүзге бас қолбасшы сайладық?
Мұны ескермей, жауға айналдық арбасқан.*

*Хас батырға хан атағын қимадық,
Сөйтіп оның шыбын жанын қинадық.
Қу дәстүрмен сағын ердің сындырып,
Тозған сасық кеудемізге симадық.*

*Соғып ылғи қол шоқпарын жақынның,
Кеттік алыс ауылынан ақылдың.
Сәмеке мен Әбілмәмбет таласып
Жолын кесті Әбілқайыр батырдың.*

*Содан кейін қазақ жолы оңбады,
Көк аспанын қайғы бұлты торлады.
Ешқашан да хандар басы бірікпей,
Өз ұлтының болашағы сорлады.*

*Дәл осыдан сабақ алмай келеміз,
Байлық, мансап жолында шын өлеміз.
Әлсіретіп ұлық билер кеңесін,
Қайырлады құмға батып кемеміз...*

ЕРЖҮРЕК АЗАМАТТАР АТҚА ҚОНДЫ ...
(Кенесары Қасымұлына, 1802-1847 ж.ж.)

*Қаһарман Қасымұлы Кенесары⁶²-
Қазақтың дара туган есіл нары!
Өйткені қан майданда қас батырдың
Ерлігін асқақтатқан жердің шары!*

*Тарайды арғы тегі хан Шыңғыстан,
Атасы Абылайдың даңқы шыққан.
Әкесі Қасым сұлтан осал емес,
Ресей бұғауымен арпалысқан.*

*Ешқашан қиналмаған халық бұлай,
Қалтылдап өмір сүрді қалытқыдай.
Шайқасты соғыс құмар орысыңмен
Жолынан ата-баба ауытқымай.*

*Қорғады бар болғаны өз өлкесін,
Сүйреді алға қарай өнер көшін.
Өзгені қорламады тіршілікте,
Біреуге түсірмеді көлеңкесін.*

*Кенелтіп қуанышқа жүрсін көпті,
Шынында, кейінгілер қусын кекті.
Сұлтандар Саржан, Әділ, Есенгелді
Бостандық әперсем деп қыршын кетті.*

*Осылай үш ағасы өлді елім деп,
Қалайша күнелтеді кім жеңілдеп?!
Құрысын ар-намыссыз бүйткен тірлік,
Далақтар тойған аттай құр жемін жеп.*

*Ал оған Кенесары намыстанды,
Жинады маңайына арыстарды.
Ержүрек азаматтар атқа қонды,
Қу түлкі мінезділер қалыс қалды.*

62. Өлеңдегі мағлұматтар «Аңыз адам» журналынан (№21 (33), қараша, 2011 жыл) алынды.

*Бас тартпай жүрегінің әмірінен,
Тіледі тек жақсылық Тәңіріден.
Мұраты – азат ету дана халқын
Қоқанның қоқаңдаған зәбірінен.*

*Босатып құсбегілер құрығынан,
Құтқарып бай-манаптың қулығынан,
Мақсаты – алты алашын аман сақтау
Қырғыздың шолтаңдаған бұйрығынан.*

*Қолдамай жауыз дұшпан желік ісін,
Сездірмей іштегі зор өкінішін,
Кәпірдің өртеймін деп сес көрсетті
Қаптатып салған барлық бекінісін.*

*Қанқожа⁶³, Шыңғыс⁶⁴, Мұса⁶⁵, Ыбырайлар⁶⁶-
Жан-жағын жалмап жұтқан сұмырайлар.
Би, сұлтан атанғаны кімге дәрі?!
Сүлікше сорды-ау елді түбі лайлар.*

*Шықпады тәтті жеміс бұдан әлі,
Шырқалды қазағымның құрақ әні.
Жоқ қылдық ақырында Қасымұлын,⁶⁷
Қайда деп жұрттың текті сұра мәні?!*

*Ешкім де оған жауап таба алмады,
Табам деп шімірікпей және алдады.
Осылай өтіп жатыр гұмырымыз,
Жанды жер бабалардың ақ арманы...*

63. Қанқожа Тәтенов – арғы атасы Жәңгір Абылай ханмен бірге туған, әкесі Тәтен де – аға сұлтан болған кісі, ал өзі – Көкпекті дуанының аға сұлтаны.

64. Шыңғыс Уәлиханов – Көкшетау дуанының аға сұлтаны, подполковник.

65. Мұса Шорманов – Баянауыл дуанының аға сұлтаны, жасауыл.

66. Ыбырай Жайықов – Ақмола дуанының аға сұлтаны.

67. Кенесары Қасымұлы – қазақтың ең соңғы ханы, ең ірі ұлт азаттық көтерілістің ұйымдастырушысы әрі қолбасшысы.

ҚҰДІРЕТТІ КҮЙШІ

(Құрманғазы Сағырбайұлына, 1818 – 1889 ж.ж.)

*Мың тоғыз жүз он сегізінші жыл еді,
Бұрынғы Бөкей Жиделісі түледі.
Қызылқұрт кірер кіші жүзде Байұлы
Жұпыны кедей Сағырбайдың жүрегі*

*Шаттанған үйде естілді үні нәресте,
Босанып Алқа, емізді ұлын, бәрі – есте.
Сүт шықпай қойды, сорды сәби емізік,
Бірініші көрген «қуанышы» емес пе?!*

*Осылай бала жөргегінен жарымай,
Ақ сүтін ана ембей өсті танымай.
Шақыртып молда, ат қоятын жоқ шама,
Мұқтаждық езді түп етекпен тартып-ай.*

*Сағырбай сонда екі көзі күлімдеп:
«Сыйлаған Алла Құрман айт қой бүгін деп
Есімің сенің Құрманғазы⁶⁸ атансын», -
Деді үш мәрте дауысы зор гүжілдеп.*

*Амалсыз өсті балауса ұлан жоқтықта,
Қызыға қарап бай ұлы мен тоқтыққа.
Әкесі оның тым момын-ақ өнерсіз,
Шешесі Алқа мінезге ырза соқтықпа.*

*Қағылез балғын тез ер жетіп шынықты,
Тұрмыстан тапшы сарқылмас зор сыр ұқты.
Көңілі қалып ерте емшекпен суалған,
Тәртіпке салды небір есер бұзықты.*

*Домбыра жасап, тартуды оны үйренді,
Әуенге елтіп, гажайып бір күйге енді.
Сағырбай шошып, өнерінен сескенді,
Апасы гана іштей гүлдеп түрленді.*

*Сом дене – сұлу, жауырыны қақпақтай,
Жас балуан жықты ар-намысын таптатапнай.*

68. Құрманғазы туралы мағлұмат академик Ахмет Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» («Жазушы») баспасы, Алматы, 1975, 26-114- беттер) кітабынан алынды.

*Көркемдік бірге ерен күшке қосылып,
Талайдың мынау қойды зой көгін жайқалтпай.*

*Қол қысқа бірақ, тарылтты әбден тынысын,
Не жазды сонша, кетті ме ішіп ырысын?!
Шағбала байдың бақты малын зорығып,
Итшілеп өткен жалтақ күні құрысын!*

*Не дейін бұған, ештеңеден торықпай,
Күдерін үзбей, өлімнен де қорықпай,
Күйлерін тартты, қайшылығын тағдырдың
Шеше алмай сорлап, жүрсе де мейлі соны ұқпай.*

*Есейді жси дәмін тартып түрменің,
Тепкісін жседі қатыгез қу кірменің.
Сонда да дұшпан сындыра алмады сағын да,
Шіренген байда да төрінде әсем күйменің.*

*Бірде байқап ор ұлының көз жасын,
Жағынан ұрды аямай Алқа өз басын.
«Батырды тудым деп ерлесем өмірде,
Болды ма балам шірік қуыс қорғасын?!»*

*Осыдан кейін Құрманғазы қатайды,
Тәні сау құрыш, жаны сірі аталды.
Күн-түні жортып ауыздықпен су ішті,
Жау қашты ерден Махамбеттей қаһарлы!*

*Бозбала жастай күй өнерін дамытты,
Онсыз да «кесел, ауыр дертке» шалықты.
Домбыра көрсе, отыра алмас тыпырышып,
Өзінен-өзі шабыттанып жанықты.*

*Домбыра сырын жеңді ақыры жан-жақты,
Ғұмырын түгел соған гана арнапты.
Дәулескер күйші болды ол нағыз галамат,
Қарсыластарын шаң қаптырып салмақты.*

*Күйлерін төкті айтары асқақ носердей,
Сөйледі дейсің халқына абыз шешендей!
Қосылды барып Исатайға сенгеннен,
Басқарды жасақ топтарын да көсемдей!*

*Күйдің де өзі – шын құдірет екенін
Танытты Ахаң, қасиетті мекенін.
Құрманғазы атындағы оркестір
Ойнаса үні арқа қозып кетерін*

*Біледі елі, біле тұра шыңына
Жеткізе алмай, ұшырадық сынына.
Бақ қонған сол-ау – күллі нұрлы әлемнің
Айызы қанса сегіз қырлы сырына!*

ЖАМПОЗ

(Майкөт Сандыбайұлына, 1837-1902ж.ж.)

*Айтпаймын мақтау сөзді кекіріп құр,
Сөйлеймін мен де бүгін желпініп бір.
«Жампоздың» тұсау кесер кешінде бұл
Ретін Майкөт бабам келтіріп тұр.*

*Бабамның шертілмеген күйі неге,
Дегенде жұрты қайда жырына еге?
Қуаныш, Баян, Аян, Серікбектер⁶⁹
Тірілтіп қайта әкелді дүниеге!*

*Сол үшін соларға мың айтам алғыс,
Өйткені ақындар бар қалған жалғыз.
Төртеуі ізгілікті іс тындырды,
Қумады біреулердей жалған намыс.*

*Міне, біз соған ырза сезімдеміз,
Күниілдің мұңға батар көзінде күз.
Армансыз жанға балар өзін анық
Қалдырса әркім туган жерінде із.*

*Санайтын шын данышпан өзін білдей
Қу ғалым кесірінен келдік білмей.
Жатпайды алтын біткен шаң астында,
Жарқырап шықты Майкөт нұрлы Күндей!*

*Себебі – жыры жауһар артындағы,
Жамбыл да шәкіртінен тартынбады.*

69. Бәрі де - Майкөт ұрпақтары.

*«Именіп өзге ақындар бәйпектеген»,
Айтыста ешқашан да алқынбады.*

*Өтті ол өмір, өнер мектебінен,
Сыр түйген қарт Қаратау бөктерінен.
Арқасы қозып кеткен сәттерінде
Аумаған асыл текті көк бөріден.*

*Жырын да нөсерлетіп төгеді үдей,
Қалапты сөзді құрлыс шеберіндей.
Айтысы Құлан аяң Құлмамбетпен
Ойымның бұлтартпайтын дәлеліндей.*

*Майкөттей шайыр аз-ау таза нағыз,
Мынадан құдіретін бағалаңыз:
«Сүйінбай, Майлықожа, Бақтыбайдың
Бәнігін басқандығы – ғажап аңыз!»*

*Жырау ол дарынымен баққа жеткен,
Сондықтан ұрпағы оны мақтан еткен.
Бүгінде ақынсымақ толып жатыр
Байлыққа бола ардан аттап өткен.*

*Соқса да алдан талай дауыл қатты,
Ел мұңын жоқтап жаны дабыл қақты.
Мықты ақын шығатынын аз Ыстыдан
Басқаға бас идіріп мойындатты.*

*Жанары қадалғанда шың басына
Табиғат айналғандай сырласына.
Ғажайып шырай қосқан серілігі
Түйілген қаршығадай тұлғасына.*

*Жанына ұлт қайғысы батып іштей,
Жырлады дастандарды алқымы іспей.
Көрінді ел көзіне ерекше ерлік
Артына қалдырған бір жарқын істей.*

*Майкөттің қатарынан зор құлашы,
Бізге сын – жиналмаған мол мұрасы.
Бүгінгі «Жампоз» атты кітабымыз –
Алдағы ұлан-асыр тойдың басы!*

ӨЛЕҢ ОҚЫП ЖАТЫПТЫ ҚОС ӨКПЕСІ
(Ұлбике Жангелдіқызына, 1825-1849 ж.ж.)

*Топырағы Таластың ақынға бай,
Аян беріп түсімде шақырғаны-ай...
Соның бірі – Ұлбике қылыш тілді
Айтысқанда шығатын жарқылдап-ай.*

*Жастайынан айналған аты аңызға
Бас иеміз бүгін біз апамызға.
Нағыз шайыр атанған кіл қожалар
Тытырлапты «орақ тіс, от ауызда».*

*Әттең, жары тоздырды-ай шын жүйкені,
Кесірінен Ай жүзін мұң бүркеді.
Бірақ небір мықтылар іздеп келіп
Жеңе алмапты ару қыз –Ұлбикені.*

*Әлі жетпей Бойтандай шірігіне,
Көміліпті дертінің күйігіне.
Өмірі өксіп, азапты күн кешсе де,
Айналасын табынтқан білігіне.*

*Көп ұзамай білсе де өзі өлерін,
Биік ұстап өтіпті сөз өнерін.
Қызғалдақтай гұмыры ерте үзіліп,
Өкініші өртеді ел өзегін.*

*Жұртқа мәлім дүмшелер көзертпесі,
Шаригатқа жүгінген желөкпесі.
Сенбей сойып қараса көкірегін,
Өлең оқып жатыпты қос өкпесі.*

*Көрген қауым ботадай боздағанда,
Сұр қалмапты қайғырған боз даламда.
Тау теңселіп аһ ұрған көрінеді,
Бір әумесер өкпені қозғағанда.*

*Келмен еді бәріңді мұңайтқым да,
Алдарыңда шер толы сыр айтқым да.
Амал қанша, тағдыры Ұлбикенің
Осылайша қорланған шөлейт құмда.*

*Қорланғанмен пәк тәні ұлы ақынның,
Отты жсыры – өзі еді сұрапылдың!
Жолындағы дұшпанын жсайпап өтті
Кесек атып тасада тұратын мың.*

*Енді қазір куәміз дәл осыған,
Қайта түлеп өмірі, бағы ашылған.
Шешендігі – сарқылмас бай қазына,
Сөздерінің қыл өтпес арасынан.*

*Кейінгі ұрпақ үлгі етіп өнегесін,
Кеңейтеді ақындық керегесін.
Туған күнін ел-жұрты мәңгі тойлар,
Жалғастырып бүгінгі мерекесін.*

*Сондықтан да нұр жанған маңдайында,
Ұясы бар өлеңнің таңдайында.
Көсіліп бір жыр оқу қандай бақыт
Ұлбикедей гажайып жан жсайында!*

АБАЙ – ДАНАМ
(1845-1904 ж.ж.)

Бірінші өлең

*Пайгамбарым, Өзіңіз қара өлеңде,
Жырыңды оқыр қамықса ел егерде.
Күдіретті өнердің арқасында,
Қазағыңды таныттың бар әлемге.*

*Сізге, бабам, ешкімді теңгермейміз,
Ақылыңмен тыныстап, өрге өрлейміз.
Спиноза, Платон, Сократтан
Санамасақ Сізді артық, кем көрмейміз!*

*Сондықтан да келгенің 150-ге⁷⁰
Жер жүзінде ерекше еленуде.
Бүкіл дүние тойлауда барын салып,
Сіз арқылы халқың да көгеруде.*

70. Туған күні – 10 тамыз 1845 жсыл.

*Мен де бүгін сиынып аруағыңа,
Өзің болып қараймын жан-жағым.
Абай бабам, әрдайым жебеудесің
Қанат беріп балалық арманым.*

*Ұққандаймыз жсырыңның қасиетін,
Бойтұмар гып тағамыз өсиетін.
Қазақ қандай дегенде Сізді айтамыз,
Пірімізсіз мәңгілік бас иетін!*

Екінші өлең

*Қайтем енді, тойыңа бара алмадым,
Көру еді тәлімін – ой-арманым.
Кіргізбеді қу әкім тізіміне,
Қатты батты үйіме қамалғаным.*

*Қатты батты қалғаным тоғызардан,
Тойда отырмақ халқынан қарғыс алған.
Ел үстінен күнелткен алаяқтар
Мақтан үшін барынша жанын салған.
Жетпесе де ақылы сөзіңізге,
Алыпсатар тайраңдар төріңізде.
Ұқпайтындар жас ұрпақ тәрбиесін
Кісімсініп сөз сөйлер еліңізге.*

*Абай данам,
Бара алмадым тойыңа, қалдым жасып,
«Өшімді» алдым өлеңнен ұйқым қашып.
Ең болмаса бір өлең жатқа оқымай
Мырзасымақ жүреді-ау алысқа басып.*

*Қайтем енді, болмады басқа амалым,
Дәрменсізбін, малынды жасқа жаным.
Рухыңмен өзімді қайрасамда,
Бүгін менің мұңдылау қос қабағым...*

Үшінші өлең

*Абай данам,
Күдіретің жоғары тұр санадан,
Есті ақындар Өзіңді пір санаған.*

*Ессіздері сыртыңнан жала жауып,
Зор тұлғанды барынша тұлшалаған.*

*Кей пақырлар сыныңа шыдамаған
«Ұлтишыл ақын» деп талай кінәлаған.
Саған деген сырымды ақтарылып
Айтпай кетсем, болмай ма күнә маған?!*

*Қырқысуды өзді-өзі қоя алмаған,
Ызаң қайнап халқыңа оянбаған,
Бар өшіңді өлеңнен алғандайсың,
Ал, жүрегің оған еш тоя алмаған.*

*Бай-болыстар ел басын құрамаған,
Арлы ақындар оларға ұнамаған.
Мыңмен жалғыз алыссаң ел қамын жеп,
Бүгінгі әкім байлықтан тұралаған.*

*Өзіңнен мен сол үшін ұяламын,
Ақылыңды есіме жиі аламын.
Поэзия көгінің пайғамбары,
Отты жырың кеудеме құяр ағын.
Абай данам,
Аруағыңның баспайды мысы кімді,
Өз сөзіңмен емдеймін ісігімді.
Кеудемдегі сағыныш жырдан қашап,
Соқсам деп ем гажайып мүсініңді.*

*Соға алмасам айыпқа бұйырмағын,
Білесіз ғой балаңның қиын бағын.
Быт-шыт болды бұрынғы көзқарасым,
Түсіне алмай қойдым-ау миымдағын.*

*Десем-дағы, ырзамын тағдырыма,
Күн сәулесі түскендей бар қырыма.
Өмір мәнін енді-енді ұққандаймын,
Арты – өкініш, шамшырақ – алды мына.*

*Мақтан еткен киелі жыр тағыңды
Жанарымнан қайғының бұлты арылды.
Ғасырлардан ғасырға ұзатып сап
Жүрер дана ойыңыз ұрпағыңды!*

КЕЙДЕ ОСЫ БІР ЖҮРЕГІМ КҮЙ АҢСАРДА
(Абайға)

*Кейде осы бір жүрегім күй аңсарда,
Дүр сілкініп қырандай тұрам сонда.
Тастай алмай қойдым-ау құрғырды бұл
Аруағынан Абайдың ұялсамда.*

*Ұялсамда, қайтейін, шарам қалмай,
Жақын тартып барады маған жардай.
Қойып кетсем бір уақ мойын бұрмай,
Сезіледі айықпас жарам бардай*

*Қайғы басқан осындай шақтарымда
Мазасызбың, тыныштық таппадым да.
Сезем іштей күңкілдеп біреулердің
Құлағымды шулатып жатқанын да.*

*Отпын ба, жоқ, әлде бір шаламын ба-ай,
Болармысың тұңғиық ара мұндай.
Туа бітсең алып шық, ей, өлеңім,
Досқа күлкі, дұшпанға таба қылмай.*

*Кейде осы бір жүрегім күй аңсарда
Дүр сілкініп қырандай тұрам сонда.
Тастай алмай қойдым-ау құрғырды бұл
Аруағынан Абайдың ұялсамда.*

МЫҢМЕН ЖАЛҒЫЗ АЛЫСҚАН АЛПАМЫСЫМ
(Абайға)

*Бұл өмірде Өзіңіз – мақтанышым,
Дана ойыңа таңырқап жатты алысым.
Жүз жыл бұрын айтқаның келді айнымай,
Мыңмен жалғыз алысқан Алпамысым!*

*Дос көрмеген бір-бірін қазақ әлі,
Өзгелерге, қайтейін, мазақ әні.
Тәуекелі жоқ құлар ел билеген –
Халқымызға әрі сор, азап әрі.*

*Баяғыша мәз біреу мақтасына,
Өшігеді сын айтқан жақтасына.
Ала тайдай ел ішін бүлдіруде,
Өңкей қиқым би болған бас-басына.*

*Басы айналып жинаған дәулетінен,
Әкімдері аспаған әулетінен.
Күнкөрістің қамымен жұрт бұзылды,
Кетті тарап жан-жаққа өз бетімен.*

*Жақсылығы сатулы бұрынғыдай,
Қымыз емес, у ішер миын улай.
Алдағанда алдына жан салмайды,
Тұра алмайды күніне мың құбылмай.*

*Жастары жұр білімді керек етпей,
Ең болмаса жерге бұл қорек екпей.
Артта қалды жас ұрпақ тәрбиесі,
Кеудемізде солғандай өнер көктей.*

*Кімге дәрі көз жеген ғалымдығың,
Болашағы күңгірттеу дарындының.
Махаббаттың жыры да есептеулі,
Екпіні де басылған арындының.*

*Ел ертеңін ойланып болжамады,
Ортақ істе бір-бірін қолдамады.
Жанды қинап бүгінде бара жатыр
«Бойда – қайрат, ойда – көз болмағаны».*

*Бұл өмірде Өзіңіз – мақтанышым,
Дана ойыңа таңырқап жатты алысым.
Жүз жыл бұрын айтқаның зар күйінде,
Мыңмен жалғыз алысқан Алпамысым!*

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰЛАФАТТЫ ҰСТАЗЫ
(Ыбырай Алтынсарыұлына, 1841-1889ж.ж.)

*Азап шегіп көрмесе де түрмені,
Бірақ ол да ұзақ өмір сүрмеді.
Ғұмыр кешті қырық сегіз жыл ғана,
Титтейінен бала болып күлмеді.*

*Алып кетіп келген ажал төмеден,
Айырылды үш-төрт жаста әкеден.
Алтынсары құшағында еркелеп,
Қарамапты біреулерге шекеден.*

*Сөйтін ерте «жетім қозы» атанып,
Ал атасы – Балқожа би аталып,
Немересін өсіріпті қолында,
Бағы жанған жолда қалмай аты арып.*

*Ыбырай⁷¹ да ата үмітін ақтады,
Ұстаздары алғырлығын мақтады.
Озық ойлы өкілдері орыстың
Дарынды ердің беталысын жақтады.*

*Қарап тұрсам, шыңға өрмелеп шыққаны –
Григорьев⁷², Ильминский⁷³ ықпалы.
Гете⁷⁴, Байрон⁷⁵, Шекспирдің⁷⁶ мұрасын
Мига тоқып, пайдаға асты ұққаны.*

*Фирдауси⁷⁷, Науаидей⁷⁸ нәр тілді,
Гоголь⁷⁹, Пушкин⁸⁰, Лермонтовпен⁸¹ жетілді.
Крыловтың⁸² мысалдарын аударып
Құлпыртқаны – аспанға атты бөркімді.*

71. «Аңыз Адам» журналы (№17(77), қыркүйек, 2013ж.

72. В.В. Григорьев – шығыстанушы ғалым, профессор.

73. Н.И. Ильминский – белгілі шығыстанушы ғалым, профессор.

74. И. Гете – неміс ақыны.

75. Д.Н. Байрон – ағылшын ақыны.

76. У. Шекспир – ағылшын ақыны және драматургы.

77. А.К. Фирдауси – тәжік ақыны.

78. Ә. Науаи – өзбек жазушысы, ғалым.

79. Н.В. Гоголь – орыс жазушысы.

80. А.С. Пушкин – орыс ақыны.

81. М.Ю. Лермонтов – орыс ақыны.

82. И.А. Крылов – орыс мысалшысы.

*Жазып алғаш оқулығын қазақтың,
Танытты үнін қазақ атты ғажайптың.
Тұңғыш қазақ мектебінің есігін
Айқара ашып, жан шуағын тараттың!*

*Мазмұны бай сырың хатта шат қылды,
Зиялыға құндылығын таптырды.
Тұңғыш ізі Әдістеме әлемін
Жарқыратып, ел таңдайын қақтырды!*

*Мадақтаумен қарапайым халықты,
Күйіне енді оңашада шабытты.
Бір кісідей математик ғылымын
Терминімен қосып терең дамытты.*

*Тұрған шақта имандылық азайып,
Өнегелі әңгімесі – ғажайып!
«Аурудан аяғаны күштірек»,
Оқысаңыз - шығасыз тек тазарып!*

*«Атымтайдай жомартына» табындың,
«Таза бұлақ» - сәулесіндей арыңның!
«Асыл шөп» пен «Мейірімді баласы»
Ұқтырады бауырлығын жаныңның!*

*«Лұқпан хакім» - қатайғаны қанаттың,
Ал «Әдебі» - өзі жайлы жанаттың!
Фибрат мол «Мақтасында бір уыс»,
Мәні берген жән «Пайдасына талаптың!»*

*Бізге «Бақыт ағаштары» ой қосқан,
Барлық пәле пайда болар қол бастан
Жасағандар «Жақсылыққа – жамандық»
Аумайды екен жанға «Жаман жолдастан!»*

*Шынында да, төккен тері көл-көсір,
Соны дұрыс айта алмасам, сен кешір.
Ұстаздардың ұлағатты ұстазы,
Рухыңмен қасиетті елді өсір!*

ЖОЛБАРЫС ЖЫРЫ ЖАМБЫЛДЫҢ
(1846-1945ж.ж.)

*Түсімде көрдім өзіңді бабам,
Тіл қаттың маған мұңайған жүзбен.
Жырыңды жұлбақ төзімді далам
Жатқандай іздеп көнерген ізден.*

*Жорытпай тұрып түсімді жұртқа,
Ақтарам сырды өмірің жайлы.
Балаңның бүгін көңілін жықпа,
Арқасы қозып желігіп алды.*

*Хан жамбыл тауы құт болып елге,
Шыр етіп келдің ақпанда қатал
Үйіңе балқып толқыған жер де
Дегендей сонда: «Бабаңнан бата ал!»*

*Болсын деп таудай халқына пана,
Ыстыбай атаң атыңды қойған.
Айналаң тұнған ақынға дана,
Өнері ғажаяп шықпайды ойдан.*

*Сол кезде заман құйтырқы еді
Бетінен зәрі ушығып тұрған.
Арманы байдың – қу құлқын еді,
Шалғаны батты батырын құрбан.*

*Өр ақын нағыз тілімен өткір
Хандардың ісін әшкере еткен.
Тәкаппар Тезек төреңді жеп бір
Орақ тіс жырау Сүйінбай өткен.*

*Аруағы қонып кеудеңе оның,
Батасын алдың арнайы барып.
Сондықтан ылғи болды гой жолың,
Киесі түгел бойыңа дарып.*

*Келісті маңдай, жанары нұрлы,
Мінезі тіп-тік атандың ақын.
Көрмедің «дәуді» шыбындай құрлы,
Жасыңнан өстің халқыңа жақын.*

*Тұрмыстың ауыр азабын шектің,
Қосыла алмай қызыңа сүйген.
Оңаша қалып көз жасын төктің,
Қорлыққа мұндай ішің-ай күйген..*

*Бірақ та оған басыңды имедің,
Өлеңнің айлы қылышын қайрап.
Жолбарыс жырмен қасыңды иледің,
Құлықпен жиган ырысын байлап.*

*Тіліңмен түйреп масқара қылдың
Өзара иттей тартысқандарды.
Бийкте ұстап байрағын жырдың,
Жөн сөзге жықтың айтысқан жанды.*

*Құлмамбет, Сарбас бағаңды білген,
Басқалар басты аяғын аңдап.
Мықтыны талай қырандай бүрген
Жырларың кетті ауылды шарлап.*

*Тимеді көкке төбеміз аз-ақ,
Туды деп ұқтық гажсайып дәуір.
Аштықтан қатып қырылды қазақ,
Атылды нақақ азайып тәуір.*

*Құдайдай сендің Лениңдей ерге,
Бақыттың таңы атты деп алдан.
Емес деп ойлап Сталин пенде,
Қаһарман еттің жырыңа маржан.*

*Бәріне жалғыз кінәлі біреу –
Оқымай қалып түсінбегенің.
Қазақтың дерті – бір-бірін іреу,
Көп нәрсе жатыр ішімде менің.*

*Бір кезде Сіздей ақын жоқ деген
Жала да жетті Мәскеуге сонау.
Пайғамбар деуге хақың жоқ деген
Күңкіл де қазір – біздерге сор-ау.*

*Алайда солар үрді зой босқа,
Кебінін киіп ақымақ балық.*

*Кәмілді шаңға күлкі боп досқа,
«Жай атың – Жамбыл, шын атың – халық».*

*Осыған дәлел – тойыңыз мынау
Басталған биыл әсеріңде туган.
Тілейді бата балаңыз жсырау
Еліктеп Сізге ізіңді қуған.*

*Түсімде, бабам, жалыққан күйден
Көрінді маған солғындау шырай.
Қасыма келіп қамыққан үнмен
Артқандай үміт дедіңіз былай:*

*«Жолбарыс жсырым қарамай қойды
Күзетіп жатқан табалдырықта.
Ұялатқандаймын жамандау ойды,
Мойынға тағдыр салған құрық па?..»*

*Не айтам бұған, жсорысын басқа,
Жолбарыс жсырың қақпамды қақсын.
Аруағың қолдап дарысын жасқа,
Қырандай еркін аспандап ақсын!*

«МӘШҺҮР ЖҮСІП ОҚУЛАРЫ»
(Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына, 1857-1931ж.ж.)

*Мәшһүр Жүсіп гұламаның нұр елі
Жайды құшақ күйін шертіп жүйелі.
Тұңғыш рет басып тұрмын тірлікте
Керекудің топырағын киелі.*

*Шақырған соң ағам менің Қуандық
Шын жүректен біз де іштей қуандық.
Жеткізсем деп ақ тілегін жанымның
Шабыттанып жсыр оқуға сұрандық.*

*Жан семірет оттай ыстық лебізден,
Пазылұлы – сүйегі асыл негізден.
«Мәшһүр Жүсіп оқулары», білгенге,
Маржан теру түбі терең теңізден.*

*Таусылмайды-ау байыганның айласы,
Көздегені – қу құлқынның пайдасы.
«Мәшһүр Жүсіп оқулары», ұққанға,
Қазағымның тағдырының айнасы.*

*Ұлтын сүю – ер жігіттің ұраны,
Имандылық – қолға ұстаған құраны.
«Мәшһүр Жүсіп оқулары», түсінсек,
Дүниені танытудың құралы.*

*Сонықтан да сырымды аштым, ағайын,
Мәшекеңнен мен де сабақ алайын.
Елім деген қасиетті сөздерін
Бойтұмар ғып мойыныма тағайын.*

*Тәлім алып өлеңінен көктейін,
Қуатымен өз шыңыма беттейін.
Бай мұрасы – кеудемдегі ырысым,
Соны бойға сіңірейін, төкпейін.*

*Осы менің – келгендегі мақсатым,
Армансызбын – қалса артта жақсы атым.
Мәшһүр Жүсіп аруағының арқасы
Жаңбыр жсырым көктен жиі ақса тым.*

*Мәңгі өшпес ізін тастап санама,
Айналды ол пір тұтатын данама.
«Кісі болса, сондай болсын!» - деп баға
Берген екен Болтіріктей бабама.*

*Өзім соны мақтан етем бүгінде,
Тек жақсылық жеңіп шығар түбінде.
Мәшһүр бабам дауысының табы бар
Менің мынау перзенттік үнімде.*

*Көлсіз күні күн емес қой қу-қаздың,
Күні қараң жапырағы сұр жаздың.
Мәшһүр бабам жемісін жеп жатыр ғой
Нартай, Ертай, Естай менен Гүлназдың.*

*Бәйтеректей тамыр жайған өңірге
Мәшһүр бабам – бақытты жан өмірде.*

*Жолын оның жалғастырған нар ағам
Қуандық та осал емес, тегінде.*

*Бауыр басып еңбекке де, төзімге,
Сол ағамнан көп үйрендім Өзім де.
«Мәшһүр Жүсіп оқулары» нәр құйсын
Сағынышты қимас асыл сезімге!*

*Ала алмастан әлі толық білімін
Көп адасқан пенделердің бірімін.
Сөз соңында бәріңізге айтарым:
Таратайық Мәшһүр Жүсіп ілімін!*

*Кім көрінген ілім жасай алмайды,
Ойы таяз көзді бояп алдайды.
«Мәшһүр Жүсіп оқулары» баянды
Ғұмыр кешіп болашаққа самғайды!*

ЖАПЫРАҒЫ ЖАЙҚАЛДЫ БӘЙТЕРЕКТЕЙ (Кенен Әзірбайұлына, 1884-1976ж.ж.)

*Табылатын үнемі жоқ қасында,
Атты таңы мұқтаждық нөқтасында.
Шешесі – Ұлдар, әкесі – Әзірбайдың
Өсті Кенен⁸³ өнерлі отбасында.*

*Ата-анасы болыпты бойшаң кісі,
Асырапты өздерін шаруа күші.
Көкпаршы әке - сауыққой, ит жүгірткіш,
Әнші-күйші, тұрмыста – байсалды ісі.*

*Ал анасы көрікті жұрт қызығар,
Әншілікке жан екен кіл ынтызар.
Өлеңінді суырып салып айтқан,
Отырыстың гүлі өзі артта ізі бар.*

*Алматының өлкесі – ән шынайы,
Мәтібұлақ ауылы – бал шырайы.
Он тоғыз күні бұл ұл туды үйде,
Мың сегіз жүз сексен төрт, маусым айы.*

83. «Аңыз Адам» журналы (№4(40), ақпан, 2012ж.).

*Көпшіліктің тілегі оңға ауысты,
Жақсылықтың кептері парлап ұшты.
Болар бала: түсі оңды, қоңқақ мұрын,
Кең маңдайлы, бойы ұзын, зор дауысты.*

*Ағайынға қадірлі болған қонақ –
Елге әйгілі кәдімгі Балуан Шолақ,
Кейін одан таныды өз бейнесін,
Он екі әнін сыйлады, бағы – мол-ақ.*

*Бақытты шақ ұзаққа созылмады,
Алаңдаған тағдыры салды ылаңды.
Ерте іліп ажалдың құрығына,
Ең алдымен анасы Ұлдарды алды.*

*Бауырына айта алмай құнды сөзін,
Бибісара содан соң жұмды көзін.
Қатты батты қайғысы қарындастың,
Қу жетімдік осылай ұрды Өзін.*

*Кедейліктен арылмай алпысында,
Бейнет көрді күн кешіп тар қысымда.
Ағайынның қолына қарап қалған
Кенен талай естіді қарғысын да.*

*Бойлап терең сырына түндегі Айдың,
Малын бақты Әймен мен Құлжабайдың.
Қой соңында салпақтап талды өзегі,
Таяғын жеп зар қақты күнде байдың.*

*Тілі келмей оқуға аңыратып,
Әліппеде шәкірт жүр көні қатып.
Қырық-елу баланы қи қорада
Шулатады қозыдай жамыратып.*

*Шала молда Бейімбет – білгір адам,
Ұстаздыққа демейді-ау бар ма шамам?!
Бір жапырақ қағазды іліп қойып,
Оқытады арабша күлді-бадам.*

*Соны көріп молдаға қойды бармай,
Тұра алмады мыңғырған қойды жаймай.*

*Майкөт⁸⁴, Шөжө⁸⁵, Сарыбас⁸⁶ өлеңдерін
Атасынан⁸⁷ үйренді жаны қалмай.*

*Қанық болды Сүйінбай⁸⁸, Қаңтарбайға⁸⁹,
Қуандық⁹⁰ пен Түбек⁹¹ те шалқар ойға.
Айналды олар ақындық қайнарына,
Шабыт құйып Кенендей бозторғайға.*

*Қырғыз манап Шәбденнің⁹² болды асы,
Солай қарай ағылды кәрі-жасы.
Ақным деп Еркебай⁹³ Кененді ертті,
Тиылгандай кедейдің сорлы жасы.*

*Жырауларға паңданған бай-мырзалар,
Қолпаштайды мадақтап дән ырзалар.
Көктөбенің басында кіл атақты –
Тоқтағұл⁹⁴ мен Ноғайбай⁹⁵, Қалмырзалар⁹⁶.*

*Таң-тамаша көз тастап жан-жағына,
Тойшыл қауым жеткендей арманына.
Өз құлағын Сарыбас өзі бұрап,
Жырын төкті, түсті қыз қармағына...*

*«Шабытынан шайырлық арқа қызды,
Сарыбастың өзінен өте аңызды
Өз құлағы қырық жыл бұрын туған», -
Депті шешен Ноғайбай от ауызды.*

*Сахнада құлағы шуылдады,
Екі беті қызарып дуылдады.
«Еркебайдың ақыны Кенен шықсын», -
Деген сөзден жүрегі суылдады.*

84. Майкөт Сандыбайұлы – атақты ақын, Жамбылдың ұстазы.

85. Шөжө – атақты ақын.

86. Сарыбас – көрнекті ақын.

87. Атасынан – әкесін осылай атайтын.

88. Сүйінбай Аронұлы – атақты төкпе ақын.

89. Қаңтарбай – белгілі ақын.

90. Қуандық – белгілі ақын.

91. Түбек – көрнекті ақын.

92. Шәбден – қырғыз манабы.

93. Еркебай – елге белгілі өткен атқа мінер.

94. Тоқтағұл – қырғыздың атақты ақыны.

95. Ноғайбай – қазақ бii, шешен.

96. Қалмырза – қырғыздың атақты ақыны.

*Қос жанары қадалған халық мынау,
Дейтіндей бір осы ма анық жырау?
Жаттап алған өлеңі төрт-бес ауыз
Көмейінде бітеліп қамықты ма-ау?!*

*Күздің қара суығы терлетті әбден,
Күдіретін ұяттың көрсетті әлден.
Сарыбасша құлшынды құлақ бұрап,
Айқай салды, өлең жоқ өрнектелген.*

*Шырқап кетті дауысы көкті шарлап,
Тұрып қалды сөз іздеп, қаны қайнап.
Ұялғаннан кірерге тесік таппай,
Намысы да тағы да шықты қайрап.*

*Ауызға сөз әлі де түсер емес,
Осы кезде Қалмырза берді кеңес.
«Ер кезегі, ұялма, үшке дейін
Шырқа!» - деді, шақырды жетер белес.*

*Шырқап ала жөнелді сол сәтінде,
Жолыққандай таусылмас мол мәтінге.
Қырғыз-қазақ ақыны атанғаны
Желеп-жебеп, сүйреді өрге күнде.*

*Жылы жауып молданың бақсылығын,
Еркебайдың ұмытпай жақсылығын.
Жетілдірді өнерін бойға біткен,
Күнкөрістің елмей тапшылығын.*

*Тұңғыш әні жарқ етті он үшінде,
«Бозторғайы» шырқалды ел ішінде.
Қазақ-қырғыз дәріптеп жас өркенді,
Ортақтасты шаттыққа жеңісінде.*

*Қатты тиіп жоқшылық намысына,
Қарсы тұрды тұрмыстың ағысына.
Әкесімен екеуі «Көкиолақты»
Сатып алды төрт жылғы табысына.*

*Сол Көкиолақ айналды ән өзегіне,
Даңқын, тіпті, асырды өз еліне.*

*Түсірмеуге тырысты шоп-шаламды
Әділеттің шуақты өзеніне.*

*Мың тоғыз жүз он алты. Маусым жазы.
Ар-ұяты әркімнің – болсын қазы.
Қинады елді патшаның жарлығымен
Әсер етпей халықтың қыңқыл назы.*

*Бұратана қазақты қара жұмыс
Күтіп тұрды, қашқанын – сұп-сұр қылыш.
Аттандырды тозаққа шімірікпей,
Адам демеі жай ғана дені дұрыс.*

*Соған жаны күйзелген жігіт Кенен
Еш мойымай жүргізді үгітті ерен.
Көтеріліс бұрқ етті Жетісуда,
Көшбасшы Әли⁹⁷ - қаһарман, өрен берен!*

*Бірақ патша әскері күшпен басып,
Талқандады өлтіріп, бірін асып.
Жан сауғалап босқындар Қытайға асты,
Кенен кетті қырғызға тірі қашып.*

*Сүйеу болған бауырын паналады,
Патша әмірі жүрегін жаралады.
«Қайран елім қайда?» мен «Бұлбұлгасы»
Жан сарайын ел-жұрттың аралады.*

*Әсіресе, «Бұлбұлга» шер тарқатып,
Тастағандай көңілін алдарқатып.
Терең мазмұн, ащы зар, кугын-сүргін
Жанды ауыртып, іште сор қалды қатып.*

*Билікті тез қызылдар қолға алғанда
Ақтар түгел айналды сормаңдайға.
Ораз⁹⁸, Тұрар⁹⁹, Сәкен¹⁰⁰ мен Қуанышты¹⁰¹
Арқа тұтып, болды айбар қорланғанға.*

97. Әли Нұрқожаяев – Жетісуда болған көтеріліс басшысы.

98. Ораз Жандосов – Кеңес өкіметін орнатысқан революционер.

99. Тұрар Рысқұлов - Кеңес өкіметін орнатысқан революционер.

100. Сәкен Сейфуллин – Елбасы болған революционер.

101. Қуаныш Бәрібаев – Кеңес өкіметін орнатысқан революционер.

*Жеген таяқ есінде күнде «іріден»,
Жапнай халық теңелді бір-бірімен.
Қызу еңбек қайнады жер үстінде,
Жатып ішер жалқаулар құр шіріген.*

*Мәре-сәре ел іші – сауық-сайран,
Бнтымағы – ұйыған тәтті айран.
Тіршілікте мал бағу – нағыз мейрам,
Соны көріп дүшпан да қалды қайран.*

*Жаңа қоғам орнатқан Ұлы жеңіс,
Адал тері жегізді шырын жеміс.
Тән сырқатын емдеді тегін еммен,
Дәрігерге қаралды бәрі тегіс.*

*Сатылмаған алды жұрт тегін білім,
Дарындылар құды әрі тегін ілім.
Әркім шама-шарқына қарады тек,
Ел шаттанды туды деп Күндей күнім!*

*Мына өмірдің сонда гой мән-маңызы,
Сонда жатыр Қорқыттың дәнді аңызы.
«Бірі – бәрі, ал бәрі – бірі үшін
Жұмыс істеп», бағынды арман құзы.*

*Мұнда үлкен сыр бар-ау ойлағанға,
Асып-тасып, мәз болма тойлағанға.
Түбі жарқын жайнады еш қорықпай
Тереңіне сүңгіп бір бойлағанға!*

*Адам мәңгі жасайды ұрпағымен,
Сол ұрпағы санассын ұлт арымен.
Сонда гана азамат атанады,
Ез болады алдамшы бұлтағымен.*

*Біркелкі емес ғұмыры әр пенденің,
Келбеті де сан алуан кенді өлкенің.
Тартты азабын тұрмыстың бір кісідей,
Саясында жатпады көлеңкелің.*

*Өзі іштей балаған қыранына
Кетті өмірден Болысбек, Тұрары да.*

*Базары мен Назары күрт шешектен
Барып қонды мәңгілік тұрағына.*

*Толы күні күреске жас асқынды,
Күнийіл жала былығын құрастырды.
Құдай Кенен тағдырын салмағы ауыр
«Ақ ешкінің зарына» ұластырды.*

*Кем-кетікке шуағын төкті көзі,
Түсінгенге қашанда өтті сөзі.
Даналығын Жамбылдың ойға тоқып,
Мәскеуге де оң сапар шекті Өзі.*

*Ізгілігін таратқан ел көгіне,
Махаббаты гашықтық – мәңгі әңгіме.
Бұлбұл қызы қазақтың – Күләшті де
Еркелетіп, тамсанды сәнді әніне.*

*Нәсихасы жандырып шамшырағын,
Бала-шаға шат қылды шаңырағын.
Тоқсан екі жасқа бұл аз қалғанда
Тамырында тоқтады тірлік ағын.*

*Шежіре еді қарт абыз көпті көрген,
Аман шықты лаулаған ортті желден.
Жапырағы жайқалды Бәйтеректей,
Күтті халқы осындай мәрттік ерден.*

*Өзгертпеген ешқашан көзқарасын,
Өзі айтқан бағалап өз бағасын:
«Екі Кенен тумады Алатауға
Ексеңде» деп жұбатқан жан жарасын.*

*Тірісінде көзінің болды сыйлас,
Есіне алған Кенендей жанды қимас.
«Өмірде де, өнерде «қайталанбас
Ерекше бір Құбылыс», - деді Димаи¹⁰².*

*Киесі бар шырағын жаққан жүзде,
Ырыс-құт бар көсіліп жатқан ізде.
Асыл «Кенен – ән мен жыр генералы», -
Деген сөзі Баукеңнің¹⁰³ мақтан бізге.*

102. Димаи – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

103. Баукең – Бауыржан Момышұлы.

*-Төбөсіне көтерген қырғыз демей,
Әниісіз сіз, Кенеке, күміс көмей.
Ғұламасыз, жыраусыз, әбжіл шешен
Әрі байтақ шемсіре бізге мерей, -*

*Деген ойы Мұхаңның¹⁰⁴ дәл айтылған,
Қаскүнемдер ішінен талай тынған.
Десе Шыңғыс¹⁰⁵ «өнердің Алатауы»,
Мақтаныш қой ел үшін дара тұлғаң!*

*Айтшы, білсең, қоғамның кілті кімде?
Мәселе тұр қыраулы кірпігінде.
Кенекенің бейнесі кең пішілген
Ұлылардың дуалы пікірінде.*

*Одан артық баға жоқ лайықты,
Соған санаң жетпесе, кім айыпты?!
Бәрінен де жабырқап жүрген көңіл
Тұманды ойдан тазарып бір айықты...*

БАСШЫСЫ ЖОҚ ЕЛ – ЖЕТІМ
(Ахмет Байтұрсынұлына, 1872-1937ж.ж.)

*Бабам, сенің табынам аруағыңа,
Мойымадың қиындық салмағына.
Көлеңкесі ып-ыстық кемеңгерсің,
Шапағатың көп тиді жан-жағыңа.*

*Толгандырып тұрмысы қазағыңның,
Уын іштің көрген бұл азабыңның.
Қамалдың-ау бір емес, тіпті, екі рет,
Соны ақындық жүрекпен жазамын мың.*

*Үлгі етемін ұрпаққа өнегеңді,
Жарқ еткізді ер ісің өр өлеңді.
Ез болма деп жігерін жанысаң да,
Қайран қазақ бәріне көне берді.*

*Тағдыр жазып маңдайға шырғалаңды,
Бостандыққа шақырдың күллі адамды.*

104. Мұхаң – Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

105. Шыңғыс – Шыңғыс Төрекұлұлы Айтматов.

*Тұңғыш «Қазақ» газетін шығардың да,
Көзін аштың талайдың су қараңғы.*

*Сілкіндіріп халықтың ой-санасын,
Тарттың ылғи білімге барша жасын.
Қыр соңыңнан қалмады жала жауып,
Ойлағандар қарақан қара басын.*

*Ұқтым газжап жырыңнан пәк сезімді,
Күдіретін тіліңнің жат сезінді.
Басты жауы қазақтың – өз қазағы
Екінші рет түрмеге жапты Өзіңді.*

*Содан қайтып, амал не, оралмадың,
Тұғырыңа шыңдағы қона алмадың.
Бірақ жауыз жеңіліп Әділеттен
Қаһарына жолықты бір Алланың.*

*Сөйтіп Құдай халқымды жарылқады,
Өзгеріске жер жүзі таңырқады.
Өкінішке қарай бұл, кей пақырлар
Пасықтықпен жаныңды ауыртады.*

*Елге дұшпан бас имей қасыңызға,
Атылдығыз алтыс бес жасыңызда.
Ал қазіргі «кәрілер» Желтоқсанда
Әңгір таяқ ойнатты-ау басымызға.*

*Тілім үшін қып-қызыл күрес күнде,
Ол болмаса келмейді тірескім де.
Айтып-айтпай не керек, бүгін бізді
Намыссыздар ұстап тұр қыл үстінде.*

*Бабам, сенің алдыңда арыламын,
Сондықтан да агымнан жарыламын.
Өзің бастап Міржақып, Мағжандарды
Тіл майданы кезінде сағынамын.*

*Әлім жетпей дәулерге зорығамын,
Дәулеттілер қасында қорынамын.
Ең болмаса Баукең мен Ғабеңдер жоқ,
Соларды ойлап мені іштей торығамын.*

*Шала қазақ биледі барлығын да,
Нағыз қазақ жетімдей қалды құмда.
Кеудесінің оты өшкен қалталылар
Бұл қазақтың құл қылды-ау нарлығын да.*

*Талай бардым алдына бағым сынай,
Алар емес бәріне жаным шыдай.
Қалт-құлт етіп күн кешіп келе жатыр
Тәрбиеші, мұғалім қайыршыдай.*

*Осыдан-ақ біле бер тіл қадірін,
Шетелдіктер басқандай тұлғалы үнін.
Тыныс бітіп, шықпайды өз дауысым,
Қазғандаймыз алдымен біз қабірін.*

*Кешір, бабам, боркемік ұрпағыңды,
Білмей жүрмін қай әнді шырқарымды?
«Басшысы жоқ ел – жетім» деген рас,
Таба алатын емесін сұңқарымды!*

ЗАМАНЫНАН ОҚ БОЙЫ ОЗЫП ТУҒАН (Ахмет Байтұрсынұлына)

*Жаны күйіп бүгін де сасқан кедей,
Қолы қысқа кеудесін басқан үрей.
Заманынан оқ бойы озып туган
Қасиетін Ахаңның¹⁰⁶ ашсам – мерей!*

*Өз ұлтының атанған айбатты ері
Смағұлдай¹⁰⁷ Алаштың қайраткері
Ахаң жайлы керемет ой түйінті
(Жайлы болсын марқұмның жатқан жері!):*

*«...Сүрінсек те қарамай сөзімізден,
Теңестіріп жатамыз өзімізбен.
Ахаңды біз балаймыз замандасқа
Артықтығын көрсек те көзімізбен.*

*Сүрсе де өмір, шынында, халық қиын,
Жасап берген қазаққа Әліпбиін.*

106. «Аңыз Адам» журналы (№11, желтоқсан, 2011ж.)

107. Смағұл Сәдуақасов – Алаш қайраткері.

*Түзген дұрыс еміле ережесін,
Шөп-шаламнан тазартып анық миын.*

*Айналса да тас түрме тұрағына,
Елді агарту – болды тек ұраны да!
Соған арнап жазды ол жақсы оқулық,
Сауатты ашты көп оқу құралы да.*

*Қаниша таяқ жесе де, сірә, қатты,
Халқының ол – ұстазы ұлағатты.
Өзімізден Ахаңды биік ұстап
Қадірлейік намысты Азаматты!»*

*Смағұлдың осы ойы ширықтырды,
Десем де бұл көкейде билік тұрды.
Кәдесіне жұртының жарайтындар
Сыртқа тасып байлығын, ұрлық қылды.*

*Бұрып тұрса талайдың пұтқа қаны,
Басымырақ күш алса шықпа жаны,
Көшейік тез латынга дейтіндердің
Ауыр тиді-ау Ахаңды ұқпағаны.*

*Не деп еді-ау дана адам пікірінде,
Келешектің түбінде кілті кімде?
Салғырттығы тығылып жатқандай ма
Қазағымның «Құдайға шүкірінде?!»*

*Құр боспелік жүректі күйіндірген,
Таппаймыз-ау әңгіме түбін бірден.
Ауызға алу латынды – еріккендік,
Жақсы әліппе жоқ қазір бүгінгіден.*

*Деп жүргенде кирилден құтыламыз,
Шаңда қалар ертегі, бүкіл аңыз.
Үш-төрт түрлі кей әріп жазылады,
Құр қызығып әріпке ұтыламыз.*

*Кейде еріксіз тағдырға бағынамыз,
Кейде өткен өмірді сағынамыз.
Бір дыбысқа үш түрлі әріп сыйлап,
Кейде дұрыс жүрістен жаңыламыз.*

*Деген Ахаң сабағын ұмыттық-ау,
Аш қасқырша долларға құнықтық-ау.
Мейірімі мардымсыз тіршілікте
Адамдардың арасы суық тым-ау.*

*Қайта қозғап латынды дауырықтық,
Академик дәулердің «дауын» ұқтық,
Бостан-босқа арамтер болдық әбден,
Жемге ұқсадық кәдімгі жауын құрттық...*

*Елмедік Ахаңның Әліппесін,
Қарсыласқан латынға әріптесін.
Мойындамай данышпан ұлылығын,
Тастадық-ау тоқтатып жарық көшін..*

ТУҒАН ЕР АРТЫҚ ТІРІДЕН
(Әлихан Бөкейханға, 1866-1937ж.ж.)

*Көш бастап Алаш тобында,
Қаламы жүйрік қолында.
Телегей теңіз білімін
Жұмсаған қазақ жолында!*

*Басына қонған бағын да,
Төрк етіп патша тағын да,
Бақыты үшін халқының
Қиды ол жалғыз жанын да!*

*Өйткені текті тұқымнан,
Оятқан таңым ұйқымнан.
Азаттық үшін алысып
Арманға асқақ ұмтылған.*

*Сол жолдан мәңгі айнымай,
Өлімнен қорқып қайғырмай,
Әлемге Алашорданың
Танытты туын тайдырмай!*

*Тірілтіп елдің ошкенін,
Құрды алғаш қазақ әскерін.
Орнатып ұлттық өкімет,
Қайтарды жаудан төс жерін.*

*Құлығын тығып ұртына,
Ашқарақ қолы қырқыла,
Мойындап Ленин, Сталин,
Амалсыз көнді ырқына.*

*Алдында жарқын жол жатты,
Әттең-ай, әттең... сол бақты
Қалғаны ұстап тұра алмай
Біртіндеп өзін сорлатты.*

*Шетінен бәрі атылды,
Тірісі зарлап аһ ұрды.
Оңдырмай ақ та, қызыл да,
Батпаққа зорлап батырды.*

*Атқарған ісі іріден,
Жаралған жаны сіріден,
Ғұлама көсем Әлихан¹⁰⁸-
Туған ер артық тіріден!*

ТОСҚАН КЕУДЕ ТАУДАН ҚҰЛАР КӨШКІНГЕ (Міржақып Дулатұлына, 1885-1935ж.ж.)

*Мың тоғыз жүз тоғызыншы жылында
Жарық көрген үш кітап бұл, шынында,
Дүр сілкінтті марғау қазақ қоғамын
Қозғау салып ойланарлық миында.*

*Біріншісі – жыры болған талайдың
Нақылға бай өлеңдері Абайдың.
Тереңіне бойлап тәтті сезімнің,
Жүргендейміз ішінде Сыр сарайдың.*

*Екіншісі – қазағына құсалы
Ахметтің жазған «Қырық мысалы».
Әрқайсысы – бір-бір мектеп ұққанға,
Ал салмағы жүрегіңді қысады.*

*Үшіншісі – «Оян, қазақ!» жинағы,
Дулатұлы Міржақыптың¹⁰⁹ жыр бағы!*

108. «Аңыз Адам» журналы (№20 (32), қазан, 2011ж.).

109. «Аңыз Адам» журналы (№9 (63), ақпан, 2013ж.).

*Алты алашқа жайған атын ақынның,
Жаттап өсті Құранындай қыр жағы.*

*Қырым, Кавказ, Түркияға тарады,
Тағдырлас ел ұранына жарады.
Оқыды оны Кемал Ататүрік те,
Ұстаз тұтты Міржақыптай дараны.*

*Жастайынан берік әбден дініне,
Ардақтаған өзі көзі тіріде,
Рух берген үстелінің үстінде,
Аудартқызды туган түрік тіліне.*

*Өткізсе де тағдыр ауыр сынақтан,
Еліктеуден шыққан осы кітаптан
«Оян, түрік!» ел намысын оятып,
Нәр бергендей рухани бұлақтан!*

*Жауапты жан әрбір айтқан сөзіне,
Құм құйдырған өтіріктің көзіне.
Ел басшысын қалай жақсы көрмессің
Міржақыпты өнеге еткен өзіне?!*

*Тосқан кеуде таудан құлар көшкінге,
Бел шешпеген таң атсын деп өскінге.
Жасақтаған атты әскерін Алаштың,
Тас атпаған өздігінен ешкімге.*

*Ал өзіміз одан сабақ алмадық,
Суға кетіп шарқ ұра тал қармадық.
Әлі күнге оны дұрыс оқытпай
Жас ұрпақтың бағын шындап байладық.*

*Сөз сойлеген жоғын жоқтап ұлтының,
Мұңын шаққан быт-шыт болған құлпының.
Жуып-шайған айналасын тазартып
Қатты ұрғаннан қанға бөккен ұртының.*

*Сөзі – қуат, ауырғанда – дәріміз,
«Оян, қазақ!» – шырқар ұран әніміз.
Сөйтіп жүріп жазған «Есеп құралын»
Еңбегіне тәттіміз ғой бәріміз.*

*Әні «Алаш ұранында» ой-орман,
«Зар заманы» – тұнып тұрған ән арман!
Әлиханмен, Ахметпен достығы
Өз қазағын сүюден тек жаралған!*

*Болашақтың оты жанған көзінде,
Күт-береке жатқан әрбір сөзінде.
Алдын көріп ұлағатты ұстаздың
Білім алған Мағжан ақын кезінде!*

*Елең қылмай орды алдан қазылған,
Еш әділдік күтпеген ол қазыңнан.
Маңдайына, күдіреті-ау Құдайдың,
Мәңгілік ел миссиясы жазылған!*

ҚАЙШЫЛЫҒЫ ҚОҒАМНЫҢ ЖЕТКІЛІКТІ
*(Торайғыр Сұлтанмахмұт Әбубәкірұлына,
1893-1920ж.ж.)*

*Үміт үзбей тірліктен көп көрінген
Жиырма жеті жасында өтті өмірден.
Надандарға түкірмей жүз жасаған,
Аяқтаған ғұмырын текті өліммен.*

*Серік еткен өзіне қайран жырды,
Сұлтанмахмұт¹¹⁰ тағдыры ойландырды.
Жастайынан жабысқан қу жөтелі
Бірте-бірте күшейіп айналдырды.*

*Сонда да ол бой бермей қыспағына,
Көз тастады қыранның ұшқанына.
Жоқшылықтан қажыған кедей жұртын
Шығармаққа ұмтылды ұшпағына.*

*Өз еліне талпынды Күн болуға,
Зұлымдықтың көгіне түн болуға.
Ағартсам деп армандап туган халқын,
Күй-қуатын жұмсады жыр жолына.*

110. «Аңыз Адам» журналы (№6(66), наурыз, 2013ж.).

*Ұлты үшін маңдайдан терді ақтарған
Еңбегімен айтулы ардақталған.
Жазған «Алаш ұранын» шын жүректен
Сұлтанмахмұт ақымен ел мақтанған.*

*Талшық қылып жанының сірілігін,
Амалсыздан малданды тірі күнін...
Аймауыттың баласы Жүсіпбектің
Қолдауы да танытты ірілігін.*

*Көрмесе де ұстап бұл қолы қайла,
Салды сайран шабытты өлеңі Айда.
Мұқтаждықтың азабын тарта жүріп
Жазған «Кедей», «Адасқан өмірі» – айна!*

*«Кім жазықты?» сол күйі қайталанған,
«Қамар сұлу» әлі де айтады арман.
Қайшылығы қоғамның жеткілікті
Адамдары ұсақтап жаңқаланған...*

АЩЫ САБАҚ АЛМАДЫҚ ТАҒДЫРЫНАН (Жұмабай Мағжан Бекенұлына, 1893-1938ж.ж.)

*Еш ойламай қалғанын гұмыры аз-ақ,
Алаштықтар тағдыры болды тозақ.
Орыс та емес, тіпті, бұл қытай да емес,
Атаныпты қазақтың жауы –қазақ.*

*Қарсы біткен бұтақтай қарағайға,
Солай депті кезінде дана Абай да.
Жабылып кеп сабапты бауырлары
Ақтығына мүлде бір қарамай да.*

*Алауыздық жалғасып әлі күнге,
Шірітуде түрмеде тәуірін де.
Дәл осылай Алаштың арыстары
Азапты өмір сүріпті дәуірінде.*

*Соның бірі - Мағжандай¹¹¹ тарлан ақын,
Шыдай алмай қысымға зар қағатын.
Жырға толы жаралы жүрегімен
Алты Алашқа қазақтың жайған атын.*

111. «Аңыз Адам» журналы (№1(37), қаңтар, 2012ж.).

*«Тобымен де Тоқсанның» айналысып,
Барып қайтты қиялмен Айға да ұшып.
Жеткізсем деп өз ұлтын мұратына
Ақтармен де көрді ол байланысып.*

*Қызылдар да Сәкенді еліктіріп,
Біржолата жіберді желіктіріп...
Ал кәпірлер алыстан орағытып
Байлап берді ерді есіл «бір оққа» іліп.*

*Бақыт деп біл – жүргенің сау-саламат,
Қолдың кірі – байлығың, жай ғана зат.
Құсалықпен күн кешіп жұмыста ауыр,
Сібір жақта елусіз өлді Азамат.*

*Шалды аяқтан іші тар ірі ісінде,
Кейде амалсыз илікті күні үшін де.
Ел мүддесі жолында бірікпеді
Бір қыз үшін таласып тірісінде.*

*Шатағы жоқ жігіттер ұр да жықта,
Тура жолдан адасты күн жарықта.
Неше түрлі «изммен» миын улап,
Екеуін де шалды орыс құрбандыққа.*

*Қолы жетпей арманның сағымына,
Өртенді тән шындықтың жалынына.
«Бөліп ал да билей бер» жүзеге асты,
Үңілмеді екі ақын байыбына.*

*Мына заман, байқаймын, беті күшті,
Келе жатыр талқандап бекіністі...
Мағжанды да ұмыттық, Сәкенді де,
Шекемізге тимеді-ау, өкінішті...*

«ЖҮЗ ЖЫЛ ЕМЕС, МЫҢ ЖЫЛДА БІР-АҚ ТУАР»

(Иса Байзақұлына, 1900-1940ж.ж.)

*Туған жері – Ертістің бауырында,
Павлодарлық «Үлгілі» ауылында.
Тікен кіріп, тас батты табанына,
Тербетілді нөсер мен дауылында.*

*Мың тоғыз жүз жылдың бұл қазанында,
Бәлкім, кешке, бәлкім, түс, таң алдында,
Дүниеге келіпті қаршыға Иса¹¹²
Көп балалы кедейдің отанында.*

*Бойға өлеңмен жоқшылық бірге сіңді,
Жетімді аяп аспанда Күн күрсінді.
Балалығы соңында қозы-лақтың
Демде өтіпті есейтіп бүлдіршінді.*

*Асыр салды асаудың құлағында,
Жуасыды тайың да, құнаның да.
Тікесінен тік тұрып сауырында
Өнеріне тәнті етті қауымын да.*

*Домбыраға жан бітіп тартқанында,
Алаулады гажайып от жанында.
Тыңдағанды әкетті еліктіріп,
Ләззат сыйлап сезімнің қақпанында.*

*Бір өзі бір цирк еді заманында,
Магнит бар әр басқан қадамында.
Әбжілдігі галамат ат үстінде,
Жіпсіз байлар мың түрлі амалында.*

*Тауы қайтты өнерде «Мен!» дегеннің,
Күні быт-шыт киліккен көлденеңнің.
Көркем бейне көз жауын аларлықтай,
Сиқыршысы суырып салма өлеңнің!*

*Майын ішкен шешендік мектебінің,
Оған ырза жерде –гүл, көкте – Күнің!*

¹¹² Өлеңдегі мағлұматтар М. Хасановтың «Иса Байзақовтың ақындығы мен шешендік ерекшелігі» (Алматы, 1976) зерттеу еңбегі мен Махпуза Байзақованың «Өлеңдегі өмір» (Алматы, 1977) естелік кітабынан алынды.

*Әрбір сөздің қисынын тауып қалап,
Өңін ашты балауса көктемнің!*

*Шыр айналды ән салса бақ басында,
Бақыт құсы сайрады тап қасында...
Байзақ әке, Өзі мен Мұса ағасы
Көмір қазды Кузбастың шахтасында.*

*Жүрегінде көл-көсір дастан жатқан,
Өз еліне болды Өзі асқан мақтан!
Махаббаттың паш еткен құдіретін
«Гәкку» әні атағын аспандатқан!*

*Жүрген жақсы-ау әркімге босқа ұрынбай,
Қажымұқан балуанға қосқан құдай!
Берік қамал таппайды жан баласы
Әміре мен Исаның достығындай!*

*«Желдірге» келгенде жалындайды,
Біреулерге бас ұрып табынбайды.
«Ақбөпе» мен «Құралай сұлуына»
Тең келетін шығарма табылмайды.*

*Бір кісідей көрсе де өмір көшін,
Бір пендеден алмады кегін де, өшін.
Ең бастысы – өз қамын күйттеген жоқ,
Биік қойды бәрінен ел мүддесін!*

*Араласып ісіне құны бардың,
Кісі болды, теңі жоқ тұнығы ардың.
Дарынына еріксіз табынасыз
Түйіндесем сөзімен ұлылардың!*

*Лебізімен Исаның жайған атын,
Терең ойды айтыпты Мағжан ақын:
-Жүз жыл емес, мың жылда бір-ақ туар,
Төкпе ақынның дәріпте озған атын!*

*Тауып айтқыш қашанда сөз ретін,
Дәуірінде Өзінің жөн білетін
Рысқұлдың Тұрары берген баға
Бейнелейді Исаның портретін:*

*«Бәрімізде бар білім, парасат та,
Соған сеіп ұмтылдық болашаққа.
Бірақ Иса тәрізді ертегі адам
Жаралған жоқ, байландық жерошаққа».*

*Ал Омархан баласы Мұхтар дана
Былай депті үнімен шыққан дара:
-Сары дала желіндей үзбей соқты
Қазағының тынысын ұққан бала!..*

ШЕЖІРЕСІ БОЛДЫҒ ҰЛТТЫҚ ДАҢҚЫМНЫҢ (Тұрар Рысқұлұлына,1894-1938)

*Жастай танып қайшылығын өмірдің,
Ерте сезіп қасиетін өңірдің,
Төңкерістің дауылында шыңдалдың,
Тұрар аға, құрышындай темірдің.*

*Сыры болып, жыры болып халқыңның,
Бақыт құсын қондырам деп шарқ ұрдың.
Осы жолдан айнымадың мәңгілік,
Шежіресі болдың ұлттық даңқымның.*

*Осы жолда небір азап жолықты,
Бірақ бәрі жігеріңнен қорықты.
Өйткені бұл болашағы еліңнің
Қуат берді, ойлы жүрек соны ұқты.*

*Ұқты терең, санаң әбден ашылды,
Ор қазғандар табаныңда басылды.
Жарқын істер өз қолыңмен жасаған
Айналама қыр гүліндей шашылды.*

*Соның бірі - ел теңдігін ту етіп,
Жүрсін мейлі суық сорып, сыз өтіп,
Ала келдің еркіндіктің шаттығын
Кең далама қырандарын түлетіп.*

*Зұлымдықтың жыны қанша қозбасын,
Жұрт біледі ақиқаттың тозбасын.
Өзің бастап сарбаздарды шайқасқа,
Быт-шыт қылдың бандылардың ордасын.*

*Соның бірі – ұлттар жайы сан қилы,
Араздықты көп қоздырды қанқұйлы.
Бір кісідей жетік талдап ақылың,
Дұшпаныңның көмейіне құм құйды.*

*Тағдыр басқа қанша бәле үймесін,
Жарып шықтың қараңғылық түрмесін.
Білек түріп өз қолыңмен қаладың
Социалистік құрылыстың іргесін.*

*Соның бірі – Түрксіб қой әйгілі,
Жасампаздық күйге толы әр күні.
Бастан-аяқ басқарған соң өзің бұл,
Дау тудырмай жеңіп алды бәйгіні.*

*Коммунистің түпкі ойын көздеген
Түсіндірдің шебер жатық сөзбенен.
Жолдан тайған талайларды түзетіп,
Қиянатқа жаның мүлде төзбеген.*

*Жерді бөлеп шуағына жарықтың,
Ұлы дәуір құдіретін таныттың.
Жіпсіз байлар сөзге шешен тіліңмен
Адамдардың ой- өрісін байыттың.*

*Айта берсем, ісің шексіз атқарған,
Барлығы да ел есінде сақталған.
Әттең,шіркін...курт үзілді тынысың,
Іште қалды-ау небір асыл тәтті арман.*

*Бар ма шара тағдырыңа келте енді,
Осы өкініш өзегімді өртейді...
Артыңдағы игі істерің үзілмей,
Тамыр жайған бәйтеректей көркейді.*

*Жан баласын бір-бірінен кем көрмей,
Өмір сүрдің текті мінез өзгермей.
Тірі болсаң,тойлап тоқсан төрінде,
Отырар ең жүзіңе де бел бермей!*

*Отырар ең сонау бала кезіңнен
Сыр ақтарып мақтанышты сезіммен.*

*Отырар ең ұлылықты паш етіп,
Кеңескенін туган елің өзіңмен.*

*Ұмыта алмай шапқан жауды жалаңдап,
Ұмыта алмай кешкен күнді алаңдап...
Отырар ең қалай моңғол жерінде
Жаңа заман орнағанын баяндап.*

*Отырар ең жақсылыққа сүйініп,
Жамандыққа жиіркенішпен күйініп.
Отырар ең өткен тарих сабағын
Ұрпағыңның зердесіне сіңіріп.*

*Қиын-қыстау кезеңде де еңсені
Түсірмедің, пір тұтады ел сені.
Тіршілікте ұзақ жасау – адамның
Бола алмайды бағалайтын өлшемі.*

*Сом тұлғаңа төккен терің теңіздей
Айналыпты, айнымаған егіздей.
Халқы үшін қыршын кеткен жастығын
Жұмсап өткен жігіттер аз өзіңдей.*

*Сондықтан да бас иемін алдыңда,
Түсінгенге ғаламат жыр бар мұнда.
Бүкіл әлем әнге қосып атыңды,
Тіл біткендей жауған жаңа жаңбырға.*

*Лайықты ескертішті өлеңнен
Тұрғызсам деп үміт үзбей келем мен.
Ұсынамын тойыңызға, ағажан,
Азын-аулақ тартуымды дегенмен.*

*Мандайыңда жатыр дала кеңдігі,
Келбетіңде тәкаппар тау өрлігі.
Дүниеге қазақ атын танытқан
Дәл өзіңдей Алыптардың ерлігі!*

ТАУ ІШІНДЕ
(Сәкен (Сәдуақас) Сейфоллаұлына, 1894-1938ж.ж.)

*Күн бесінге еңкейіп ауысымен,
Әнге салып қоңырқай дауысымен,
Ақ боз аты астында сылаң қағып,
Келеді ақын оңаша тау ішімен.*

*Қосып әнге даласын кіндік кескен,
Жауайын деп жауа алмай бұлтты көшкен.
Қосып әнге бақытты балғын шағын
Ақадырда алаңсыз тірлік кешкен.*

*Қосып әнге қалқаны сағынғанын,
Қайда жүрсе тек соған табынғанын.
Қосып әнге барғанда анасының
Қуаныштан жүрегі жарылғанын.*

*Келеді ақын шырқатып ,тамылжытып,
Туған жердің саф ауа балын жұтып.
Сазды әуенін жұлдыздар ұйып тыңдап,
Төбіренген шың алда алды күтіп.*

*Енді бір сәт берілді ол қиялына,
Шіркін, көңіл жер-көкке сияды ма?!
Сарыарқаның кең төсін кетті шарлап
Ғашық еткен мөп-мөлдір бұлағына.*

*Еске алды ма сұрапыл от жылдарын,
Тартқан елін күйзеліп жоқтың зарын?
Еске алып келе ме бес жылдықтың
Сом балғасын құлаштап соқтырғанын?*

*Еске алды ма сонау бір «салқын күзін»,
Тағдырының тайғанақ жалтыр мұзын?
Бәлкім, өзі ойлаған жоқ та шығар
Қалдырғанын гажайып артында ізін.*

*Еске алды ма «достардың» тор құрғанын,
Әкімдердің ел-жұртын тоздырғанын?
Есіне алып келе ме, кім біліпті,
Өңкей қиқым өз тілін қор қылғанын?*

*Құлатса да қас талай орға шалып,
Шаршатса да соқпақты жол да соғып.
Толғанумен халқының болашағын,
Келеді ақын оңаша ойға шомып.*

*Келеді ақын осылай тау ішінде,
Білмедік-ау қадірін тірісінде.
Түсінбей-ақ өмірден өтеміз бе,
Тектіліктің жатқанын ірі ісінде?!*

*Сәкен аға, кетсең де тым жасыңда,
Туған елің өзіңмен сырласуда.
«Тар жол, тайғақ кешуде» сыр бермеген,
Өр тұлғаңа бас идік тұрған шыңда!*

МҰРАЖАЙДАҒЫ ЛЕБІЗ

(Глияс Жансүгірұлына, 1894-1938 ж.ж.)

*Кім біліпті: «Өмір ұзақ,келте ме?»
Еркелетпес мінгізіп зор желкеге.
Дәм -тұз айдап келіп едім ,жан аға,
Мынау ғажәп өзің өскен өлкеге.*

*Жатырқамай сүйді беттен самалы,
Ғашық көзбен қарайды бар адамы.
Жырларыңды жатқа соғып жататын
Жұмақ екен Жетісудың алабы.*

*Қанша асуын тосқанымен жол алдан,
Қыранысың өз шыңына қона алған.
Дүниеге алып ақын өзіңдей
Берген жомарт туған жерде жоқ арман!*

*Нағыз алтын тоттанбайды,негізі,
Мол мұраңыз –терең ойлар теңізі.
Ұлы Жамбыл ұрпағының атынан
Ініңіздің қалдырған бұл – лебізі!*

РУХЫМ МЕНІҢ

(Бауыржан Момышұлына, 1910-1982ж.ж.)

*Рухым менің - Бауыржан Момышұлы,
Өйткені ол - ұлтымның намыс ұлы.
Баукең десе мақтанып замандасым,
Құлағымға келгендей таныс үні.*

*Жұмбақ ақын – Жүмекең¹¹³ бөлмесінде
Ең алғашқы көруім мәңгі есімде.
Рұқсатсыз үстіне кіріп барған
Әбестігім жеткізді-ау өлмесінге.*

*-Шық, жоғал!- деп саңқ еткен өр дауыстан
Шошып кетіп жүрегім, зәрем ұшқан
Сол сәтінде есікті жаба қойдым,
Өзім қоян болған соң, ол – арыстан.*

*Соның өзі – тәрбие мендей жанға,
Соның өзі айналды енді арманға.
Бірақ оқып қалдырған мол мұрасың,
Күйді кештім кіргендей қан майданға.*

*Таптым содан жоғалтқан рухымды,
Әрбір айтқан сөзінің құны құнды.
Айтып-айтпай не керек, мына заман
Қазағымды келімсек құлы қылды.*

*Бөліп алды байлығын шетелдіктер,
Пайда болды дініме бөтен жіктер.
Бәрі соның халқымның ездi еңсесiн,
Жасай алмай өмірден өтті түкті ер.*

*Не десемде, Баукеңе жүгінемін,
Таптым содан жарамның бүгін емін.
Әрбір қазақ оған шын ұқсап бақса,
Білем өзге қадірлеп сүйінерін.*

*Рухым менің – Баукеңнің батырлығы,
Қара қылды қақ жарған ақындығы.
Қорықпастан соғыста жүріп-ақ ол
Қазақ тілін көтерген батылдығы.*

113. Жүмекең Нәжімеденов.

*Рухым менің – Баукеңнің жауды алуы,
Даналыққа бет бұрып қайралуы.
Әлі әлсіз тілімнің таңы атып,
Мемлекеттік тілге шын айналуы.*

*Рухым менің – ер Бауке атануы,
Нағыз абыз – Жамбылдан бата алуы.
Көше, даңғыл, ауыл мен қаламыздың
Шетінен кіл қазақша аталуы.*

*Рухым менің – Баукеңнің тәтті арманы,
Табанында ездіктің тапталғаны.
Бір- бірімен қазақтың өз тілінде
Тіл қатысып, үміттің ақталғаны.*

*Рухым менің – Баукеңнің ел дегені,
Қайсарлықты танытып ерлегені.
Момышов деп жазбақшы болғандардың
Қорлығына ешқашан көнбегені.*

*Рухым менің – Баукеңнің зор талабы,
Кейінгіге өнеге – әр қадамы.
Ерлік ісін Баукеңдей атасының
Желтоқсандық жастардың қайталауы!*

*Рухым менің – Баукеңнің тарландығы,
Тектілікті көрсеткен арландығы.
Жоғарыда айтқанның бәрін тұтас
Күйген шақта болаттай болғандығы!*

*Рухым менің - сатқыннан сағы сынар,
Азабына тағдырдың жаны шыдар.
Рухым менің - Баукеңдей қаһарманын
Дүниеге әкелген халқым шығар?!*

ӘУЛИЕ

(Әуез Мұхтар Омарханұлына, 1897-1961ж.ж.)

Ұққандарға галамат дана едіңіз,
Сәл нәрсеге алданғыш бала едіңіз.
Партияға қайтадан өтпей қойған,
Мұха, қандай көреген жан едіңіз!

Сізден ешкім күтпеді мұндай қылық,
Өз бойында жатса да сыймай былық,
Сорлы Жантық коммунист көсемдерге
Өңін бұзып жеткізді жырдай қылып.

Көре алмаған күншілдер өзіңізді,
Аңдуменен күн кешті сөзіңізді.
Бәле құды қаламдас «досыңыз» да,
Иштей тілеп сүрінген кезіңізді.

Бәрімізге белгілі аргы жаағы,
Жабылардың алдамшы жанды баағы.
Пенделердің қысастық жасауынан
Жүрегіңіз шыдамай қан жылады.

Аз болғандай зардапты шеккеніңіз,
Қарайтып та жібердік өкпені біз.
Сондықтан да шығар бұл қу өмірден
Құтылғанша асығып кеткеніңіз.

Әттең, бірақ көп арман қалды жанбай,
«Толыспаған Толстой» алдын барлай,
Кеудесіне нан пісіп шыға келді,
Басқаларға ендігі сол құдайдай.

Шеттерінен классик, жоқ төмені,
Бір-біріне қимайды Көктөбені.
Өлгеннен соң зарлайды бауырым деп,
Тірісінде өлгердей жек көреді.

Шіркін, қазір болсаңыз арамызда,
Зор тоңкеріс жасалып санамызда,
«Абай жолы» тазарып «социзмнен»,
Еліктер ек Құнанбай бабамызға.

*Тұлпарының дүбірі қырды үгітін,
Бақтыгүл да бақытын жүрді күтін...
«Өскен өркен» өзгеше түлер еді
Қу байлықтың елесін мүлде ұмытып.*

*Көрсеңіз гой заманның өзгергенін,
Шын мәнінде әлсізді теңгергенін.
Қазақтың да еңсесі көтеріліп,
Жаңартқанын ойын да, бөз көйлегін.*

*Көрсеңіз гой тәуелсіз көк Байрағын,
Жас Қасымның сілкініп шоқ шайнарын.
Асыл аға, ат басын үйге тіреп,
Қапжығама ырысты бақ байлағын!*

*Ұққандарға галамат дана едіңіз,
Сәл нәрсеге алданғыш бала едіңіз.
Партияға қайтадан өтпей қойған,
Мұха, қандай әулие жан едіңіз!*

СӨНБЕЙДІ ОЛ ӘРҚАШАН ДА КҮН СЕКІЛДІ (Мұхтар Әуезге)

*Күткенде шабытты шақ тұнық алдан,
Бар ма еді әкесінің құны қалған?...
Шағыңда бауыр жазар арамыздан
Қатыгез қу ажал-ай жүлып алған.*

*Керемет ұлылық бар келбетіңде,
Сен – аққан жарық жұлдыз жерге түнде.
Оқысам өз тарихым – «Абай жолын»,
Түр күліп нұрлы жүзің әр бетінде.*

*Зар заман қан жылатқан елді, мекен..
Алдынан зор дауылды көрді ме екен?!
Үстем күш зорлығына Дәркембайлар
Буынып қарсы шапқан белді бекем.*

*Ғашықтық «Қаракөзің» сыр ашады,
Өкпе айтып тағдырына жыласады.*

*Ту етіп әділдікті «Қараш – Қараш»
Үніне Төңкерістің ұласады.*

*Жеткізбей жанын қинап бақ тұғырға,
Азабын көрсетті өмір Бақтыгүлге.
Кек біткен тұлпарының тұяқтары
Жыр болып мен жазатын жатты қырда.*

*Атады соны іздеумен жарық таң да,
Жатады соны іздеумен шабыт қанда.
Әлемдік аренадан орын беріп,
Өзіңсің қазағыңды танытқан да.*

*Ішінде сан жұлдыздың дара тұрған,
Тарихтың қазынасы – дана тұлғаң!
Сөнбейді ол әрқашан да Күн секілді,
Көктемдей жаңарады жаңа туған!*

ҚОС АЛЫПҚА АЙТАР СЫР *(Абай мен Мұхтарға)*

*Абай, Мұхтар – кемеңгер қос алыбым,
Көп сүрінді тірлікте жас адымым.
Айналамнан көңілім қалған сәтте
Асыл мұраң – мұң басар бас арығым.*

*Абай, Мұхтар – халқымның данышпаны,
Түлкі заман еңсемді жаныштады.
Жеме- жемге келгенде ығып кетт-ау
Небір мықты қазақтың арыстаны.*

*Абай, Мұхтар – елімнің көрегені,
Кеңіте алмай жүрмін-ау керегені.
Жастар қатты қиналып күн кешуде,
Қайда бүгін Қыз Жібек, Төлегені?...*

*Абай, Мұхтар – пір тұтып сүйенерім,
Өздеріңнен нәр алып түлеп едім.
Тірі жанға дауысым естілмеді-ау,
Күннен-күнге барады жүдеп елім.*

*Абай, Мұхтар – гұлама ақылдым-ау,
Тұңғыық ой түбіне батырдың-ау.
«Басты жауы қазақтың – өз қазағы»,
Шеше алмай түйінін шатылдым-ау...*

*Абай, Мұхтар – киелі алдаспаным,
Қиянаттың жолына мен баспадым.
Мансап қуған дәулерге ұнамады
Тілім үшін шырылдап шайқасқаным.*

*Абай, Мұхтар – әулие көсемім-ау,
Көз алдымнан өтуде кешегім-ау.
Желкемде отыр еңбексіз байығандар,
Осы болды құтылмас кеселім-ау.*

*Абай, Мұхтар – самғайтын қос қанатым,
Тамырыңнан тарайды арғы затым.
Басқалардан сендерсіз оза алмайды
Бәйгесіне өмірдің қосқан атым.*

*Абай, Мұхтар – ұлтымның шежіресі,
Айтыңдаршы, жұртыңның кірді ме есі?...
«Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» –
Ұрпағыңның мәңгілік әңгімесі!*

*Абай, Мұхтар – айнасы қазағымның,
Күн секілді нұрысың ажарымның.
Аруақтарың шақырды шабытымды
Тарқамауын тілеп бұл базарымның!*

ТІЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС
(Мұхтар Омарханұлына)

«Жері байдың – елі бай,
Елі байдың - тілі бай».
(халық даналығы)

Мұхтар аға , Өзіңе мұң шағамын,
Таныта алмай келемін жыр шанағын.
Қасымға тән бойымда өткірлік жоқ,
Тәуекелге баспаған шын шаламын.

Түсінгенге осы ойым ауыр қандай,
Қатты шаншып жүрегім ауырғандай.
Бетіме ешкім шыжғырып басқан емес
Шырқыратып шындықты Бауырғандай.

Соны ойласам налимін жанымды жеп,
Бауырды ұрып, жат жұртқа табындым көп.
Келімсектер төрімде тайраңдап жүр
Сүтімді ішіп, бір үзім нанымды жеп.

Созан бола пейілім тарылмаған,
Қызғаныштан өтім де жарылмаған.
Бірақ қазақ баласы бір-біріне
Ор қазудан әлі бұл арылмаған.

Баспайды аяқ бір-бірін бүтіндеуге,
Жеткізбейді-ау мақтанып күнілдеуде.
Тіл туралы Заң шықты үшінші рет,
«Шала қазақ» кірісті түтіп жеуге.

Оған айғақ Масанов¹¹⁴ сияқтылар,
Күні бұрын ойбайлап тұзақ құрар.
Сыйламайды ондайлар өз анасын,
Күн ашықта төбеңнен су ақтырар.

«Қазақ тілі ешқашан оңалмайды,
Ғылым тілі, тіпті, ол бола алмайды.
Сөздік қоры тым кедей өйткені оның,
Тұғырына сондықтан қона алмайды»,-

114. Н.Масанов – қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына қарсы болған қазақ.

*Деген сөзі қайнатты-ау қанымды әбден,
Ажыратпақ өзінше жанымды әннен.
Қиратуға құштар-ақ осындайлар
Басқа қонған тәуелсіз бағымды әлден.*

*Бұйыртпаған сорына тектілікті
Ондайларға айтарым жеткілікті.
Тәрбиелеп ұрпағын жыр-аңызбен,
Ата-бабам өсірген төрт түлікті.*

*Емес еді қашаннан жалтақ үнім,
Аласарып көрмеген Хантәңірім.
Әл Фараби, Иассауи, Қашқаридан
Тарайтынын ұқпайды-ау қан тамырым.*

*Қаншама рет төбеден түнерді Күн,
Жоғалтқан жоқ сонда да ел елдігін.
Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке мен
Төле бидің білмейді-ау ұлы ерлігін.*

*Азап шегіп қиса да қолын арқан ,
Даласындай халқымның жаны дархан.
Азаттықтың ақ таңын атырам деп
Бел шешпеген хан Кене, Абылай хан.*

*Хан, сұлтанды таныған құлқысынан,
Махамбеттің тілі өткір қылышынан.
Құрманғазы күйлері дабыл қағып
Сарыарқаны оятқан ұйқысынан.*

*Ерсі көріп Жамбылдың жолбарысын,
Құртқан қазақ қазақтың алты арысын.
Сезінбепіз Альфред Курелланың¹¹⁵
«Абай жолы» жайында толғанысын.*

*Байыбына бармаған ақымақрыз,
Ішіміз – өрт, сыртымыз – жалтырақрыз.
«Әлі оқыған жоқпысыз «Абай жолын»,
Онда ештеңе Сіз мүлдем оқымапсыз!»*

115. Альфред Курелла – неміс жазушысы, сыншы, қоғам қайраткері.

*Арға тиген жөн сөзін Курелланың
(Өзіне аян барлығы бір алланың).
Тілден безген нақырлар отқа қақтап,
Істегенін істеді-ау қу молланың.*

*Дәстүрімді, салтымды қылған ермек
Мен өлген соң қуанып тойға келмек.
Арғы-бергі тарихтан хабары жоқ
«Жаңа толқын» тілімді жерге көмбек.*

*Шімірікпей бас тартты-ау ұлтынан да,
Бар арманы, тілегі, құлқы – малда.
Шаруасы жоқ елінің ертеңінде,
Жаны тыныш – малынса мұрты балға.*

*Басқалармен зер салсам салыстырып,
Бара ма әлде қазақы намыс құрып?...
Ұмытқаны «Желтоқсан оқиғасын»
Қабырғамды тастады қайыстырып.*

*Болғанымен сәттері қапы кеткен,
Шындықты айтып Жұбандай ақын да өткен.
Ербол, Ләззат, Қайраттай ұл-қыздарын
Тіл мен жердің киесі батыр еткен.*

*Мәңгүрттерге дер едім: «Жөнделіңдер,
«Абай жолын» мың оқып емделіңдер.
Сонда бүкіл болмысым жатыр менің,
Бесігінде тілімнің тербеліңдер».*

*«Абай жолы» - дастаным өмірі өлмес,
Оқыған жан қалайша тебіренбес?!
«Қоңыр қозым, ақ ботам, құлыным» деп
Бірде-бір ел қазақтай еміренбес.*

*Зере әжеміз, Ұлжанның онегесі –
Жазылмаған халқымның ережесі.
Масановтар сезбейді-ау «Абай жолын»
Жатқа айтарын бір күні шобересі.*

*Уызына тілінің жарымаған
Әкесін де өзінің танымаған.*

*Іздейтіні – байлық пен мансап қана,
«Абай жолы» сабағы дарымаған.*

*Менсінбеген Мұхаңның бай мұрасын
Жаза алмастан өтеді-ау тар құлашын.
Игере алмай мүсәпір күн кешуде
Ұлы «Абай жолының» қазынасын.*

*Сонда жатыр Ұлытау даналығы,
Сағынышқа толы Абай балалығы.
Сонда сырын шертіп тұр Алатауым,
Қаратау мен Көкшетау аралығы.*

*Кенді Алтайдың жап-жасыл жапырағын,
Маңғыстаудың мұнайлы атырабын,
Содан іздеп табасыз тер төксеңіз
Қасиетті Түркістан топырағын.*

*Сонда ашық құлыпсыз ел есігі,
Жарқырайды жұлдыздай ер есімі.
«Жері байдың – тілі бай» болатынын
Ұқпаған ез көрсетті-ау көресіні.*

*Өзге тілде жоқ оның білмейтіні,
Сондықтан гой көзіне ілмейтіні.
«Абай жолы» тілге бай екендігі
Өкінішті-ақ миына кірмейтіні.*

*Аш отырып тамағын досқа берген
Қазақрыз гой намысы босқа өлген.
«Әуезов» деп ақындар жыр жазады
Қанға сіңген Кеңестік ескі әуенмен.*

*Деңгейіміз көрінді-ау осыдан-ақ,
Жетпіс жылда есінен танды қазақ.
Өзің айтқан бесігін түзей алмай,
Өзгелерге, қайтейін, болды мазақ.*

*Тал бесіктің жырына тойынбаған,
«Жаңа толқын», байқаймын, ойың жаман.
Бүкіл әлем көзінің тірісінде-ақ
Күдіретін Мұхаңның мойындаған.*

*Кемеңгердің жайлауын жағалаған
«Абай жолын» кезінде табалаған.
«Шығарма жоқ онымен тең түсетін»,-
Деп Луи Арагон¹¹⁶ бағалаған.*

*Демек, сірә, баға жоқ бұдан артық,
Зердесіне құйса ғой мұны тантық,
Ұлы Мұхаң келеді көшті бастан
Иығына дәуірдің жүгін артып.*

*Басқан жандар жаңа өмір баспалдағын
Алмаса екен ұшырып бастан бағын.
Өзге тілде құйқылжып сайрайтындар
Түптің-түбі шайнайды-ау бас бармағын.*

*Қонған шақта тіліміз тұғырына,
Қарайтындар болса да тыжырына,
Есті адамдар күшейтіп татулықты,
Түкірмейді су ішкен құдығына.*

*Тілсіз жанның көзінің жасы – қайғы,
Тілі бардың көңілі жасымайды.
Өйткені бұл Мұхаңның тіл байлығы
Туған халқын мәңгілік асырайды!*

ЖЫР ЖАЗДЫ ЖОЙҚЫН ДАУЫЛДАЙ *(Қасым Аманжолұлына, 1911-1955ж.ж.)*

*«Қазақтың ұлттық ақыны»,-
Деп еді Фафу ағамыз.
Жүрекке осы ой жақыны,
Аса алмас одан бағамыз.*

*Сонда да жайлап інілік
Лебізді айтып көрейік.
Қасымға біткен ірілік
Мінезге көңіл бөлейік.*

¹¹⁶ Луи Арагон – атақты француз жазушысы, көрнекті қоғам қайраткері, халықаралық Лениндік сыйлықтың лауреаты.

*Сұрапыл соғыс алаңы
Сындыра алмай сағын да,
Таусылып жасаулар амалы,
Өртеніп жатты жалынға.*

*Елі үшін тікті басын да
Қорықпай зұлым өлімнен.
Бата алмай дұшпан Қасымға,
Қояндай қашты жерімнен.*

*Ерлігі ерен осындай
Оралды Қасым Жеңіспен!
Басынан сөзді асырмай,
Танылды ізгі ер іспен!*

*Сезім мен ойдан өрілген
Өлеңді төкті нөсердей.
Көктеді дәні себілген,
Кешпеді тірлік есердей.*

*Көтерді дәйім мерейін
Жырының отты қуаты.
Мұқтажыды қысты, не дейін,
Кедейлік екен шын аты.*

*Алайда Қасым мойымай
Жыр жазды жойқын дауылдай!
Болса да кедей, жаны – бай,
Қол ұшын берді бауырдай!*

*Жолатпай әккі куларды,
Сүрді өмір шындық жолымен.
Артында гибрат жыр қалды,
Ұрпағы өсті сонымен.*

*Жарқырап екі майданда
Жұлдызы тұр гой жоғары!
Қайығы қалмас қайраңда,
Өйткені оның таза – ары!*

ТОПЫРАҚТА ШЫН АЛТЫН ЖАТА АЛМАЙДЫ
(Қасым Аманжолұлына)

*Зары өтіп тірлікте баспананың,
Үй беретін жеріне астананың
Сан барыпты, ала алмай сандалыпты,
Жырына орап денесін жас баланың.*

*Бетке айтуды жасынан ұнатыпты,
Өзін - өзі жырымен жұбатыпты.
Бастықсымақ қолында билігі бар
Тауын шағып, өзіңше мұқатыпты.*

*Сонда да ақын жағынып жалынбаған,
Уайымға, қайғыға салынбаған.
Бұрқыратып жыр жазған көрінеді
Суық тамда ызғары арылмаған.*

*Сол бастықтың аты да аталмайды,
Жақсылыққа жамандық апармайды.
Қасым үні бар ұрнақ жүрегінде,
Топырақта шын алтын жата алмайды.*

МУЗЫКАНЫҢ МҰЗБАЛАҒЫ
(Мұхамедсәлім (Мұқан) Төлебайұлына, 1913-1960ж.ж.)

*Сезімі гашық қылып жыр күніне,
Қызығып көз тастайтын қыр гүліне.
Кеткенін аңғармайтын оңашада
Елітін сыбызғының сырлы үніне.*

*Өйткені туған жері көрікті еді,
Сұп-сұлу келбетіне жерік көгі.
Жыраулық қиял құсын шарықтатып
Жіберген еркелеген елік төлі.*

*Өйткені өз анасы – Тәжібала
Сан алуан құстың тілін сезіне ала,
Шырқайтын гажап әсем дауысымен,
Жүректі тебірентіп сөзі сара.*

*Өйткені нағашысы – Апырбайға
Қарайтын туған өлке таңырқай да.
Тыңдаған халық әсіссіз байланатын,
Ән салса тылсым үні қоңыр майда.*

*Солардан іштей тілеп бата алатын,
Балауса бала дарын атанатын.
Әниі ақын, күйші сазгер өнерінің
Осылар қайнар басы аталатын.*

*Талантын құдай берген жетілдіріп,
Әлемдік музыкаға батыл кіріп.
Опера, романс, кантатаның
Үйренді құпиясын еркін біліп.*

*Жаралған ер жігітке сүю үшін
Періште «Ақ маралы» – ару мүсін.
«Кестелі орамалы» сағынышпен
Жаныды жауынгердің жсалын күшін!*

*Айқара ашып тастап Күн – Қақпасын,
Бөледі шуағына құмдақ тасын.
«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын»
Ардақтап «Барқыт қалқам», «Ақ мақтасын».*

*Керемет «Біржан - Сара» операсы,
Шығарма оған теңдес жоқ, расы.
Дүние енді мұндай тумас қайтып,
Мақтанып жүретін шын жан баласы.*

*Жаратқан сынау үшін тәңір тәнді,
Сүрсін деп пейдесі бұл өмір мәнді.
Лаулаған «Коммунизм оттарымен»
Жылытып келе жатыр елін мәңгі.*

*Ұрпаққа үлгі еткен жұрт алғыр алды
Мұхаңдай ер мінезді тау қыранды!
Көңілден өшіре алмас ешкім, сірә,
Ол жазған құдіретті Әнұранды!*

*Сұм ажал айналдырып серкемізді,
Жазғандай маңдайына келте күзді.
«Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» операсын
Қолға алған сәтінде, әттең, ерте үзілді!*

ЖЕЛБІРЕДІ ТУЫ ЕҢБЕКТИҢ ҰЖЫМДЫҚ
(Сәбит Мұқанұлына, 1900-1973 ж.ж.)

*Сәбит ата, Сіздің өмір жолыңыз -
Балаң үшін нағыз тәлім мектебі.
Жазған барлық асыл арман, ойыңыз
Жүрегімде қайта түлеп көктеді!*

*Дүниеге келіп кедей үйінде,
Жетімдіктің тақсыретін тарттыңыз.
Құдай берген жасдай зерек күйіңде
Болашаққа үлкен үміт арттыңыз.*

*Бағыңызға атты Азаттық ақ таңы,
Желбіреді туы Еңбектің ұжымдықы!
Бойға бітен дарын қарап жатпады,
Болды талап – жақсылыққа мұрындықы!*

*Қазандағы әлжуметтік тоңкеріс
Бұқараның көзін ашты жаңадан.
Өшірді анық, оған дәлел өркенді іс,
Адамды адам қанайтынын санадан.*

*Жасыл қырдай ауылқала гүлденді,
Жатып ішер жалқаулар да түзелді.
Мәдениет саласы да түрленді,
Пасық байдың жал-құйрығы күзелді.*

*Жібермеді жат жұрттыққа намысын,
Жауыздарға тапталпады егісті.
Бір-бірінің қуанышын, қайғысын
Тіршілікте бәрі бірге бөлісті.*

*Жұрт тойынды, мал басы да көбейіп,
Бау-бақшалы тұрмыс тәуір жақсарды.
Бір-біріне деді өсіп-өнейік,
Әр ұжымды ақылдысы басқарды.*

*Ал, адамдар шеттерінен иманды,
Қасиетті сыйластығы шынайы.
Шаттығына бөледі, рас, шын жанды
Мейірімді келбетінің шырайы.*

*Есігіне құлып салып көрмеген,
Мүлдем жоқты түрме, абақты атаулы.
Бұзықтықтан аты шығып ерлеген
Жатты сорлы қол-аяғы матаулы.*

*Сәнді мектеп көрік берді ауылға,
Аурухана ғимараты – еңселі.
Елағасы қызмет етті қауымға,
Содан кейін салды әдемі кеңсені.*

*Жас ұрпақ та, жергілікті тұрғындар,
Тегін оқып, білім алды жоғары.
Енді ойды денсаулыққа бұрғым бар,
Құрылды аппақ пұлсыз ем-дом қоғамы.*

*Жер де, су да болды ұлттың меншігі,
Бүкіл кеің – мәңгі ұрпақ байлығы.
Қымбат бізге тілге деген жеңсігі,
Тек солармен асқақ жастар айбыны!*

*Ешкімді де шетке қақпай халқымыз,
Барлығын да тартты ыстық бауырға.
Ортақ болып дәстүріміз, салтымыз,
Төзді бірдей боранға да, дауылға.*

*Астарында ұжымдық бұл еңбектің
Ынтымақ пен ырыс жатыр киелі.
Сонда ғана нұры жауып жер-көктің,
Душпандар да еріксіз бас иеді.*

*Осы ойларды мына маған ұқтырған
«Сырдария» шығармаңыз сүйекті.
Жекеменшік күші әбден бұқтырған
Жалтақтығым ауыртады жүректі.*

*Бір шындықты айтсам сөздің соңында,
Кедей, орта, үстем таптар майданы
Жүріп жатыр оңымда да, солымда,
Қорқам жердің шыға ма деп ойраны?!*

АНА ТІЛІ

(Мүсіреп Ғабит Махмұтұлына, 1902-1985ж.ж.)

*Еш дауа жоқ өз тілін білмегенге,
Қан қайнады-ау көзіне ілмегенге.
Солар әлі аяқтан шалып жатыр,
Көз алдымда – Тұлғаңыз тіл дегенде!*

*Өнеге еді әр қадам, әр ісіңіз,
Сізсіз бүгін кеткендей мәнісіміз.
Өңшей қиқым қазаққа дарымады-ау
Ана тілі туралы дәрісіңіз.*

*Соны ойласам жүрегім ауырады,
Қашан қазақ дертінен сауығады?
Жұртын алдап байыған құдың бәрі
Бір-біріне өлгердей жауығады.*

*Көзі тоймас тұрса да қаза жетіп,
Өңменімнен барады азабы өтіп.
Парламент те сенімді желге ұшырды
Ана тілін менсінбей, мазақ етіп.*

*Оған дәлел – көл-көсір, жеткілікті,
Қалаулылар ұмытқан тектілікті.
Бір басының қамына пайдаланар
Бойындағы керемет ептілікті.*

*Жиналғандай кіл ездер, қыртқан адам,
Ұлтын сатып, ұпайын ұтқан арам.
Баяндама жасамақ болып еді,
Мемлекет тілінде Мұхтар¹¹⁷ ағам.*

*Улап-шулап әдейі естімеді,
Сор қылығы жанымды кескіледі.
Ана тілі әкесін жалмағандай
Қысқаға - кек, ұзынға өшті ме еді?..*

*Ойы шолақ, ақылы келте құлдай
Көрген жоқпыз таскерең желке мұндай.
Шырылдаған Шерағаң жалғыз өзі
Жылап шықты кінәлі «тентек» ұлдай.*

117. Мұхтар Алтынбаев-Қорғаныс министрі болған азамаат.

*Мемлекет тілін бұл қолдаушы кем,
«Тар жол, тайғақ кешуде» қорғаушы кем.
Қолбасшыға тән қимыл жасар деп ем
Мұхтар ағам саңқ етіп өр даусымен...*

*Әттең, бірақ үмітім ақталмады,
Жеңе алмады қазақы топ қарғаны.
Топ қарғалар депутат болысымен
Сенгіш туған елімді қатты алдады.*

*Ғабит аға, осындай тілдің жайы,
Бұрын оның оңынан туды ма айы?!
Өзіміздің кәдімгі «қара Ивандар»
Жетіп жүрген жеңіске бізде ұдайы.*

*Сізге ақтарған қайғым ғой оңашада,
Отырғандай пақырлар «Тамашада».
Қызығы үшін өз Заңын доп қып тепкен
Осылардан құт қашып адаса ма?*

*Не боларын білмеймін болашағы,
Отанынан қымбаты – өз ошағы.
Құдай берген бақты олар үркітіп жүр,
Мансап қуып, қасқырша таласады.*

*Ғабит аға, не дейсіз топ қарғаға?
Дейсіз бе әлде соларды көп қарғама.
Бәрі, шіркін, болса деп армандаймын
Өзіңіздей тілімді жоқтар Дана!*

ҚҰЙЫН ТАҒДЫР

(Әбілхан Қастейұлына, 1904-1973ж.ж., бұл толғау ұлы суретшінің дүниеге келгеніне 90 жыл толу мерекесіне арналған.)

Арқалап азаматың нардың жүзін,
Қазағым, өшкен отың жанды бүгін!
Тағдырдың мойымадың тәлкегіне,
Соқса да жан-жағыңнан қарлы құйын.

Көп көрдің аштықты да, қастықты да,
Сүліктей жұртты сорған бастықты да.
Құдайдың құлағына шалынғандай,
Тарихтың жаңа бетін аштық мына.

Оңынан туып газжап айымыз да,
Азаттық келді ақыры бағымызға.
Көкбайрақ көк төсінде желбіреді,
Ғаламат күй дарытып жаньмызға.

Күштілер бетіне тік қаратпады,
Дініңді, тіліңді де жаратпады.
Ер мінез ұл-қызыңның арқасы ғой,
Осындай шын бақытты таң атқаны.

Көтеріп ер мерейін жар саламыз,
Қашанда құшақ жайып қарсы аламыз.
Солардың елге сіңген еңбегімен
Жетілді дәл бүгінгі ой-санамыз.

Толтырып Алатаудың гүлге етегін,
Бабалар жолыменен мен де өтемін.
Әбілхан Қастейұлы – соның бірі,
Өмірін кейінгіге үлгі етемін.

Бір кезде Қастей ұста өмір сүрген,
Тек адал маңдайының терін сүйген.
Жан бағып өнерімен «Алтыүйлікте»,
Жоқтықтан гұмыр бойы көні күйген.

*Сонда да қиындыққа бас ұрмаған,
Басынан душпан сөзін асырмаған.
Өмірден түйгені мол адам екен,
Өз мұңын достарынан жасырмаған.*

*Тұрмыстың небір сұрқай күзін көрген,
Қастейдің ажал құртпақ ізін жерден.
Жоқ екен ауыр нәрсе ұғынғанға
Тірлікте демі ерте үзілгеннен...*

*Алайда өлім оны жеңе алмады,
Жеңем деп өзін байгүс және алдады.
Өйткені Әбілхандай ұл туғызған
Қастейдің орындалды бар арманы.*

*Баласы сегіз жаста жетім қалып,
Бойында қайсарлықтың отын жағып,
Сезінбей балалықтың бал дәуренін,
Күнелтті қу байлардың малын бағып.*

*Жалданды тамақ үшін талайларға,
Тиеді сүйек-саяқ малайларға.
Салпақтап кешке дейін қой соңында,
Тесіліп тәтті үмітпен қарайды алға.*

*Дәм айдап Жаркенітке келді бірде,
Құдай-ау, жалынады енді кімге?!
Су сатып бір тиынға, өзек жалғап,
Құтылмас ит қорлықты көрді күнде.*

*Қосылмау азап екен шын қатарға,
Тап болды Садық деген бір татарға.
Талапты тасты жарып шығады екен,
Адамда айтылмайтын сыр жатар ма?!*

*Өнерде үміткерлер бақ сынады,
Өнер де дарынсызды жатсынады.
Ал Садық жетектеп кеп Әбілханды
Карасаев дегенге тапсырады.*

*Ол орыс Түркісібке кіргізеді,
Жұмысын шойын жолдың білгізеді.
Күн ұзақ тасты жерді қазды шаршап,
Табанын қан жоса ғып тілгізеді.*

*Осылай жұмысшы боп шыға келді,
Шыңдайды шар болаттай сынақ ерді.
Кімді-кім қанайтынын ұқты жүрек,
Аз мүлде ойлайтындар бірақ елді.*

*Талай бай еңбегіңді мансұқ еткен,
Кемсітіп, аяғында жаншып өткен.
Қайнайды іш қазандай, амал бар ма,
Дәрмен жоқ күресуге ақсүйекпен.*

*Дегенмен, жұмысшылар ұйымшыл-ақ,
Жібермес ортасынан бірін жырақ,
Бәрінің көздегені тіршілікте –
Азаттық алу деген қиын сұрақ!*

*Жеткізу жолын ойлап халық сөзін,
Бойдағы өнерінің тауып көзін,
Лениннің бір бейнесін тасқа салып,
Әбілхан осы кезде танытты өзін.*

*Жұрт көрді саздан мүсін жасағанын,
Тастардан әр түрлі зат қашағанын.
Есімін елге жайды Әбілханның,
Білгендей асулардан аса аларын.*

*Өнердің сырлы әлемін аралатып,
Не істеу керектігін саралатып,
Ең алғаш жас балғынның зор талабын
Қолдаған – фотограф Саламатов.*

*Жүректің айтқызбай-ақ сырын ұққан
Одан соң білім алды Хлудовтан.
Зиялы жан екен ол түйгені мол,
Ететін іштей өзі оны мақтан.*

*Жететін еш нәрсе жоқ дос пейілге,
Қалғаны ұят екен көш кейінде...
Аздығын білімінің аңғарған соң
Әбекең білім құды Мәскеуінде.*

*Зор үміт күтіп ылғы батыл жаннан,
Бір арман қолын бұлғап шақырды алдан.
Директор Фурманова Анна деген
Бағалап қабілетін оқуға алған.*

*Сайрады қыл қаламда құстар біткен,
Күндеді кейбіреулер іштарлықпен.
Ел ішін ашаршылық жайласа да,
Оқыды жанын салып құштарлықпен.*

*Күш алып қолындағы қаламынан,
Үнемдеп күнін көрді тамағынан.
Жалданып, іздеп барып сурет салды,
Қол үзіп кетпес үшін сабағынан.*

*Сол кезде-ақ ағайынға хат жазатын:
«Қытайға жөндері жоқ аттанатын,
Түбінде өкініштен у ішеді
Кей пенде басқа жақтан бақ табатын.*

*Өйткені киелі жер – Атамекен,
Жаныңа сағынышы батады екен.
Тастаған өз бесігін оңбас түбі,
Берілер ондайларға бата бөтен.*

*Сондықтан күдер үзбей болашақтан,
Бақытты тапқан озар жер ошақтан.
Түтіні туған жердің - ең ыстығы,
Жусаны – ең қымбатың бала шақтан.*

*Қиындық уақытша, шыда бәрің,
Жараспас көзден жасты бұлағаның.
Болады арты жақсы, ағайындар,
Тарайды нұрлы әлемге бұлақ әнің».*

*Ақылды сөзге тоқтап туыстары,
Арасы ағайынның суыспады.
Септігі тиіп жатты маңайына,
Ал пасық адамдармен сиыспады.*

*Беруге таппаса да қалыңмалды,
Бір-бірін сүйгендіктен бағы жанды.
Жазында мың тоғыз жүз отыз бесің
Сақыштай қалыңдығын қолына алды.*

*Қызығы, қызы еді ол атастырған,
Көркіне талайларды таластырған.
Сонда да сертке берік, ары таза
Жан екен қылығымен жарастырған.*

*Күндер-ай сырды шертіп таңды атырған,
Биязы мінезімен бал татырған.
Қос гашық қол ұстасып келер жылы
Зымырап бір-ақ шықты Алматыдан.*

*Бірақ та қу кедейлік қысты мұнда,
Тұрмысы тұралаған түсті мұңға.
Әр жерде сурет салып ақша тапты
Құдайдың ми қайнатқан ыстығында.*

*Пәтердің бір адамдай тартты азабын,
Бермеді сұрағанға жат қазанын.
Жоқтықтың тауқыметі шыдатпады,
Тағдыр да тепкіледі тап қазағын.*

*Жанына үйі жоқтық жасаман батты,
Жалдайтын пәтерді де таба алмапты.
Өзінің тұрмысына қарамастан
Жаны ашып Мұхамеджан¹¹⁸ паналатты.*

*Көңілде мүлде кірбің сызы болмай,
Керемет сыйластығын бұзып алмай,
Отбасы екеуінің тіл табысып,
Тар үйді думан қылды қызығардай.*

118. Мұхамеджан Жанкин – жанашыр ағайын.

*Алайда отыз жеті дүрбелеңі
Төбеде қара бұлттай түнереді,
Жанкинді тырнағымен іліп кетті,
Талайдың айтылмады мүлде өлеңі.*

*Әйелі, екі бала қалды зарлап,
Күнде бір құдайды да алды қарғап.
Жұбайы Рабига «Қолды» болып,
Бұл үйге сұм қасірет салды қармақ.*

*Ешімге өздігінен ұрынбаған
Қос жетім қала берді шырылдаған.
Үй табу қиын еді сол бір шақта
Жаламен азаматы қырылмаған.*

*Ызғары қатыгездік шашыраған,
Құтқара алмады адам басын одан.
Жайғасты қызы барып интернатқа,
Ал ұлын ағайыны асыраған.*

*Тексеріп НКВД Әбілханды
Қуырды бидайықша шыбын жанды.
Әйтеуір ешбір дәлел таппаған соң
Жауыздар айтқанына әзер нанды.*

*Не керек, қуып шықты ол үйден де,
Сезінді «мүсәпірдей» өзін демде.
Бермесін мұндай күйді құдай басқа,
Түңіліп кетесіз-ау өмірден де...*

*Өзгерді заман лебі жақсылыққа,
Тосқауыл қойылғандай бар былыққа.
Әбекең өз өнерін жетілдірді,
Қарамай қолды қысқан таршылыққа.*

*Біртіндеп тұрмысы да оңалады,
Қысастық жасағандар жоғалады.
Түзеліп көңіл күйі, шабыт тасып,
Жұмыстан шалқып күнде оралады.*

*Ел мұның өнерінен жеміс күтті,
Маңдай тер арқасында көп іс бітті.
Тұлғасын Абай, Шоқан, Біржандардың
Соқты ол пайдаланып кеңістікті.*

*Қасына келген жанды толғандырар,
Әрдайым халқымызға қорған бұлар.
Бейнесі Амангелді айбарымдай,
Мәнішүктің қату жүзі ойландырар...*

*Осылай жарқ етті ол ел көгінен,
Дарыған өнері бұл жөргегінен.
Гүлназы, Нұртас, Нұрхат, Әбілтайы
Ақтады әке үмітін еңбегімен.*

*Бәрі де өз орынын тапты өмірде,
Әрбірі гүлден алқа тақты өңірге.
Отанның нық шегесі болған жандар,
Мейірім толы ыстық ақ көңілде.*

*Бергеннен берері көп халқына әлі,
Соған тек жету үшін талпынады.
Әбекең болса егер дәу бәйтерек,
Ұл-қызы көктеп тұрған жапырағы.*

*Дүние аумалы да, төкпелі де,
Біреулер жетпей кетті-ау көктеміне.
Атында Қастейұлы мұражай бар
Айналған жас ұрпақтың мектебіне!*

**«АДАМЗАТТЫҢ АЙТМАТОВЫ»
(1928 - 2008 ж.ж.)**

*Ку Шыңғыс хан жүртты ұстаса күндікте,
Абыз Шыңғыс¹¹⁹ шақырды елді бірлікке.
Жұмбақ әлем қос Шыңғыстың есімін
Бір кісідей таныды анық тірлікте.*

*Біріншісі дүниені жаулады,
Өзі нағыз қанішерден аумады.
Ал екінші, Шыңғыс жазған мол мұра
Сексен миллион оқырманын баурады.*

*Көшбасшылық көсемдігі ғаламат
Шыңғыс ханның астындағы жарау ат
Мерейі үстем – талай қырғын жорықта,
Ал иесі – бір Аллага аманат!*

*Шоң Шыңғыстың жазушылық қаламы
Дүр сілкінтті киелі кең Даланы.
Ойы – жеміс, тәтті тілі Шыңғыстың
Сүйсіндірді бүкіл қарт пен баланы!*

*Жау қорықты билік құмар Шыңғыстан,
Басын иді дұшпандары қырқысқан.
Бірақ көзі тоймаса да өлімге,
Шықты ақыры тізгін жайлап уыстан...*

*Шыңғыс ханды Гитлерге¹²⁰ теңедік,
Деген жоқпыз Ескендірден¹²¹ кем едік.
Алайда оны жамандыққа қимадық,
«Құдай өзі қолдағанын» еледік...*

*Дегенменен, жөні бөлек қырғыздың
Көтерілген биігіне шың-құздың!
Нұрлы Күннің шуағындай таратқан
Қүдіретті махаббатын мың қыздың!*

**Қырғыз Шыңғыс қаламгерлік қуатын
Жұмсады ылғи игі істерге жуатын**

119. Абыз Шыңғыс – Шыңғыс Айтматов, классик жазушы, академик.

120. Адольф Гитлер – Дүние жүзін жаулауға күш салған басқыншы.

121. Ескендір Зұлхарнайын – әлемді жаулаушы.

*Оқырмандар жүрегіне сіңірді
Халық муңын, мақсаты мен муратын!*

*Осы арада ақын біткен жыр етер
Ерлігіне қыран құстай түлөтер
Тәтті болып аңыз қылдық гажайып,
Күнді елмей басымыздан бір өтер.*

*Дана адамдар салар өзін қиынға,
Қызықпайды байлығыңа, тиынға.
Ұлы Мұхтар Шахановтың ағынан
Шын жарылып айтқан сөзі миымда!*

*Былай деді: «Ар-намысым асты өрден,
Жібермеді жалғандыққа тас кеудем.
Мың тоғыз жүз тоқсан бірде ұмытпай
Ғұлама жан хабарласты Мәскеуден.*

*Ол амандық-саулықтан соң тек бірден
Құдай сақтап құтылғанын дәгбірден
Баяндады інісінен жасырмай,
(Мазаң кетер тазармаса бет кірден).*

*-Тайдырмаққа әуес сені жат жолдан,
Шығармайды жұрттың көбі тақты ойдан.
Қырғызстан Президенті болар ем
Мен келісем қыдыр дарып, бақ қонған!*

*Әңгімесін телефоннан жай тыңдап,
Дос ағама дедім сонда қалжыңдап:
-Әсіресе, маған жасап мол зала,
Қор қылдыңыз берген тақты «алтындап».*

*Арқаңызда абыройы асатын,
Мені айырып сәттен шалқып тасатын,
Жан табылмас Сіз секілді үркектеп
Жер-жаһанда «Алтын тақтан» қашатын.*

*-Мүмкін. Бірақ әркім сезіп шамасын,
Есептесін бақ пенен сор арасын,-
Деген кезде қалдым мен де ойланып,
Құдай қақты ауыр жүктеп данасын.*

*Қарап тұрмай дедім оған сонда да:
-Рухани парасаттан сорлы ада!
Мұндай жандар көсемдерде көп әлі,
Жемқорлығы бір бітпей-ақ қойды, Аға!*

*Бойыңызға жарасымды табиғат,
Үзілмесін мезгілсіз бұл тамшы зат.
Елдік мүдде қазанына күйесі
Жұқпаған ер боларыңыз – ақиқат!*

*Жаныңызға теріс кеткен батты ағыс,
Төккен терің – пенделіктен жатты алыс.
Тым құрыса елге осы жағынан
Көрсететін тағылымың – Мақтаныш!*

САҒЫНЫШ

(Төлеген Айбергелұлына, 1937-1967ж.ж.)

*Сағыныш жайлы толғансам болды, осы мен
Іздеп те сені Жұлдызға сонау, Ай бардым...
Атқылап жатқан вулкандай жердің төсінен
Сағынышыңнан айналдым!*

*Әніңді шырқап туган жер – өскен өлкеден
Амалсыз кетті-ау аққулар әрең қимастан.
Отыр ма жеңгем махаббат дерті өртеген
Ақ дастарханын жимастан?...*

*Жырыңды тынбай қайталап жатқа шартарап,
Іздеумен сені қара жер жатыр дөңбекиіп.
Қазбауыр бұлттар сағыныш сазын арқалап,
Барады жоқтап ол да өксіп.*

*Өмірді мынау ағыл да тегіл жыр еткен
Сезімі неткен көл- көсір еді тұңғиық,
Кімге де болса ақтарылып шын жүректен,
Жүруші ең әркез нұр құйып.*

*Бұл күнде жоқсың, қайдасың, сырышыл жан ағам,
Кезеріп ерін, шөлдердің күткен нөсері ең.
Сенім арт маған, жолымды жырдан таба алам,
Көгерер әлі көсегең.*

*Келіп кет ыстық оралып туған мекенге,
Аңсап жүр анаң табанда тойын жасардай.
Жүректі тербер жырыңа деген кетем бе
Сағынышымды баса алмай?!*

АҚЫНДАРДЫҢ КЛАССИГІ АТАНҒАН
(Мақатай Мұқағали Сүлейменұлына, 1931-1976ж.ж.)

*Құт дарытқан жырын оқып өскенге,
Сырын тоқып толғанады Көкшең де!
Өлеңі Алтай, Атырауды балқытқан
Тау тұлғалы Мұқағали – сексенде!*

*Бастан кешіп небір ауыр сынақты,
Биік ұстап ар-намысын, ұятты
Өткен ақын Мұқағали тұр асқақ
Теңдесі жоқ Хантәңірі сияқты!*

*Жыр оқыса Күн күркіреп аспаннан,
Алай-дүлей долы дауыл басталған...
Тіршілікте менмін деген батырлар
Тік қарайтын жанарынан жасқанған!*

*Жоқтық қатты қысқанымен кең болған,
Мұқтаждарға бола білген ол қорған.
Тірісінде бөленбесе атаққа,
Көз жұмған соң даңқы оның жер жарған!*

*Тірісінде шығып қалып қатардан,
Есімі де амалсыздан аталған
Мұқағали мойындатып барлығын
Ақындардың классигі атанған!*

*Сондықтан да зәру емес мақтауға,
Иығына барып қонған бақ тау да!
Мәні терең мәңгі өлмес мұрасын
Кейінгі ұрпақ бойтұмар ғып сақтауда!*

ЕСТЕЛІК

(Мұқағали Мақатайға)

Мұқа!

*Сіз туралы ініңнің аз білгені,
Қасиетті ағамсың жаз күлгені.
Мың тоғыз жүз жетпістің желтоқсаны,
Әлі есімде жыр кеші ҚазМУ-дегі.*

*Зал лық толы, орын жоқ ине шанишар,
Сахнаға ауыпты барлық аңсар.
Төрде Өзіңіз отырсыз тау тұлғалы,
Мінезіңіз танылып нағыз қайсар.*

*Көз тастайсыз қырандай айбарланып,
Жұртың соны сол сәтте қалды аңғарып.
Арқалы ақын Өтежан Нұрғалиев
Қасыңызға жайғасты маңғаз барып.*

*Бәлкім, қазір жыр қызып қаныңызда,
Ойға алдыңыз тигенді шамыңызға.
Ірі ғалым Тұрсынбек Кәкішев пен
Садырбаев Сұлтекең жаныңызда.*

*Шуақ шашып әрдайым жан-жағына,
Жетсем дейді әр пенде арманына.
Арналды осы жастардың жыр додасы
Дана Мұхтар Әуездің аруағына.*

*Бүгін кеште Өзіңіз басқаратын
Оқыды өлең отыздан астам ақын.
Бәрі де іштей қобалжып тыпыршыды,
Даңқыңыздан сияқты жасқанатын.*

*Аспас тегі десемде кісі арнадан,
Құйылғандай бойға бір күш Алладан.
Мен де оқыдым жамылып жұмысшы атын,
Мұңымды айтып оқуға түсе алмаған.*

*Қос жанардан гажайып от өріліп,
Сөйледіңіз мінбеге көтеріліп.
Әр шайырға бердіңіз өз бағасын,
Қауқарының шамасын жете біліп.*

*Алты ақынға арнайы тоқталдыңыз,
Жүрегіне маздайтын шоқ салдыңыз.
Алтыншысы болған бұл мен жайында
Сын садағын тартуға оқталдыңыз...*

*Алайда Сіз жып-жылы сөзіңізбен
Ұшырдыңыз жыл құсын көзімізден
«Сары уайым жігітке жараспас» деп
Күттіңіз бе зор үміт «езіңізден?».*

*Қара қылды қақ жарған өр үніңіз
Әсер етіп, көңілде еріді мұз.
Мені оқуға түсірді таныссыз-ақ
Оттан да ыстық сондағы лебіңіз!*

ЖАНЫМДЫ ЖЕГЕН ДЕРТ
(Рысқұлбек Қайрат Ноғайбайұлына, 1966-1986ж.ж.)

*Қайрат інім, сен қандай бақыттысың,
Оны жұртқа паш етіп танытты ісің.
Буырқанған Желтоқсан дауылында
Бұқпантайлап дәл мендей күн кешпедің,
Қарындасты қорғады намыс күшің.*

*Толып жатқан онсыз да сұрақ алды,
Кешіре алсаң, кешіргін бұл ағаңды.
Еті үйренген қорқақтық ауылында,
Мен сияқты ездермен тілдеспедің,
Отты жсырың жұбатты жылаганды.*

*Сол күндерді есіме жиі аламын,
Қалай ғана жер басып жүре аламын?
Жетіп бардым «горкомның» нұсқауымен,
Жасың кіші болса да, ойым төмен
Болғанына мен бүгін ұяламын.*

*Шындық іздеп ішінде жүрдің көптің,
Оңашада жаныңның мұңын төктің.
Әлдекімге «үш әріп» қыстауымен
Жала жапқан күнәсін ақтар немен?
Ал, сен болсаң – нақақтан қыршып кеттің.*

*Туған- туыс, дос-жаран, қауымына-ай
Ажсалыңның соншалық ауырын- ай!
Әділеттің ақ туын құлатпаған
Өзіңдей ұл сиректеу тіршілікте,
Өкінішке қарай бұл, бауырым-ай.*

*Құлығымен біреулер жан бағады,
Арын сатып кейбіреу қарғанады.
Мойнындағы парызын шын ақтаған,
Ұқсамаған бос кеуде, құр шірікке
Сендей ерден бар қазақ айналады.*

*Кей адамдар шөп басын сындырмаған,
Өмірінде еш нәрсе тындырмаған
Желтоқсанның ызғары басылған соң
Корсетіп жүр «батыр» гып өзін-өзі,
Ең болмаса, өтірік қынжылмаған.*

*Құдай жөнін табады ондайлардың,
Солар деп ұқ нақ өзі сормаңдайдың.
Барлық сыры түбінде ашылған соң
Қалай өзін пақырың сезінеді,
Із қалмайды соңында қор болғанның.*

*Күрең шайы анаңның ішілмеді,
Бірақ әкең еңсесін түсірмеді.
Сенен сотқар шықпасын білген олар,
Оған куә – ақындық сағынышың
Ақтарғызған шеріңді ішіңдегі.*

*Қайрат інім, сен қандай текті едің,
Имандыққа табынып өтті демің.
Кеудеңдегі қыраның шыңға қонар,
Махамбеттей халқыңның дарынысың,
Бауыржандай айбатты, өткір едің.*

*Бауыр десе езіліп елжіредің,
Таза бұлақ сияқты мөлдір едің.
Күйі өзің боп кеудемнің туған жыры,
Сені жоқтап көзімнің тамды жасы,
Тәуелсіздік туындай желбіредің.*

*Байқоңырдан зорға бұл қазақ ұшқан,
Ал Семейі у ішіп, аза құшқан.
Азаттықтың алғашқы құрбандығы,
Азаттықтың алғашқы қарлығышы
Болған саған – қарыздар Қазақстан!*

«БӘРІМІЗГЕ ҰСТАЗ БОЛҒАН ҰЛЫ АДАМ»
(Қонай Дінмұхамед Ахметұлына, 1912-1993 ж.ж.)

*Таластағы тоқсан жылдық тойыңыз –
Жас ұрпаққа сабақ қылар ойымыз.
Сіз деп қана ел жүрегі соғады
Болғанымен қаншама ауыр жолыңыз.*

*Намыс қайрап қарапайым даңқыңыз,
Өз күшімен той жасады халқыңыз.
Ұлыңызды толғандырды еріксіз
Даналыққа тұнған ойлы қалпыңыз.*

*Жан бітіріп шөлге көні кезерген,
Тасты ерітіп түсі суық безерген,
Аман-есен елді алып шықтыңыз
Еңсені езген небір қилы кезеңнен.*

*Сіз басқарған кезде күннен бал тамып,
Еліңіздің кең пейілі байқалып,
Мыңғырған мал қырда қаптап жататын,
Тұрушы еді астықты алқап жайқалып.*

*Тырбанады қалдырмаққа әркім із,
Бірақ белі босаң әңкі-тәңкіміз.
Үш жүз түгіл, барлық ұлтты бөлмеген
Парасатты тұлғаңызға тәнтіміз.*

*Мінезіңіз Алатаудың жазындай,
Ал үніңіз күйдің қоңыр сазындай.
Сізге деген елдің құштар көңілі
Алаулаған Амангелді газындай.*

*Ақымақтың жүрген жері - күйзеліс,
Берді нәрлі әр сөзіңіз – бізге күш.*

*Бөлтіріктей бабаңыздың зиратын
Іздеп тауып, тындырдыңыз үлкен іс.*

*Өйткені шын Сізге дарып киесі,
Атандаңыз кемеңгер ой иесі.
Сақталды тек санаңыздың түбінде
Қазақ деген аруақтардың күресі.*

*Соңдарынан шуақ шашпай, өрт өрген
Тексіз жандар көпке ұзамай ерте өлген.
Бәрібір Күн шығатынын жарқырап
Ұқпайтындар қызғаныштан өртенген.*

*Қырандардың бөлек көкте самғасы,
Ел деп ердің мүмкін емес жанбасы.
«Бәрімізге ұстаз болған ұлы адам», -
Деп шәкірттік басын иген Елбасы.*

*Дәл осыны түсінбеген пенделер
Жел айдаған қаңбақтай тез дөңгелер.
Артық айтсам, кешіріңіз, Димеке,
Кімнің дұрыс, бұрыстығын ел көрер.*

*Дәтке қуат иман толы қалтаңыз,
Қандай ыстық қарапайым қалқаңыз!
Бармақтай бақ қонса егер талайға,
Ол да – Сіздің қасиетті арқаңыз.*

*Кісілікке кір шалдырмай көлденең,
Аунап қазір жатқан шығар зор денең.
Сіздің желеп-жебеуіңіз болар бұл,
Сүйреп кетті мені бүгін өрге өлең!*

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАМЫН ЖЕГЕН ӨЗІҢІЗ-АҚ
(Дінмұхамед Ахметұлына)

*Кешегі не десе де жақтасыңыз,
Димеке, шын өнеге – отбасыңыз!
Біреулер сыртыңыздан күңкілдейді
Екенін сезбей жұмақ, бақ қасыңыз!*

*Кей пенде ұрпақсыз деп мысқылдайды,
Өзінше сасық байлар пысқырмайды.
Ұқпайды-ау қу құлқынның құлы екенін,
Болғанын ұл-қызы да – міскін қайғы.*

*Пақырлар сөйтіп жүріп талтаңдайды,
Шындықты көзге шұқып айта алмайды.
Өз тілін, өз анасын қорлап бітті,
Сондықтан халық көшін тарта алмайды.*

*Білмейді көбі соның өмір мәнін,
Байлықтың буы есірткен көңілді әнін.
Жұпыны тұрмысына ел -жұртының
Мақтанып қарсы қойған үйдің сәнін.*

*Сіңбеген ұлттық рух ұл- қызына,
Табынған Батыстың шоу жұлдызына.
Бөктерін Алатаудың менсінбейді
Қызығып жат жұрттықтың шың-құзына.*

*Баласы біреуінің көше кезген,
Үйінен қашып ылғи, неше безген?..
Ал, қызы тиіп кеткен ағылышыңа
Жеркеніп өз ұлтының «есегі – езден».*

*Менменсіп жекіретін малайына,
Кезіктім мұндайлардың талайына.
Осылай өмір сүріп ақыл айтқыш
Топтанған жылпостардың маңайына.*

*Алайда барлығы оның бақытты емес,
Санайды уақытша уақытты елес.
Шығарған естерінен түбінде бұл
Шешеріп мәселені Халық кеңес!*

*Бақытын іздемеген өзге арнадан,
Өмірін гұмыр бойы елге арнаған,
Димеке, Сіз тәрізді басқара алмас
Өңшең бір газ-мұнайлы кенді арбаған.*

*Өйткені жұрт алдында сөзіңіз – ақ,
Бар ұлттың Сізге деген сезімі жақ,
Жинамай, еш қызықпай дүниеге
Қазақтың қамын жеген – Өзіңіз -ақ!*

*Ер елін ешқашан да ұмытпайды,
Ез, шіркін, мал мен мүлкін құлыптайды.
Димеке, өз балаңыз болған халық
Бәрібір Сізді ғана ұлықтайды!*

АЛЫП НАРЛЫҚ
(Дінмұхамед Ахметұлына)

*Сіз туралы алғашқы өлең жазылды,
Айтсам деп ем балалық бір назымды.
Одан гөрі жетізгенім жөн шығар
Кеудемдегі сағынышты сазымды.*

*Ұлыңызбын алдыңызға бармаған,
Өз сөзінен ешқашан да таймаған.
Қырық жамау жүрегімнің жыр гүлін
Тоқсан жылдық тойыңызға арнаған.*

*Мен де Сіздей қиындықты көп көрдім,
Жұртты алдаған алаяқты жеккөрдім.
Қысастығын менменсіген талайдың
Сенгіш аңқау басымнан бұл өткердім.*

*Мен де Сіздей Ленинге шын берілдім,
Сол биіктен келеді ылғи көрінгім.
Жалған сөйлеп көлгірсіген жерім жоқ,
Туған елдің арбасына жегілдім.*

*Мен де Сіздей оны міндет етпедім,
Табан ақы, маңдай термен көктедім.
Айнымадым мұратымнан алдағы,
Қашанда аппақ арманымға беттедім.*

*Бақыт тілеп өмір сүрген бар жұртқа
Мен де Сіздей қызықпадым байлыққа.
Еліктедім халық жүгін көтерген
Бойыңызға біткен Алып нарлыққа!*

ҮЛКЕН КІСІ
(*Дінмұхамед Ахметұлына*)

*Әнін шығарған: Құдиярбек Ағыбаев.
Сөзін жазған: Зернебек Шілдебайұлы.*

*Ұлттық мұрат жататын ірі ісінде,
Бір міні жоқ сөзінің тігісінде
Димекеңді деді елі «Үлкен кісі»
Баяғыда-ақ көзінің тірісінде.*

*Қ а й ы р м а с ы:
Заманының ойлысы,
Еңселісі, бойлысы,
Адалдықтан жсаралған,
Әділдіктен нәр алған,
Дүниеге қызықпай
Мейірімі таралған
Бізге өнеге – болмысы!*

*Мойындаған Батысың, Шығысың да
Дуалы ауыз басшы еді тумысында.
Болғанына қарамай көрсетті ерлік
Бүкіл билік Мәскеудің уысында.*

*Жан емес ол өмірде аласарған,
Қарсы алатын адамды балаша алдан
Туған халқы тәлімді сабақ алды
Қасиетті осындай дана шалдан!*

МӘҢГІ ӨНЕГЕ
(Дінмұхамед Ахметұлына)

*Тәңірге ғана сыйынып таратқан ыстық Күндей нұр,
Димекең жсайлы толғанып толыпты жсайнап гүлге қыр.
«Ұстазы жақсы кісінің ұстамы мықты-ау» қашанда,
Әбдірайымұлы Серіктің сұхбаты – сабақ, бізге – жыр!*

*Бұл сұхбат мені салмақты, тым терең ойға батырды,
Ақынның тербең қиялын, шабытын оның шақырды.
Оқыпты сонда Димекең жетінші мынау сыныпта,
Ұстазы Анна Шурова жан екен өте ақылды.*

*Талапты шәкірт туралы былай деп еске алады,
Болды ғой оқыс оқиға түсірген кірбің шамалы.
Бір күні Димаиш дәріске дәл екі сағат кешігін
Келіпті бұзып тәртіпті, басқаша қалмай амалы.*

*Ұмытып жолын кәдімгі қисынын табар дананың,
Жетекші ұстаз шыдамсыз қылығын істеп «шаланың»
Мұғалім біткен отырар бөлмеге ертіп келіпті
Анықтап алмай кешігу себебін алғыр баланың.*

*Ұяңдау балғын сабырын мақтаныш сезім жеңбеген,
Жасаған жақсылығын да ешкімге бұлдап көрмеген.
«Екінші қайталанбайды», - деп сұрап Димаиш кешірім,
Қысыла шығып кетіпті қасиет сіңген бөлмеден.*

*Балқытар жанды, шынында, емес қой өмір – ария,
Бір айдан кейін, бір күні Крутов деген қария
Мектепке іздеп барыпты, «Қонаев деген жас бала
Сіздерде бүгін оқи ма?» - депті үнмен жүртқа жария.*

*Тап осы сәтте барлығы қалыпты елең етісіп,
Қойды екен неі бүлдіріп? Жүр екен кіммен шекісіп?
Мазалап жұмбақ сауалдар бәрінің нәзік жүрегің
Ауыртты қатты онсызда тұрмаған, сірә, жетісіп...*

*Байқаған мұны қонақ та жалғады сөзін жағымды:
«Тәрбие беріп жүрсіздер жастарға кілең жалынды.
Сондықтан бұрдым ат басын айтсам деп алғыс Сіздерге
Жандырған менің қайтадан өлмеші сәуле бағымды.*

*Ұстаған талмам сұлатып тастаған жерде жатқанда,
Білмеймін өзім, Жаратқан сыйлаған маған бақ бар ма?..
Қонаев кенет құтқарды аузынан зұлым ажалдың
Зін-зілдей мені арқалап емхана жаққа «шапқанда».*

*Дәл қазір сайрап тұрмас ем, ол бала егер болмаса,
Өлім де, бәлкім, жоламас Алланың өзі қолдаса?!
Өтінем, тауып әкеліп алдыма сол бір баланы,
Бөлесеңіздер шаттыққа, ырзамын халқым тойласа!»*

*Осылай шал да елжіреп шерткенде сырын ақтарып,
Димашты тауып әкелді, шаруасын жүрген атқарып.
«Кұдайым берсін денсаулық, бақытты адам боласың!» -
Деп қартым сүйді шәкіртті жүрегі толқып шаттанып.*

*Еріксіз тосын оқиға қолыма қалам алдырды,
Қайырымдылық, мейірім азайған қоғам аң қылды.
Бүлдірішін тұрмақ үлкендер қатыгез болған заманда
«Адас қан күшік секілді» қайырышы басым қаңғырды!*

*Бүгін де тапшы қоғамда құрметпен қарау көнеге,
Кезеңде мынау аумалы үстемдік еткен бөдене,
Тазалығы мен адалдық бойына жастай дарыған
Имандылығы жоғары Димекең – Мәңгі өнеге!*

ФИБРАТ

(Дінмұхамед Ахметұлына)

*Жер мен көктей – ез бен ер айырымы,
Шын сүйкімсіз – жоқ адам қайырымы.
Күндіз-түні есімнен шықпай қойды
Төмендегі оқиға тағылымы.*

*Толгандырды осы бір сыр бөтенді,
Қайран қазақ көп айттық құр бекерді.
Жағымпаздар жарыса мақтап жатыр
Көзі тірі кезінде Димекеңді.*

*Былай деді біреуі шімірікпей,
Мадақ сөзін көмейде бір ірікпей.*

*Сіздей көсем келмейді дүниеге,
Сексенде де ширақсыз тың жігіттей.*

*Жүріңіз деп тірлікте Айдан да алда,
Енді бірі теңеді пайғамбарға.
Атандыңыз үш мәрте Еңбек Ері,
Өзіңізден, шынында, озған бар ма?!*

*Түкке алғысыз етіп бұл кейі Күнді,
Қоздырды әбден мақтаншақ желігімді.
Сол бір сәтте Димекең әлгі қуға
Сұрақ қойды үнімен мейірімді:*

*-Шырағым-ау, қарашы құлағыма,
Көңіліңе түр-түсі ұнады ма?
Тұр ма екен қызарып батқан Күндей,
Көкжиектен әлде асып құлады ма?*

*Мүлде ыңғайсыз күйді өзі кешпегендей,
Деді бірден әлгі қу еш бөгелмей:
-Қызарып тұр, Димеке, құлағыңыз
Ойымызды мақұлдап қош көргендей!*

*-Жоқ, шырағым, қызарды мақтағаннан,
Жел сөздерің ішіме жақпағаннан.
Қызарғаны – бар екен әлі ұятым
Кір жуытпай абырой сақтағаннан!*

*Ізгілікке қашанда толы бойы
Димекеңнің саф алтын – нағыз ойы!
Ұмыттық-ау асқақтап тұратынын
Ұяты бар адамның абыройы!*

ҮШ ОҚИҒА

(Қонай Дінмұхамед Ахметұлына, толғау)

ТАМЫЗЫҚ

*Жолда қалар көкірегі қуыс ер,
Көпке ортақ – жаны адал туыс ер.
Ұлы адамның ұлылығын әдейі
Көрмегенсің өткен құлар у ішер.*

МАЗДАҚ

*Қарайтұғын күйіне де, сүйіне
Адамзаттың тағдырына кім ие?
Өткенің де, бүгінгің де, ертеңің –
Бәрі мидай араласқан дүние.*

*Әр ғасырдың – өзіне тән бояуы,
Мүлде бөлек бір-бірінен сояуы.
Зер салсаңыз – адамы да сан алуан,
Әсер етер ұйқышылы, ояуы.*

*Қын түбінде жатпасы анық ақ алмас,
Құлық сауған пақыр жаны тазармас.
Бірақ тарих шежіресін әр кісі
Қалауынша бұра тартып жаза алмас.*

*Шау тартқанда шер тарқатып сырласар,
Ешкімі жоқ сөрлы аспаным мұң басар.
Ал жақсылық істеуімен ел үшін
Тарихта аты қалатындар мың жасар!*

КІЛТ

*«Қоңжайынның қас- қабағын кім бақты?»-
Деген сауал жүзінде тұр күнқақты.
Ауыр ойдың шырмауында отырған
Иманғали Тасмағамбет¹²² тіл қатты:*

122. Дастанға арқау болған үш оқиға Иманғали Тасмағамбетовтың «Ана тілі» газетінде (№26(605), 20 маусым 2002 жыл) «Бір кештің ұлағаты» тақырыбымен жарық көрген мақаласынан алынды және шығарма соның негізінде жазылды.

*-Сол бір кештің ұлагаты ойымда,
Соны жазып жеңілдеді бойым да.
Дуылдадық отыз шақты нән қонақ
Сексендегі дана Димаш тойында.*

*Кейбіреуі ішкі есебін жасырып,
Кейбіреуі айтты ойын ашылып.
Димекеннің елге сіңген еңбегін
Мақтап жатыр бір-бірінен асырып.*

*Ақсақалдың алды қандай кең еді,
Жарасымды қалжысымен жебеді.
Теңеу таппай қиналды әбден даурығып,
Әккі пысық пайгамбарға теңеді.*

БАСТАУ

*Сағат тілі – түнгі он екі шамасы,
Мадақтаудың бабына енді сабасы.
Сөз кезегі тиген кезде қарт абыз
Былай деді: «Шырақтарым, қарашы.*

*Күшін жойып бір пәс мендік қайғының,
Мақтауымды қатырдыңдар барлығың.
Көңілімді сергіттіңдер керемет,
Жүрегімді толгандырды нарлығың.*

*Сөз сөйлесем әрқайсысың жайында,
Жетпейді уақыт – күнің тұрмақ, айың да.
Жыр қылайын үш оқиға туралы
Жүрген әлі ұмытылмай жадымда.*

*Біріншісі. Талдықорған аймағын
Араладым, оймен шолып жан-жағын.
Ерген маған обылыстың басшысы
Білдіргендей өзінше ақыл салмағын.*

*-Димеке, мен газжап шошқа фермасын
Салып едім, берді көлдей пайдасын.*

*Өнімі көп, жер жарғандай атағы,
Таптым солай табыстың кілт – айласын.*

*Айналасы – таза, көркем, жап-жарық,
Тал егіліп, суға қарық болды арық,
Дәулеттенген қысқа мерзім ішінде
Жаудырды алғыс жергілікті жай халық,-*

*Деп мақтанды өзіне ырза кейінде,
Мас тәрізді бойындағы желікке.
Жарылардай ақ түйенің қарыны,
Сыймай тұр-ау қуанышы көлікке.*

*-Айтқаны – рас, жем-шөбі мол құнарлы,
Ферма маңы жып-жисақы, ұнамды.
Торай, шошқа – бәрі өріп жүр қорсылдап
Емін-еркін қандырғандай құмарды.*

*Бірін-бірі арқасынан қаққылап,
Бірін-бірі әзілімен атқылап,
Қазақы қыз, келіншектер жайдары
Өз жұмысын атқаруда шапқылап.*

*Дәл сол сәтте осы ойымды ұққандай,
Тазыдайын қоян қуар құтқармай:
-Димеке, бұл бір қулығым асырған,-
Деді күліп жауды жеңіп шыққандай.*

*-Қазақ қызы ұрламаған торайды,
Сондықтан да кірісіміз молайды.
Бес-алтыдан балалайды ең азы,
Бағып-қағып етке өткізсек – қолайлы,-*

*Деген оған не дерімді білмедім,
Иштей бірақ келді сөгіп тілдегім.
Ал қулығы қулық еді-ау жымысқы,
Бақай есеп деп тұрғандай:»Мін бе?»- едім.*

*Қорлайтұғын ұлттығыңды, дініңді,
Бөтен сөзбен былғайтұғын тіліңді,
Сұм қулықпен басқарғаны сабаздың
Жанды ауыртты жарадай бір іріңді.*

*Салтыңды езген құрысын-ау қулығы,
Бұдан гөрі жақсырақ қой ұрлығы.
Азар болса кетер еді сотталып,
Болған жаман өз халқыңның сор мұңы.*

*Шат-шадыман жадыратқан өмірін
Бұза алмадым көтеріңкі көңілін.
Не де болса іштей тындым сыр бермей,
Дәтім бармай басуға оның жселігін.*

*Абыройға бөлемейді қу амал,
Тақта мәңгі қалдыра алмас, сірә, мал
Тірілікте жетпейді екен еш нарсе
Өз еліңе болғаныңа шын адал!*

*Былай болды, адекініші жағыдай:
-Таудан құлап, зулап ақты ақ ылай.
Тасқынды сел қиратардай қаланы.
Табиғат та кетеді екен танымай.*

*Жойқын селді тоқтата алмай шаршадық,
Созан қалай жету жолын аңсадық.
Осы кезде жәй сөйлейтін асықпай
Бір қарт жетті қос аяғын басқан нық.*

*Секілді ол күнде таныс қартымыз,
Жан тәрізді бұрыннан бар шартымыз.
-Ау, бауырлар, шолақ ойлы жұмысың
Түк өндірмес, әлі тесік – артыңыз.*

*Біткен іс жоқ, қу тірлік қой құм қапқын,
Маған қазір елу солдат, шиі тапқын,-
Деп қария кішіпейіл түрімен
Ұнатпады қимылды бұл жау шапқын.*

*Сездірместен сөзі жанға батқанын,
Сенбесек те тауып бердік айтқанын.
Шиді жайып, сазды орады сонымен,
Көзбен көрдік әдемі айла тапқанын.*

*Елу солдат күшімен саз тасылды,
Шыққан Күндей жұрт қабағы ашылды.*

*Топырақ пен қара тасты шыдатпай
Шайып жатқан су арыны басылды.*

*Осылайша қала аман тасқыннан,
Табиғат та жеусыды қас қылған.
Қош айтысып кетті ақсақал жөнімен,
Бізді ұялтып тілімен бал аштырған.*

*Сонда ойладым: «Ақылы асқан халықтан
Дана жоқ деп ұлылығын танытқан.
Адал болсаң келеді екен көмекке
Туған елің сәттеріңде қамыққан»*

*Күндер зулап өтіп жатыр, апыр-ау,
Әркімге арман – қоғамда бұл жарқырау.
Бастан кешкен осы үшінші оқиға
Болған еді өлкесінде Атырау.*

*Шопан аман болса екен деп малымен
Ел аралап жүрміз жұмыс бабымен.
Қасымдағы азаматтар бір кезде
Айтты өтініш маған қарап жайымен.*

*Елі үшін терін төккен малышына,
Соқсақ деді бір атақты малышыға.
-Егіз сәби дүниеге келіпті,-
Деп қосты ойын көмекшім де қаршыға.*

*-Бәрежелді, сый-сыяпат алайық,
Содан кейін шырқап әнге салайық,-
Дегенімде жайраң қақты айналам
Пішінменен жұрт көңілін табайық.*

*Келіп айттық бауы берік болсынды,
Алды шопан лайықты зор сыйды.
Малшы қауым шаттанады мәз-мәйрам,
Сезгендей-ақ маңырады қой «сырды».*

*Әзілдесіп арығымыз, қоңдымыз,
Мәре-сәре қысқамыз да, бойлымыз.*

*Дедім сонда: «Отағасы, егіздің
Қасиетті атын қалай қойдыңыз?»*

*Аргы-бергі кедергіні жапырып,
Үй иесі сөз сөйледі сапырып.
Деді маған: Есімдерін, Димеке,
Елден ерек қойдым өзім қатырып.*

*Қашанда ашық ырыс толы есігі,
Ұнайды анық жүрегімнің шешімі.
Біреуінің аты Максим атанса,
Горький болды біреуінің есімі!»*

*Үнсіз қалдым. Ішім удай ашыды,
Басымдағы қаным шапшып тасыды.
Өз қолымды өзім кесе алмадым,
Амалсыздан жігерім де жасыды.*

*Еліктеуден туган қайран надандық
Тайдырды ерді тура жолдан адамдық.
«Максим» деген тек «Горькийге» жарасқан,
Талай бармақ шайнатады-ау балаңдық.*

*Малданумен сырттан таңған мазақты,
Құтылмаған тағдырынан азапты.
Ұрпағының көтертпейді еңсесін,
Көркейтпейді мұндай есім қазақты.*

*Дау да, жау да – ұлттық намыс олқы үйден,
Талайынан бас жарылып, қол күйген..
Аңғал әке ойламайды-ау күні ертең
Тарайтынын үрім-бұтақ Горькийден.*

*Тағы солай шырқын бұзбай бұл тойдың,
Шықтым үйден жетегінде бұлт ойдың.
Осы болды мен жіберген қателік,
Түскеңдеймін табанына күрт ордың.*

*-Иә, жайсаң қонақтарым құрметті,
Дей алмаспын көп өмірім құр өтті.*

*Ширек ғасыр ел басқардым, ырзамын,
Өздеріңмен еккен талым гүлденді.*

*Құнын біліп жылуы ем жарықтың,
Арасында жүрдім ылғи халықтың.
Торуылдап жолбарысы, түлкісі
Ойнайды екен төбесінде алыптың.*

*Тілін тауып Мәскеуіңмен ұғыстым,
Ұлтым үшін кейде жорта ығыстым.
Бірақ өзім елден үлкен болмауға
Миды жұмсап, гұмыр бойы тырыстым.*

*Кім ойламас туған жұртың, мекенің,
Құлпырттым ба Алатаудың етегің?!
Елден биік емесіме – мың тәубе,
Соны өзіме шүкіршілік етемін.*

*Жүзеге асты ұйқыдағы түстерім,
Төске өрледі маған сенген күшті ерім.
Әрине, осал тұстарым да аз емес,
Жеткілікті игілікті істерім.*

*Мүмкін, әлім жетпеді ме кей іске,
Көз салмаған сәтім де бар еңіске.
Әлде ойыма келмеді ме түзету,
Заман, билік жеткізбеді-ау жеңіске.*

*Сендерсіз бұл тіршілігім оңған ба,
Бақыттымын – басыма бақ қонғанға!
Құдай ұрып әлде бәрін кеш ұқтым,
Бастан кештік бәрін қалай болғанда.*

*Шын махаббат тұнығына қанбайсыз,
Кейде мынау көңілімде бардай сыз.
Не десем де, өз баламдай – ел-жұртым,
Сондықтан да өмір сүрдім армансыз.*

*Қартайғанда алдан бізді кім күтсін,
Арты ашылар қанша жерден сыр бүксін?!
Шаңыраққа келген сыйлап «аға» деп
Бәріңнің де қадамыңа гүл бітсін!*

СОҢҒЫ СӨЗ

*Бара білген астарлы сөз парқына,
Қалдырмаған алтын, күміс артына
Ұлы адамның ұлылығын паи еткен
Үш оқиға – мәңгі сабақ халқыма!*

ПРЕЗИДЕНТ АНТ БЕРГЕНДЕ
(Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлына, 1940ж.)

*Айым туып жаңа келген гасырда
Мойындады досым түгіл, қасым да.
Қарыздармын, арқасы зой солардың,
Қайрат¹²³, Ләззат¹²⁴, Ербол¹²⁵сынды асылға?*

*Желтоқсанның ызғырығы соққанда
Қорыққан жоқ есіл ерлер оқтан да.
Қиды өмірін Азаттықтың жолына,
Бұғып қалды құр шулаған көп қарға.*

*Құдай өзі ісін оңдап халқымның,
Арбалмады буына қу алтынның.
Паи етем деп қасиетін осындай
Жүрегімде бозторғай жыр шарқ ұрдың.*

*Қонды, міне, көптен күткен бақ құсы,
Тарихымен байланысып жатты ұшы.
Бақыты үшін Абылайдың соңына
Ерген қазақ жаяуы да, аттысы.*

*Желеп-жебеп бабалардың аруағы,
Бүршік жарды Бостандықтың бау-бағы.
Жерімізде Татулықтың таңы атып,
Сендірді елді Болашаққа алдағы.*

*Оған күә– кешегі өткен Сайлауым,
Өзің болдың – ең ақырғы Байлауым.
Өз тілімде Әнұраным шырқалып,
Намысымды жанып тұрды Байрағым.*

123. Қайрат Рысқұлбеков,

124. Ләззат Асанова,

125. Ербол Сыпатаев – бәрі де 1986 жылғы Желтоқсан ерлері.

*Ел ерімен көгереді түбінде,
Түсінгендей соны бәрі бүгінде.
Жұрт алдында Аит бергенде Өзіңіз
Ұлы Бабаң –қайран Қазақ тілінде*

*Жанарымнан ыршып түсті көз жасым,
Мұндай сәтті кешпен еді өз басым.
Енді Күнім шын туды деп қуандым,
Тек сол үшін Пір тұтамын, Елбасым!*

ЕЛБАСЫНА НАЗ
(Нұрсұлтан Әбішұлына)

*Жағымпаз жан емеспін тілі майда,
Мен Сізді теңемеймін Абылайға.
Шулайды шуылдақтар Өзіңізді
Баларын білмей сорлап қай құдайға.*

*Байқасам, ала-құла айналаңыз,
Көбісі қуған құлар пайда нағыз.
Көлгірсіп өп-өтірік алдыңызда
Құмар-ақ таратуға жалған аңыз.*

*Біразы партияда шыныққандар,
Байлыққа белиесінен құныққандар.
Осының бәрінен де қауіптісі –
Өз тілін, ұлт намысын ұмытқандар.*

*Бүгінде солар елді тоздыруда,
Арасын ушықтырып қоздыруда.
Билігін пайдаланып, арын сатып,
Жабысын тұлпарлардан оздыруда.*

*Секілді кей шайырлар бұқпа жырау,
Сөзінің құйтырқысын ұқпадым-ау...
Ақылы алқымынан аспаса да,
Көсемсіп тұрар ылғи жұртқа мынау.*

*Өткеннен сабақ алған ұтылмайды,
Шындықтан ешкім қашып құтылмайды.
Жегені жселесінен шығар түбі
Бір өзі жұтқан жанның бүкіл майды.*

*Білесіз менен артық тарихты бұл,
Өз елін езі жер ғып, танытты ұл¹²⁶.
Есімі Махамбеттей қалмады есте
Санаған хан Жәңгір де халықты құл*

*Десе де біреу Сізді ұқсат Айға,
Құртармын ондай жырды туса таңда.
Ақынның ащы үніне құлақ аспай,
Арманда кеткен жоқ па Исатай да?!*

*Көп қазір аш қасқырдай ұры жандар,
Жүзінен имандылық құрығандар.
«Алтыс күн атан болған» майлы жерде,
Шалқайып кісімсінер нұлы барлар.*

*Түк емес кісі өлтіру тіршілікте,
Ғұмырың татымайды-ау бір шілікке...
Адамның құны болды ең арзаны
Алпауыт арамзаға, сұм шірікке.*

*Аты озды болғандардың құлы малдың,
Оларды селт еткізбес күйігі ардың.
Болса да көкірегі су қараңғы,
Шешеді тағдырыңды ұлы байдың.*

*Қайтеміз әңгіме ғып басқаны біз,
«Қу нарық» ішімізге тастады муз.
Ұстаз да, ғалымың да – алыпсатар,
Алады кімнен үлгі жастарымыз?*

*Ізгілік дәні өспей жүрегінде
Адамның бағы жанбас гүл өңірде.
Көпшілік соңында жүр мал-мүліктің,
Дарының кімге дәрі бұл өмірде?*

*Осыған миым жетпей, басым қатты,
Күнгейден көлеңкеміз басым жатты.
«Көрікті қызған кезде соққан» жақсы-ау,
Ойлаңыз, кеш те болса жас ұрпақты.*

*Иесіз қалмас үшін мекеніміз,
Балғының жанарынан от өріңіз.*

126. «Ер» деген мағынада.

*Төбеде тоғышарды тайраңдатпай,
Нұраға, Нұрағаны¹²⁷ көтеріңіз!*

*Жылылық жату үшін жер көзінде,
Ұлылық жану үшін ел көзінде,
Нар мінез жігіттерді іздеп тауып
Қойған жән іс басына дер кезінде.*

*Оңалар түрі жоқ қой құлқымыздың,
Быт-шыты шығып жатыр құлпымыздың...
Санаға сіңірмесек, бәрі бекер,
Киелі тәрбиесін ұлтымыздың.*

*Сондықтан бұған, Патшам, мән беріңіз,
Қайтады сонда ғана еңбегіңіз.
Ананың әлдиімен қасиетті
Үйдегі тал бесік пен жөргегіміз!*

ЖАСАЙЫҚ ӨМІР ҒЛІМІН (Нұрсұлтан Әбішұлына)

*Нұраға, сізге мұңымды
Шағайын, айып етпеңіз.
Замана талай құбылды,
Күә гой оған өткен із.*

*Айымыз туып оңынан,
Азаттық таңы атқандай...
Іс келер жандар қолынан
Ұсақтап бара жатқандай...*

*Алдында болдым көбінің,
Көрмедім нарлық мінезін.
Іздемей жоғын елінің,
Танытып «сырттай» жүр өзін.*

*Бір ғана мақсат миында –
Депутат болу қалайда.
Сөйлейді шешен жиында,
Намыссыз пенде алайда.*

127. Нұргиса Тілендиев арқылы бүкіл өнер атаулыны меңзеп тұрмыз.

*Өйткені оның жүрегі
Ұлтсыздық дертке ұрынған.
Құлықты жақсы біледі,
Тек мансап арман бұрыннан.*

*Білесіз, елдің ертеңі
Бесікте жатыр балбырап.
Ұстайтын ер сол өлкені,
Тәрбие керек зор бірақ,*

*Бұл үшін ұстаз қауымның
Көтеру міндет білімін.
Ығында кетпей дауылдың,
Жасайық өмір ілімін!*

СЫНБАС ДЕП СЕНДІК САҒЫМЫЗ *(Нұрсұлтан Әбішұлына)*

*Бүгінгі ортақ шаруаға
Өзіндік үлес қосатын
Он шақты журнал бар, аға,
Асыға ұстаз тосатын.*

*Амал не, болмай қағазы,
Итшілеп күнін көруде.
Қамқорлық жасар жан азы
Апарды тіреп өлуге...*

*Мұғалімдердің тіреуі
Құлайды көңіл бөлмеуден.
Шешпеді ойлап біреуі
Мемлекеттік деңгейден.*

*Санайды олар бұларды
Екінші сортты дүние.
Ұстазды естен шығарды,
Табылмай қалды шын ие.*

*Қызығы – солар бүгінде
Сайрайды тіл деп мінбеден.
Түсінбей қойды-ау түбінде
Сорларын әлсіз іргеден.*

*Мүгалім келмей білікті,
Қоғамның беті оңған ба?!
Ішерміз у ғып «күйікті»
Күндердің күні болғанда.*

*Барында Сіздей басшымыз
Ішіме «қайғым» сыймайды.
Айтқызбай істер қосшыңыз
Аздығы мүлде қинайды.*

*Сондықтан бұған – Өзіңіз
Мән беріп, қолға алыңыз.
Қалмас деп жерде сөзіміз,
Сынбас деп сендік сағымыз!*

ТОЙҒА ТАРТУ

(Бейсембай Кенжебайұлына, 1904-1987ж.ж.)

*Аға, кепсіз жетпістің ауылына,
Төзіп бірдей жеңілі, ауырына.
Өмір,сірә, қиын-ау түсінгенге,
Қаниша жақын тартқанмен бауырына.*

*Өмірді әркім әр түрлі ұғынады,
Пейілі тар бәлеге ұрынады.
Қиын-қыстау кезде де шын асылдың
Ізгілікке жүрегі бұрылады.*

*Түсінгендер алды-артын абайлады,
Жеміссіз болғанымен талай бағы.
Босқа ағарып кетпеген шығар сонау
Ақ шашыңыз сиректеу самайдағы.*

*Жатса да алтын сан ғасыр тотығар ма,
Кеткен жоқпа тіл бітіп Отырарға?!
Жетпіс деген, тәйірі, сөз болып па,
Бойында ыстық жастықтың оты барға!*

*Аға, кепсіз жетпістің ауылына,
Әлде соққан тағдырдың дауылы ма?
Жа...жоқ бетін құрғырдың әрі қылсын,
Шомылдырсын ақ нөсер жауынына.*

*Өмір берсін шаттығы арылмаған,
Титтей кірбің жүзінен табылмаған.
Аға, жасай беріңіз бағымызға,
Бастан кешіп тірлікті жсалындаған!*

ҰСТАЗ
(Бейсембай Кенжебайұлына)

*Тағзым еткен киелі бұл есімге,
Шын бақытты боларын білесің бе?
Сондай Ұстаз атанған Бейсекеңнің
Зор сыр жатыр ақиқат күресінде.*

*Дәріптейтін сан қырлы қасиетін
Әркімнің бар Ұстазы бас иетін.
Сондай Ұстаз мен үшін ұлағатты –
Бейсекеңнің тыңдадым өсиетін.*

*Біреулерге мұндай бақ бұйырмаған,
Ақтау соны тиді ғой қиын маған.
Десем де өзім, ұятқа қалдырмадым
Жыр-тұлпарға мініп ап құйындаған.*

*Бағалайды қашанда ел іскерді,
Бейсекеңдей гұлама келісті ерді.
Зардабы ауыр кезеңде әл Фараби
атындағы ҚазМУ-де дәріс берді.*

*Шәкірттерін ойлары толғандырды,
Ашылғандай жолдары алдан нұрлы.
Әдебиет тарихын тереңдетіп,
Сұлтанмахмұт жырына шөл қандырды.*

*Күттік Өзін асыға қалмай тағат,
Кешірді ылғи сабақта айтсақ ағат.
Жалғастырды ғалымның жарқын ізін Рымғали¹²⁸,
Құлбек¹²⁹ пен Нұрлан¹³⁰, Сағат¹³¹.*

128. Рымғали Нұрғалиев, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті ғалым.

129. Құлбек Ерғобек, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті ғалым.

130. Нұрлан Оразалин, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті ақын.

131. Сағат Әшімбаев, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, сыншы-әдебиетші.

*Қайтпас-қайсар мінезі сүйікті етті,
Кейде жала отына күйіп кетті.
Жиырмасыншы ғасырдың Көркем сөзін
Және Көркем ойын да биіктетті.*

*Жұрты тәнті ерекше терлеуіне,
Қиянатқа ешқашан көнбеуіне.
Шындығында, қосылған үлесі үлкен
Азаматтық сананың өрлеуіне.*

*Қанаттандым тартыста қолдағанда,
Ұқтым іштей боларын майдан алда.
Қорғансыздың амалсыз күйін кештім
Жетекшісіз диплом қорғағанда.*

*Шыдап келем тағдырым қойған сынга,
Шешілмеген мәселем мол басымда.
Шығып едім ауылдан арман қуып,
Қала алмадым Өнердің ордасында.*

*Басылса да бойдағы қыран талап,
Айы оңынан туганын тұрар қалап...
Елге тарттым жолдама алысымен,
Оқушылар қарсы алды сынай қарап.*

*Білім нәрін сіңіріп тауысқанға,
Көңіл құлап, бұрмадым таныс жанға.
Балалармен қоштастым қимай әрең
Мүлде басқа салаға ауысқанда.*

*Қаймықпастан пенденің өктемінен,
Табиғаттың ызғарлы көктемінен,
Басымды имей кездескен бөгеттерге,
Өттім талай өмірдің өткелінен.*

*Құдай қолдап, жеттім-ау Алматыға,
Кейде өлең жазамын таңды атыра.
Айналсам деп намысты қамшылаймын
Поэзия полкінің солдатына.*

*Жоқ қыла алмай жүректен бір күдікті,
Кейде сағат тілі де құр жүріпті.*

*Күнді өткізіп осылай, Бейсекеңнің
Ақтадым ба үмітің, кім біліпті?!*

*Бәлкім, менің жұлдызым жанған шығар,
Әлде ойымды бұзды ма алдамшылар?!
Ұстазымның тәлімі екені анық
Қол бұлгаса шыңдағы арман Шынар!*

ЖҮЗІ ЖАРҚЫН ТОҚСАННЫҢ ТҰҒЫРЫНДА (Төлеутай Ақшолақұлына, 1915-2010ж.ж.)

*Жүзі жарқын тоқсанның тұғырында,
Аға, Сізге ырзамын гұмырымда.
«Ұстаздардың ұстазы» атандыңыз,
Бұдан қымбат атақ жоқ ұғымымда.*

*Ойнай алмай туған жер бөктерінде,
Сызды басып тар шақтың өткелінде,
Көтердіңіз он жеті жасыңызда
Елдің мұңын газеттің беттерінде.*

*Арман құсын көңілде қалықтатып,
Жібердіңіз ездікті тамұққа атып.
Жастай тәлім бердіңіз әдебиеттен
Шәкірттердің қиялын шарықтатып.*

*Қандай ауыр болса да жол алдыңыз,
Қия шыңға қырандай қона алдыңыз.
Қан майданда оқ пен от ортасынан
Аман-есен ел-жеріңізге оралдыңыз.*

*Құлдыққа осы намысты ел көне ме,
Ата-баба жеріне ер еге ме?..
Сіз туралы Қасымдай¹³² ор ақынның
Өлеңінен аламыз мол өнеге!*

*Мүғалімсіз ұйқысы тұрар қанбай,
Дәрісіңіз – аралар құмар балдай.*

132. Қасым Аманжолов – классик ақын.

*Жоқ-ау, сірә, бақытты ұстаз Сіздей
Шәкірті бар Мұзафар¹³³, Тұманбайдай¹³⁴!*

*Жеңіп ылғи тағдырдың бар қайғысын,
Жұмсарттыңыз төзіммен боран қысын.
Алтыс бес жыл оқулық жазуменен
Айналысып алдыңыз ел Алғысын.*

*Десем егер: «Ұстазға ұнарың не?»
-Тәрбиелі жаныңның жыр-әнінде!
Әдебиетті оқыту әдістерін
Үйреттіңіз мың-миллион мұғалімге.*

*Небір қиын бел бермес асқарларда
Бастадыңыз жасқанбай жастарды алға.
Тағы да бір қырыңыз танылды ғой
Тіл-әдебиет журналын басқарғанда.*

*Педагогсыз аңыз ғып айтар нағыз,
Сирек Сіздей тұлғалы бұл таңда абыз!
Асау жанр – аударма саласында
Айдай анық көрінді қолтаңбаңыз.*

*Өзгелерден әрдайым шабыт оза,
Болашақты көп ойлап кетті маза.
Лябибадай керемет жар сүйдіңіз,
Балаларды өсіріп жаны таза.*

*Мұратыңа жеткізді талабыңыз,
Ұрпаққа азық – мазмұнды сабағыңыз!
Шөбере мен шөпшектің базарында
Қолыңыздан түспесін қаламыңыз!*

133. Мұзафар Әлімбаев – көрнекті ақын.

134. Тұманбай Молдағалиев – өзіндік мектебі қалыптасқан көрнекті лирик ақын.

ҚАЙМЫҚПАДЫ ТАҒДЫРДЫҢ ЖЕЛДІ ӨТІНЕН
(Төлжұтай Ақшолақұлына)

*Тыным бермей ел жайлы мұң басында,
Өмір сүрді ол жуық бір ғасырға.
Сүйегі асыл кісі еді елден ерек,
Ірілігі тұр айқын тұлғасында.*

*Жоғалса деп жауыздық Жер бетінен,
Қаймықпады тағдырдың желді өтінен.
Жаны жайсаң азамат болатын ол,
Сыр ұғатын балғындар келбетінен.*

*Қамқорлығын жасаған жасқа талай,
Ұстаз еді ұрпаққа шашқан арай.
Педагогтар қауымын игі ісімен
Қуандырып жүретін жас баладай.*

*Ізгіліктің кені мол жүрегінде,
Ізі жарқын ғылымның сын өрінде.
Әдебиетті оқыту жолдарының
Құпиясын үйреткен мұғалімге.*

*Нәр алды жұрт сабақтан ол талдаған,
Дәрісіне қызықты шөл қанбаған.
Сұлулықтың қыр-сырын жан-жақты ашып,
Өнегелі ғұмырын елге арнаған.*

*Төкеңнің біз тәлімін ұмытпаймыз,
Мұрасына шаң-қыбыр жуытпаймыз.
Жарқын жүзі пейіште шалқысын деп,
Тірішілікте есімін ұлықтаймыз!*

ҚЫН ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН ЕМЕС «КЕЗДІГІ»
(Шона Смаханұлына, 1924 – 1988 ж.ж.)

*Мың тоғыз жүз жиырма төрттің күзінде
Қара суық қара жердің жүзінде.
Келді ұл бала Ойығында Таластың
Бір шамшырақ жанып оттай көзінде.*

*Жастай көріп жетімдіктің зардабын,
Таныды ерте сыры жұмбақ жан-жағын.
Интернаттың қара нанын жеп өсті
Тік көтеріп қиындықтың салмағын.*

*Содан кейін елін жаудан қорғады,
Қаһарынан дұшпан әбден сорлады.
Ауылына аман-есен оралып
Мүғалімдік қызметті ойлады.*

*Ойлағанын іс-жүзіне асырды,
Оқытты ол асылды да, тасырды.
Бәріне де білім берді тәп-тәуір
Жарқыратар Күндей келер ғасырды!*

*Талай шәкірт ұшқан шырқап алдынан
Үстаз еді сөз қозғайтын аргыдан.
Ойын ұштап небір алғыр дарынның
Адам қылды баланы бос қаңғыған.*

*Бойға біткен қасиеті – Ақындық
Бір күні оған жасатты зор батылдық.
Мініп алып арғымағын Талаптың
Бет түзеді Алматыға батыр нық.*

*Шыңдады оны жазушылар ортасы,
Домалады өрге қарай шоң тасы.
Барлығынан бұрын өзін жеткізген -
Тәңір берген ақындықтың арқасы.*

*Демеп ылғи құдай қосқан жан-жары,
Болды өзі – мұқтаждардың айбары.
Әшкерелеп бар былығын қоғамның
Атанды шын сатираның сардары.*

*Ұрып жықты «Тотияын» талайды,
Таяқ жеген обыр көздер алайды.
«Қу түлкінің сыбағасын» ел танып,
«Шимайбек пен Шыңқетпеге» қарайды.*

*Жантықтардың құтын қатты қашырып,
Кемшілікті бетке басар ашынып.
Шыққан кезде «Ортекесі» ойқастап,
Жым болады қағынғандар басылып.*

*Бәрін де бұл «Көріп жүр ғой көздерің»,
Соған сәйкес «Үкімін айт өздерің».
«Ұры тісте» бейнелер көп жағымсыз,
Шақырып тұр «кедір-бұдыр сөздерің».*

*Жұртқа «Алтын жұмыртқасы» ұнаған,
«Айға ұшамын» сын тезіне шыдаған.
«Жүз шымыма, қырық қышымасына»
Оңбайды анық өзін тауып құлаған.*

*Жанды ауыртып «Қоңыраулы шеңгелі»,
Ал «Сандықтан шыққан сайтан» тергеді.
Қып түбінде жатқан емес «Кездігі»
Сылып тастап кеселдерді елдегі.*

*Келген кезде Шона ағаның кешіне
Талай жайлар түсіп отыр есіме.
«Қыз сырына» «Жымияды жеңешем»,
Оны біздер «Жасырайық несіне?».*

*Кейде өлеңі тілін тауып баланың,
Мұңын шерткен туып-оскен даланың.
Ал «Өткірдің жүзі» тіліп жіберген
Жазылсын деп аузын бітеу жараның.*

*Қуаттанып ұлттық өнер нәрінен,
Шабыттанған өз халқының әнінен.
Ең керемет қасиеті мен ұққан –
Ел мүддесін қойған биік бәрінен.*

*Батыл жүзіп өмір дейтін өзінде,
Көрсетті еңбек өнегесін өзі елге.*

*Алматыда ашты қазақ мектебін
Еш қорықпай сонау қиын кезеңде.*

*Қалай да бұл тайдырамы деп жолынан
«Үш әріп» те қалмай қойды соңынан.
Сонда да оған бас идіре алмады,
Туған жігіт Айы дәйім оңынан.*

*Тәрбиелер келген қаптап өренді,
Содан кейін мектеп саны көбейді.
Думандатты қазақ балабақшасы
Ана тілде оқып тақпақ өлеңді.*

*Отыратын жаны жүдеп кей күні,
Соның бәрі – Шона ағаның ерлігі!
Қойса есімін көшесіне Гайдардың –
Тойлар еді-ау қуанғаннан ел мұны!*

ШӘКІРТ СӨЗІ

(Зейнолла Қабдоловқа, 1927-2006ж.ж.)

*Зейнолла аға,
Жақсы көрер ұстазымсыз ғұмырда,
Жігіттейсіз жетпіс дейтін тұғырда.
Мұнайлы елден мұнайлы сөз ағызып,
Асқақтайсыз шешендіктің шыңында.*

*Оған жету, тіпті, оңай болмаған,
Бабалардың аруағы гой қолдаған.
Қол создыңыз белді бекем буынып,
Арманға осы бала кезден ойлаған.*

*Жұлдыздарға көзді тігіп көктегі,
Кеудеңізде өнер дәні көктеді.
Талмайтұғын қанат берген Сізге бұл,
Әсіресе, ұлы Мұхаң мектебі.*

*Жарты ғасыр дәріс оқып ҚазМУ-де,
Тәпті еттіңіз шәкірттерді сазды үнге.
Бүгін соның жемісін жеп отырсыз
Шуақ шашып бәрімізге жаз күйде.*

*Дарын бәрін жсеңеді екен түбінде,
Академик жазушысыз бүгінде.
Енді Сіздей көсем сөздің шеберін
Табу қиын мынау жердің жүзінде!*

ҰСТАЗҒА СЫЙ
(Зейнолла Қабдоловқа)

*Жаз да жылжып, ойлантып күз келе ме,
Өміріміз өтуде бір кемеде.
Ұстазымыз Зейнолла Қабдолұлы –
Ұлы Мұхаң шәкірті бізге өнеге!*

*Аямаған жастардан бай білімін,
Мақтан тұтып жүреміз айбын үшін.
Жетпісінде жігіттей ағамызға
Тілейміз тек құдайдың Айлы күнін.*

*Көркем сөздің жүздірер тереңіне,
Жан бітіріп сөйлейді өлеңіне.
Бастап кеткен кезінде ол дәрісін
Бас иесіз шешендік өнеріне.*

*Еңбегінің барсақ шын байыбына,
Теңейді елі оны зор алыбына.
Мейрамымен құттықтап қол соғып тұр
Туған халқы зерделі галымына.*

*Дүниенің тапқан бұл кім бар көзін,
Дей алмайды ешкім де одан безін.
Биік-биік мінбеден жиі естиік
Академик Зекеңнің ділмар сөзін!*

СЫНАЙ БІЛГЕН ҚАЛДЫРМАЙ-АҚ КӨҢІЛДІ
(Зейнолла Қабдоловқа)

*Ойлағам жоқ Сізді жоқтап жыр жазам,
Ауыр тиді-ау еліңізге бұл қазан,
Өзіңіздей енді шешен тумайды,
Есіне алып кетіп тұр гой шын мазам.*

*Бүгін, міне, қырқыңызға жиналдық,
Өлді деуге іштей қатты қиналдық.
Десем де мен, қу қоғамнан түңіліп
Еттіңіз бе жаныңызды құрбандық?!*

*Әуезовпен мақтанатын едіңіз,
Ең ардақты ұстаздық қой дедіңіз.
Біз де ылғи Өзіңізді пір тұтып,
Мерейіміз санайтынбыз көбіміз.*

*Деген сұрақ: «Өз ұлтына кім ие?»
Атқан оқтай қадалатын күйіңе.
Сол жайында оңашада толғанған
Жүрегіңіз – сыры жұмбақ дүние.*

*Елдің мұңын ауырсынып көзіңіз,
Жанды жеді жатқан жылап кезіңіз.
Небір мықты дәкейлерді мақтап-ақ
Мақтаменен бауыздайтын сөзіңіз.*

*Соны осы бәріміз де білеміз,
Біле тұра пенделікпен күлеміз.
Сынай білген қалдырмай-ақ көңілді
Алдыңызда басымызды иеміз.*

НАР ТҰЛҒА

(Тұрсынбек Кәкішұлына, 1927 ж.)

*Зейнолла Қабдолұлының сырлас, үзеңгі,
Жолдасы, досы, сыңары қалған артында –
Тұрсынбек Кәкішұлын дейміз біз енді
Әдебиет ауылындағы нар тұлға!*

*Екеуі қатар жүргенде газжап жарасып,
Мақтаныш сезім кернейтін тұлға бойыңды.
Білікті жасқа қалатын еді-ау таласып,
Көзіңе қарап айтқызбай таныр ойыңды.*

*Оқыса Зекең дәрісін сұлу күйге енген,
Тыңдаушы едік буына балқып сөзінің.
Тұрсыекең болса нақтырақ сөйлеп үйренген,
Өзіне сеніп келтірген дерек көзінің.*

*Көтерді биік Сәкендей алып тұлғаны
Құтқарып талай өршіген небір жаладан.
Батса да жанға шындықты біреу бұрғаны,
Сынның да ауыр негізін жастай қалаған.*

*Нық ұстап қолға тіл үшін күрес қылышын,
Қуларға қарсы бітіспес майдан ашты Өзі.
Аяқтан шалса тарылтпақ болған тынысын,
Бетіне тіке қараудан қорқып қашты езі.*

*Көбірек қысқан өз ұлтын қатал заманда
Ісімен адал болғаны анық қайраткер,
Көктегі Күндей шуағын шашып адамға,
Атанды нағыз елі үшін туған айбатты ер!*

*Өмірде мынау қанишама азап шексе де,
Тұрғанын қалар өзгемен иық теңеліп.
Жүреді ылғи кірсе де тікен оқишеге
Халықтың ыстық махаббатына бөленіп.*

*Тілімен өткір билікті әбден түйреген,
Ұмытып жайын үйдегі бала-шағаның!
Күләшпен бірге ғылымды өрге сүйреген
Жандырып бағын қазақы байтақ даланың!*

АР ТУЫН АСҚАР ШЫҢДА АСҚАҚТАТҚАН
(Тұрсынбек Кәкішұлына)

*Аулақ жүріп пақырлардан ары ылай,
Пенделікпен өтіп кетіп қарғып-ай,
Адам деген ардақты атқа ылайық
Өмір сүрді ешқашан да айнымай!*

*Төкті ерінбей маңдай терін ұдайы,
Тың деректер – зерттеуінің шырайы.
Жарқыратып әдеби сын жалауын,
Нағыз ғалым атанды шын шынайы.*

*Мейлі дана, мейлі патша болса да,
Ұстазы – ұлық, басына бақ қонса да!
Қарапайым ұстаз қалпын сақтаған,
Тұлғасына жұрт көңілі толса да!*

*Болмаса да қаруы зор қолында,
Бас қолбасшы әдеби сын тобында.
Тіл-әдебиет майданында – жауынгер,
Қаһарман ер-ел мүддесі жолында!*

СӨЗІ ДЕ ІСІ – ІРІ АҒАМ
(Тұрсынбек Кәкішұлына)

*Тұлпардай шабар күйгытып,
Еңбекпен өткен қыс, жазы.
Мыңдаған шәкірт пір тұтып,
Бас иген асыл ұстазы.*

*Бел буып бекем кезінде
Тіл үшін қатты күрескен.
Намысы жанған көзінде
Кетпейді-ау сол күн бұл естен..*

*Қайраткер ғалым – ол адам,
Кәкіштің ұлы Тұрсынбек.
Сөзі де, ісі - ірі ағам,
Өмірде мынау тым сирек!*

АКАДЕМИК

(Зәки Ахметұлына, 1928–2002ж.ж.)

*Жетпіске келген жегіттей
Тебінсе темір үзетін.
Корсеңіз қоймас сүйінтпей,
Пір тұтам газсан ізетін.*

*Ойламай әсте бас қамын,
Сабырлы қалпын бұзбаған.
Кірлеткен көңіл аспанын
Қулардан жаны мұздаған.*

*Жақсылық жасап жауына,
Ұстаздық еткен жалықпай.
Көз тіккен Айыртауына,
Мінезге өзі анық бай.*

*Лермонтов – Абай әлемін
Танытқан елге жүрегі.
Үйретер сөздің мәйегін
Еңбегі ғана - тірегі.*

*Мұхаңның жұмбақ қырларын
Жеткізген жүрек жырымен.
Өлеңнің тылсым сырларын
Шертетін сезім тілімен.*

*Ғұлама ғалым Зәкиді
Құттықтап мерей тойымен,
Кеудемнен шыққан бұл күйді
Арнадым ізгі жолымен.*

*Шындыққа кімдер жүгінді,
Пендеміз – жүрген бәріміз.
Айтатын тілек бүгінгі:
«Шырқалсын мәңгі әніңіз!»*

ҒҰЛАМА

(Мекемтас Мырзахметұлына, 1930 ж.)

*Жатық тілмен жеткізіп сөз мәнісін,
Меңгерген ол небір озық әдісін.
Еш жалықпай тыңдай бергің келеді
Жанға жайлы қоңыр үнді дәрісін.*

*Қиындыққа әбден салып шыңдаған
Шәкірттері мақтан тұтар мыңдаған.
Сәті түсіп сөз еткенде ел мұңын
Құлақ асып Елбасы да тыңдаған.*

*Сүйсінтеді іске батыл мінезі,
Жирентеді оны адамның тым езі.
Қазақ қалай орыс болып кеткенін
Ашына айтып талдаған да – бір Өзі.*

*Іздеген жоқ біреулердей даңқты,
Алдаған жоқ өзін туған халықты.
Атақ өзі қуып жетті соңынан,
Жеңген де өзі Жалқау атты алыпты.*

*Оған қуә – көл-көсір мол мұрасы,
Ал жүрегі – мейірімнің ұясы.
Теңеу іздеп қиналғанда тапқаным –
Ғұлама адам, соған лайық, расы.*

*Ойлайтыны – шәкірт жайы, жұрт қамы,
Берсе дейді кемел ерге тұтқаны.
Ел дәулетті болса ғана Болашақ
Ашық-жарқын өмір сүрер – ұққаны.*

*Шайқалғаны өз ұлтының тұнығы,
Тоқтамаған Үкіметтің былығы
Дертке айналып, зығырданын қайнатты
Елді жеген жесбірлердің қылығы.*

*Бетке баспай әлсіз пенде кемдігін,
Асқақтатты ұлы қазақ кеңдігін.
Осылайша келді Мекең жетпіске
Бұлдамасан қайраткерлік ерлігін.*

*Құпиясын игермек боп ғаламның
Төрінде ылғи отыратын санамның,
Құттықтаймын мұғалімдер атынан
Денсаулығы зор болсын деп ағамның!*

ЖҮЗ ЖАСАҢЫЗ ШАЛҚЫП БАҚЫТ КҮЙІНДЕ
(*Мекемтас Мырзахметұлына*)

*Сіз жайында жазылмасын жыр жасасық,
Өзіңізден жүрсін дәйім қу қашық,
Қаншама адам жете алмаған армандан
Сексенде де жігіттейсіз қыз ғашық!*

*Мұның сырын неде екенін білем мен,
Пенде емессіз біреулердей шіренген.
Тер төктіңіз жастай қуып білімді,
Естідіңіз мақтау сөзді жсиі елден.*

*Тіршілікте талай жаурап тоңдыңыз,
Сонда да ылғи шындық жақта болдыңыз.
Бойыңызға туа біткен дарынды
Жетілдіріп дұрыс жолға қойдыңыз.*

*Елең қылмай соққыларын құйынның,
Мойымастан қыспағына қиынның,
Арқасында дәл осындай мінездің
Қол создыңыз шыңына ауыр ғылымның.*

*Ойға тоқып «Мақал – сөздің мәйегін»,
Тірілттіңіз ұмыт шайыр өлеңін.
Таныттыңыз әсер жүзіне жалықпай
Ұлы Абай мен дана Мұхтар әлемін!*

*Таза ұстап адалдықтың тұмасын,
Шабытыңыз кеңге сермен құлашын,
Отыз том ғып сыйладыңыз ұрпаққа
Қаһарман ер – Бауыржанның¹³⁵ мұрасын!*

*Сыр ақтарып жүрегінің бағынан,
Жазғандары жұрт намысын жаныған*

135. Бауыржан Момышұлы.

*Абай, Мұхтар, Бауыржанның киелі
Қасиеті жаныңызға дарыған.*

*Даналық та, Батырлық та бар Сізде,
Болысасыз қарапайым әлсізге.
Елу кітап, жеті жүздей мақала –
Рухани дүниеңіз нәр бізге!*

*Желеп-жебеп үшеуінің аруағы,
Тындырдыңыз небір ізгі шаруаны.
Атандыңыз еш жеңіліп көрмеген
Әдебиет майданының балуаны!*

*Жұрт қызығар бақыттысыз бүгінде,
Жақсы әкесіз ырысы мол үйінде.
Деніңіз сау, аман болып шалқыңыз,
Жүз жасаңыз шалқып бақыт күйінде!*

КІШПЕЙІЛ КІСІ (*Мекемтас Мырзахметұлына*)

*Талдағанда Абайдың бар өлеңін
Мақтанышпен құметтейсіз өнерін.
Әкем де емес, көкем де емес ол менің,
Бірақ өзін гажап жақсы көремін.*

*Айтқан әрбір сөзінің бұл бәрі – шын,
Біреулердей бұлдаған жоқ әр ісін.
Шәкірттері ұмыта алмай жүр әлі
Мазмұны бай, терең ойлы дәрісін.*

*Елең қылмай ауырлығын жолының,
Танытты елге құдіретін қолының.
Берген кезде әдебиетті дәуірлеп
Мойындайсыз ұшқырлығын ойының.*

*Балаған тек ақиқатты әніне,
Жұр разы оның сепкен дәніне.
Бауыржанның ауыр жұмбақ әлемі
Айналғандай өмірінің мәніне.*

*Шүкір деумен тағдыр тартқан сыйына,
Қазақ мұңын мол тоқыды миына.
Қос қанаты – Ұстаздық пен Ғалымдық
Алып шықты Алатаудың шыңына.*

*Бүгінде ол – өнегелі тұлғамыз,
Ізі жайлы толып жатыр жыр да, аңыз.
Кейінгі жас ұрпаққа үлгі етеміз
Қарапайым қасиетін біз нағыз!*

ҚАШАНДА АҚ КЕМЕҢІЗ ӨРГЕ ЖҮЗДІ *(Құсиын Айтқалиұлына, 1930ж.)*

*Талайды басыңыздан өткердіңіз,
Тағдырдың тепкісін де көп көрдіңіз.
Отына Ұлы Отан соғысының
Оранды уыздай жас көктеміңіз.*

*Алайда қыран құстай түледіңіз,
Шыдады бәріне де жүрегіңіз.
Жеңіске бір кісідей үлес қосып,
Кемтарды қолтығынан сүйедіңіз.*

*Алысып қиындықпен оқыдыңыз,
Көңілге керектісін тоқыдыңыз.
Аянған жеріңіз жоқ халқыңыздан,
Болса да қырық жамау тоқымыңыз.*

*Қияға алып қашып арманыңыз,
Мұғалім жолын ауыр таңдадыңыз.
Сіңіріп нәрін Ана тіліміздің,
Тамырын болашаққа жалғадыңыз.*

*Бөленген ізгілікке әр ісіңіз,
Сондықтан жемісі мол өрісіңіз.
Сабәққа қатысқанның барлығына
Керемет әсер еткен дәрісіңіз.*

*Қашанда ақ кемеңіз өрге жүзді,
Нұр шалған артыңыздан ерген ізді.
Мыңдаған шәкірт ұшты алдыңыздан
Пір тұтып жүрген жарқын бейнеңізді.*

*Бүгінде ел-жұрт зәру батаңызға
Ұстазсыз айналған шын аты аңызға.
Тәйірі, келер Жүзің сөз емес қой
Сіздей бұл нар тұлғалы атамызға.*

*Қалайша үйде тыныш жата аламыз,
Онда біз көргенсіз жан атанамыз.
Кәсіби журнал жүгін зор белеске
Көтерді жазған ойлы мақалаңыз.*

*Сол үшін Өзіңізге ыразымыз,
Көбейсін күнен-күнге бұлағыңыз.
Жылыта берсін бүкіл айналасын
Мейірлі Күн көзіндеі шырағыңыз.*

*Бас иіп тағылымды жолыңызға,
Ырым ғып су құяды қолыңызға.
Тілегін айтайық деп Алматының
Арнайы келдік мерей тойыңызға.*

*Ұнаумен құдай қосқан жарыңызға,
Шерттіңіз бақыт күйін бағыңызда.
Немере-шөберелер күлкісінен
Шалқысын шаттық жыры жаныңызда.*

*Жалғасам лебізді ыстық тыныс алып,
Күншілдің күйсін қатты іші жанып.
Тоқталмай осылайша жатсын дәйім,
Киелі шаңырақтан ырыс ағып!*

БОЛҒАН НАҒЫЗ МАҚТАНЫШ КҮЛЛІ ӨРЕНГЕ *(Құсиын Айтқалиұлына)*

*Өмір мәнін ұқтырып зейіндіге,
Білім нәрін сіңірген пейілдіге.
Тіл-әдебиет сабағын түрлендіріп
Өткізгені – өнеге кейінгіге.*

*Бәйтерегі жайқалған жеріміздің
Десек – шындық, Тұлғамыз – өзі біздің.
Жетпіс бестің шығыпты белесіне
Ұлағатты Ұстазы еліміздің.*

*Бір көргеннен байқаған шамамызды,
Дәрісімен байытқан санамызды.
Құттықтаймыз мерейлі жасымыменен
Айтқалиев Құсиын ағамызды!*

*Жарқын ізі айналып нұрлы өлеңге,
Болған нағыз мақтанғыш күллі өренге.
Зор денсаулық тілейміз шын жүректен
Бақытты өмір сүрсін деп гүлді әлемде!*

АҚ ШАШЫҢЫЗ БЕЙНЕТТІҢ ӨТЕУІНДЕЙ (Әмір Рақыш Сәтұлына, 1930 жс)

*Алла берген тағдырдың сыйын ала,
Сексен жасқа келдіңіз биыл, Аға!
Құтты болсын мерейлі тойыңыз бұл,
Сізге сыйлар сыйлығым – жырым жаңа!*

*Ғылым жолы – ауыр жол ұғынғанға,
Жібереді-ау тайдырып тұғырдан да...
Ақ шашыңыз бейнеттің өтеуіндей,
Тер төктіңіз жоламай құбылғанға.*

*Ана тілін зерттеуден еш жалықпай,
Тереңінде жүздіңіз Сіз балықтай!
Сондықтан да жаздыңыз жақсы оқулық,
Тоқып алып сырына ел қанықты-ай!*

*Таратса да кей құлар қатал аңыз,
Атандыңыз үлгілі ата нағыз.
Әдістеме әлемін жарқыратты
Толып жатқан ғылыми мақалаңыз!*

*Тіл дегенде тұлпарсыз алқынбайтын,
Мінезіңіз сүйкімді аңқылдайтын.
Тұлғаңызда қасқайған қайсарлықтың
Қуаты бар сияқты сарқылмайтын.*

*Бір кездері күншілдер жала жапты,
Айтқандар да тірі жүр балағатты.
Үйрендіңіз кемеңгер Димекеңнен
Ғажап қарын тойғызар Қанағатты!*

*Адалдықтың нұры аққан көзіңізден
Шәкірт біткен мақтанған өзіңізбен!
Димекеңе дарыған Тектіліктің
Үзілмесін киесі төріңізден!*

*Сұлу әннің шырқасам қайырмасын,
Бойыңызда жастық от жалындасын!
Сөз соңында тілегі ініңіздің:
«Құдай осы бағынан айырмасын!»*

КӨҢІЛ КҮЙІ ІЗГІЛІКТЕН ЖАРАЛҒАН *(Ауданбек Кобесұлына, 1932 – 2008 ж.ж.)*

*Кіндік қаны тамған жерден от алған,
Қымбат зат жоқ Ойығындай отаннан.
Шабыт сыйлап жусанының иісі,
Оңашада жырдың кенін қопарған
Күш-қуаты барлық сырын ақтарған.*

*Арман қуып Алматыға аттанды,
Алған терең білімімен шаттанды.
Жұрт сүйсінген маман болды білікті,
Қайшық жүрді жасанды ойдан жаттанды,
Күтті дәйім тәтті арманын ақ таңнан!*

*Дүниеге небір биік шоқыдан
Көз жіберіп, көкейіне тоқыған.
Жоғары математика туралы
Дәрісі де қызықты етіп оқыған
Студенттер жүрегінде сақталған.*

*Кейде мынау қу тірліктен түңілген
Кезінде ол дана Абайға жүгінген.
Әл Фараби бабамыздың ілімін
Жатық тілмен санамызға сіңірген
Еңбегі де бүгін әбден ақталған.*

*Көңіл күйі ізгіліктен жаралған,
Ізінен тек нұрлы шуақ таралған!
Сондықтан да мейірімді Ұстазды
Құттықтаймыз жансын деумен бағы алдан
Сезінде бір Өзіменен мақтанған!*

ҚАЙРАН КӨКЕМ
(Ауданбек Көбесулына)

*Екі жақсы бірін-бірі қимаған,
Мынау жалған дүниеге сыймаған.
Күні бұрын кетіп қалса кемпірі,
Шалы аңсап артында ұзақ тұрмаған.*

*Бүгін соның куәсі боп отырмыз,
Фибратын көкейге ылғи тоқырмыз.
Қайран көкем ғылымда да ірі едің,
Мол мұраңды қайта-қайта оқырмыз.*

*Амал бар ма ісіне бұл Алланың!
Әттең, шіркін, кетті-ау іште арманың...
Айтпасаң да оны жақсы сеземіз,
Соны ойлап қиналды әбден жас-жағың.*

*Қайран көкем сөзі де сай ісіне.
Еш жамандық жасамаған кісіге.
Сізді көрдім өткен түні түсімде,
Жыр ғып жаздым симаған соң ішіме.*

*Әсіресе, Нағимадай жеңгеме
Құрметіңіз өнеге еді елге де.
Жеңгеміз де Сізді ғажәп баптайтын,
Соны үлгі еттік келін дейтін пендеңе.*

*Нағашым ең қалжыңымыз жарасқан,
Сәттерің көп жиеніңмен санасқан.
Небір ауыр әзілімді көтеріп,
Тұзу жолға салдың мені адасқан.*

*Айналатын шағымда бұл құйынға
Қатты кеткен кезім болса, шынында,
Кешір, көке, әбестігін жиеннің,
Сол өкініш қалып қойды миымда.*

*Сезімімді сұлу етіп өрейін,
Соны Өзіңе сыйға тартып берейін.
Жүруші едің бас қосқанда ағайын
Жиеніңнің асқақтатып мерейін!*

*Немерелер Сіздей ғалым атаны
Қоршап алып, асыр салып жатады.
Ұмытпайды Бәтима да, інің де
Екі ұлыма Өзің берген батаны!*

*Сүйіп өскен қасиетті далаңды,
Терең зерттеп әл Фараби бабаңды,
Ұлы Абайдың үндестігін ашқан шын
Жаңалығың нәрлендірді санамды.*

*Жас ұрпаққа ата-баба сәлемін
Ұғындырып, тердің сөздің мәйегін.
Тәрбиелеп қаншама мың шәкіртті,
Меңгерттіңіз Алгебра әлемін.*

*Бәрі туыс, Ойық па әлде Тілік пе,
Ешкімді де бөлген жоқсыз тірлікте.
Елге сіңген еңбегіңіз ерекше,
Сондықтан да жұлдызыңыз биікте!*

*Тар жолда анық шәкіртімен бірге өскен
Қайран көкем қарапайым күн кешкен.
Күндей жарқын із қалдырған киелі
Өзіңізді шығармаймыз біз де естен!*

ЖОЛБАРЫС ЖҮРЕК
(Шерхан Мұртазаға, 1932 ж.)

*Тік көтерген халқың артқан жүгіңді
Қайратыңа дос тұрмақ, қас сүйінді.
Сөз бен істің бірлігінің айнасы –
Сексен жылдық ғұмырыңыз бүгінгі!*

*Көрсеңіз де қысастықты, жоқтықты,
Қумадыңыз қу құлқынды, тоқтықты.
Талай арсыз ұлт мүддесі жолында
Сатып кетіп, алып тауға соқтықты.*

*Сонда да бұл сындыра алмай сағыңды,
Намысыңа әлі келмей бағынды.
Десек те біз, «іші күйіп, тұз жалап»
Сыртыңыздан күңкілдеп жүр қағынды.*

*Ұрпақты ойлап жауға шапқан құралсыз,
Сіз – қазіргі Рысқұлұлы Тұрарсыз!
Азаматсыз, Қайраткерсіз жалаңтөс,
Дулатұлы Міржақыптай ұрансыз!*

*Тегіңді де жұртың жақсы біледі,
Саған деген зор денсаулық – тілегі!
Ғұмыр бойы ел сенімін ақтадың,
Сондықтан да сен деп соғар жүрегі!*

*Туған жердің бағын ойлап күн-түні,
Ұмыттыңыз бос жүріс пен күлкіні.
Құдай қолдап ат үстінен түспеңіз,
Еш жұмылмай қос жанардың кірпігі!*

АҒАМА ХАТ

(Кезінде аудан басқарып, Жоғарғы Кеңестің екі мәрте депутаты болған, кемеңгер Дінмұхамед Ахметұлына ауылда еңселі мешіт тұрғызған елагасы Берден Байқошқарұлына, 1935ж.)

Бірінші сыр

*Келгенде, Аға, сүйеніп алдыңызға,
Жағымпаздың бірі деп қалдыңыз ба?!
Қос жанарым шындықтың айнасы еді,
Соған қарап сырыма қандыңыз ба?!*

*Тұр-тұлғаңыз, байқасам, суықтау ма?
Жаралғандай ездерді жуытпауға.
Сәл именіп жеткіздім айтарымды,
Табанымды нық тіреп Үміт тауға.*

*Тыңдап болып бар мұрат-мақсатымды,
Дедің Аға: «Болсаңда қанша ақылды,
Азаматтық бейнеңді жоғалтпағын,
Мезгіл өзі таниды жақсы ақынды.*

*Деп өзіңді санама: «Дара баспын»,
Ішіп кетпе, өмірге араласқын.*

*Саған қояр, шырағым, шартым осы,
Қолдан келген сыйымды аямаспын».*

*Айтқан жылы сөзіңіз жүрегімді
Толғандырды, жаныды жігерімді.
Бойымдағы жұмсадым қуатымды
Қуантуға жасампаз ұлы елімді!*

Екінші сыр

*Отырмың, Аға, ақтарып
Көңілге түйген сырымды.
Жігітсіз жүрген бақ дарып,
Халқыңа шашқан нұрыңды.*

*Мақтаныш тұтам Өзіңді
Жұлдызы жанған жоғары.
Өтерміз жегіп төзімді,
Өмірдің біз бір қонағы.*

*Керемет алып еменге
Жапырақ қана оң берген.
Ержүрек келген кемелге
Сарбазын барлық тең көрген.*

*Киелі өлең көгінде
Семсерің едім жарқылдар.
Қарғаның емес, тегінде,
Қыранның даусы саңқылдар.*

*Өнерлі інің алайда
Әлі жүр өзін танытпай.
Сүйеніш керек қалайда
Ұшатын жанға шарықтай...*

*Сол оймен Сізді жағалап
Келіп ем, айып етпеңіз.
Көрдіңіз көп ел аралап,
Жатыр гой сайрап өткен із.*

*Алматы болды арманым,
Қойды гой пәтер бұйырмай.
Үмітті алға жалғадым,
Тірліктен безіп суынбай.*

*Сырымды шертем деп едім,
Шынымды айтып қойыппын.
Ақысын жұрттың жемедім,
Бірбеткей өскен Ойықпын.*

*Кей жаннан жүрек мұздаған,
Аласы малдың сыртында...
Отызда орда бұзбаған
Қыр аспай қалар қырқында.*

*Шарпыса шабыт үнімді,
Ағымнан ылғи жарылам.
Ұқсаңыз осы күйімді,
Отты жыр – жиган қазынам.*

*Жанартаулардай жалындап
Жанатын нағыз кезім бұл
Алдыңа келдім барымды ап,
Аржағын, Аға, өзің біл!*

АҚИЫҚ АҚЫН АРҚАЛЫ

(Жарылқасын Аманұлына, 1938–2013 ж.ж.)

*Достар сиреп жүретін қатар бірге,
Амалсыздан ілесіп батар Күнге,
Оралмайды-ау «Жылыстап кеткен жылдар»
Сенімді артқан «Қарасай баһадүрге» ...*

*Ақ пейілі жан-жағын көктем еткен,
Ағайынды жері жоқ өкпелеткен.
«Ақын да – мен, сал да – мен, сері де -мен»
Деген үні саңқылдап көкке жеткен.*

*Көз жіберіп қарайтын құла дүзге,
Күндей нұрлы жанатын шырағы ізде.
Ел-жұртының Құрметті азаматы
Болғандығы – мақтаныш мына бізге!*

*Арғымағы тыныстап қолтығында,
Қозы-лағы асыр-сап шоң қырында,
Дүниеге келіпті шуақ шашып
Адуынды Таластың толқынында!*

*Қасиетті есімі – Жарылқасын,
Ұзағынан берген зой Тәңір жасын!
Алла өзі шабытты шағына оның
Деп тұрғандай күллі әлем таңырқасын!*

*Отызында жігіт ол орда бұзған,
Маздап жанған жыр шоғы бойда қызған.
«Жас керуен», «Көкпар» мен «Жастық жалын»
Тыным бермей шақырған ойдан, құздан.*

*Қазағының кең байтақ даласында
Сынап бақты күшінің шамасын да.
«Нұрлы әлемге» «Ынтызар жүрек» гашық,
Сыр ақтарды «Алатау аясында».*

*Үйіндегі жеңгеміз – ырыс бұлақ,
Батыр ана атанған қырық шырақ!
«Шақырады кең дала» тағы оңаша,
«Өмірінің өрнегі» қызықтырақ!*

*Жарқыратып көгінде жұлдыздарын,
Танытты елге киелі құндыз бағын»!
«Қоңыраулы керуен» алысқа ұзап,
«Ақ батасы» көгертті ұл-қыздарын.*

*Жазған жыры дауылдай сұрапылды,
Жаны мүлде сүймейтін құр ақылды.
Мадақтасақ, шынында, жарасымды
Найзагайлы осындай ірі ақынды!*

ЖОЛБАРЫСТАЙ ЖАЛҒАНДЫ ЖАПЫРДЫҢЫЗ
(Жарылқасын Аманұлына)

*Туған абыз едіңіз бағымызға,
Халық мұңы қашанда жадыңызда.
Тойлатқызбай сұм ажал алып тынды-ау
Жетпіс беске қараған шағыңызда...*

*Тірлік етсе үш жүз жыл жаман қарға,
Жаратқанның күшіне амал бар ма?!
Құдайға да жақсы адам керек шығар,
Шаруасы жоқ айтсаңыз обал қайда?*

*Жырладыңыз Жамбылдай ақиқатты,
Махабатты, киелі табиғатты.
Көлгірсіген құлардан аулақ жүріп,
Таныдыңыз бір Алла, шаригатты.*

*Жолын қуып Бәйдібек бабаңыздың,
Сырын ұғып Зеріптей анаңыздың,
Күн нұрындай ардақтап жайнаттыңыз
Сағынышты сәулесін санаңыздың.*

*Ұлттық нақыш, ұлттық сән, мұрағатты
Қастерлеген жырғаусыз ұлағатты.
Түлкі мінез жандарды әшкерелеп,
Қос жанардан адалдық бұлағы ақты.*

*Ата-баба аруағын шақырдыңыз,
Қиянатқа қасқайып атылдыңыз.
Арыстандай азуды Айға білеп,
Жолбарыстай жалғанды жапырдыңыз!*

*Қайран ақын! Ірі еді-ау сөзіңіз де,
Намыс отын лаулатты көзімізде.
Өзіңізге ұқсағым келеді ылғи
Арқам қозған шабытты кезімізде!*

*Кетті-ау тәтті арманның көбі ішіңде,
Өнеге мол үйренер ер ісіңде.
Жамбасыңыз тиген жер жұмақ болып,
Шалқып жатсын жүзіңіз пейішінде!*

МАХАМБЕТТЕН КЕЙІНГІ – БАТЫР АҚЫН

(Мұхтар Шахановқа, 1942 ж.)

*Жала жапса ойы – сұм аласа арам,
Ол – патшаға бергісіз тамаша адам!
Ханнан артық қараша екеніне
Кұлай сенем, сенбесең – таласа алам.*

*Кейде ерсі – қылығы, мейлі, таң қал,
Ал өмірде баладай аңқау, аңғал
Ер болса ол болмысы қандай таза,
Жыры сондай гажайып, таңдайда – бал!*

*Жаны нәзік, отына күйер қалқа,
Әумесерге басын шын иер жорта.
Жастайынан әуелі сенді Аллага,
Содан кейін Шындыққа сүйеді арқа!*

*Достығына еш қылау түсірмеген,
Өлеңінде Адалды мүсіндеген.
Азаматқа, ақынға жатқыза алмай,
Ақиқаттан аданы түсінбеген.*

*Аспанында ақындық нағыз қыран,
Қызғаныштан жылапты байгүс жылан.
Әлі күнге дейін ол шайқасуда,
Төрт анасы тек қана – жалғыз ұран!*

*Маған сабақ – саналы гұмырыңыз,
Әрқашан да биікте тұғырыңыз!
Елің үшін жүрегің шырылдады,
Күң мінезін ініңнің ұғыныңыз.*

*Әлі есімде шынайы қолтаңбаңыз,
«Азамат бол, адаспай жол таңдаңыз, -
Дедіңіз зой өзіме сенім артып,
Қаһармансыз бүгінде ортаң – аңыз!*

*Үмітіңді ақтамай болдым пақыр,
Тілімді кес, жан алғыш жынды шақыр.
Тесік таппай кірерге ұяламын,
Жұрт алдында атқарған ісім – тақыр.*

*Қымбат зат жоқ Отаннан Сізге жақын,
Ауыр ойға батасыз кешке жақын.
Атандыңыз ешкімнен қорықпай-ақ
Махамбеттен кейінгі – батыр ақын!*

*Кешір, Мұха136, тым жасық бауырыңды,
Көркейтетін түрім жоқ ауылымды.
Анадайдан жоламай, безіп кетем,
Көтере алмай құладым дауылыңды.*

*Кешір, Мұха, пендеңді боркемік бұл,
Болған таза тұрмысқа ой кемік құл
Келем мен де жастарды арқаланып,
Өкініштен өзегім өртеніп тұл*

*Амал қанша, бағынып тағдырыма,
Тостым жота қу тірлік жаңбырына...
Айналайын тілдегі Қобыландым,
Шуақ шашқан қазақы бар қырыма!*

СИҚЫРЛЫ СӨЗІҢ - ЖАҚҰТТАЙ

(Мемлекеттік және М. Әуезов атындағы ұлттық сыйлықтардың лауреаты, көрнекті жазушы, жаны жайсаң азамат Дүкенбай Досжанға, 1942 - 2013 ж.ж.)

*Києм деп соқты жүрегім –
Қасиет сіңген өлеңді.
Ініңнің мен де бірі едім,
Көтердің көкке төбемді.*

*«Өлеңі – кәусар суындай,
Сүйіспендіктің кітабы.
Сарыуайымды суырмай,
Азонды кеудең жұтады.*

*Әлемді сөздің күшімен
Көретін ақын өмірде.
Ізгілік аңқып ісінен,
Пенде емес құмар жеңілге.*

136. Өлеңдегі мағлұматтар «Аңыз Адам» журналынан (№12(48), маусым, 2012жыл) алынды.

*Айтты ол адал сөзін де
Қазіргі заман туралы.
Жоламас оған езің де,
Жақтырмас жаны ураны.*

*Үстінде жүрер арпалыс,
Бүгінін місе тұтпайды.
«Жамандықтардан тарт алыс», -
Деп тілеп Сені құптайды.»*

*Білдірдің пейіл осылай
Бағалап жырдың жинағын.
Сездірдің көңіл хошын-ай,
Жылытты жүрек сырлы ағын.*

*Жабырқап жүрген кезімде
Лебізің болды орденей!
Ағалық сезім көзіңде
Лаулады жауға бой бермей!*

*Бір ауыз ыстық тілегің
Ұшырды шыңның өріне.
Ақ қағаз, қалам – Тірегің,
Жеткізді жұмақ төріне!*

*Жанарым бөгіп сағымға,
Тынысым қатты тарылды.
Қараңғы түнек – бағымда,
Аша алмай қалдым жағымды.*

*Өйткені ажал апаны
Жұтты бұл алтын басыңды.
Шерімді қозғап қапалы,
Көлдетті көзден жасымды.*

*Ажалың соқты оңдырмай,
Езді әбден бүйрек, бауырды.
Шабыттың құсын қондырмай,
Жегідей жседі Тауымды.*

*Алланың қосқан Сәулесі
Өсірді баптап бақ-бауын,*

*Тәп-тәтті салған мәуесі,
Тыңдаған ауыр «Жоқтауын».*

*Алайда, тәуба, артыңда
Мол мұраң толқыр мұхиттай!
Оқитын жас та, қартың да
Сиқырлы сөзің – жақұттай!*

*Қалғыған ұлтқа – ұйқы оят
Әңгімең – жүздің үстінде!
Жиырма екі хикаят,
Роман – он бір, күш – кімде?*

*Әрине, құдай қолдаған
Дүкенбай ағам жаағында.
Алғашқы өлең жолдаған
Он беске толған шағында.*

*Өзіңді желеп-жебеген
Аруағы Мұхтар, Абайдың!
Киелі жолы демеген
Фараби дана бабаңның!*

АДАМ АТЫН ЖОЙМАҒАН

(«Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері», бірнеше мәрте халық қалаулысы атанған, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Беркімбаева Шәмша Қопбайқызына, 1942 ж.)

*Тұла бойы жаралған ізгіліктен,
Алдынан тек жайдары Күнді күткен.
Бар өмірін арнады жас ұрпаққа,
Пенде емес ол жұртынан сырды бүккен.*

*Сөзбен ісі сай кісі бір-біріне,
Ерекше мән берді ылғи тірлігіне.
Сондықтан да гұмыры мазмұнды шын,
Терін төкті халқының бірлігіне.*

*Адамзаттық болашақ жорығында
Жүрсе де бұл бөлініп ойы мыңға,
Алаңдады күллі ауыл мектебіне,
Бұрды соған биліктің мойынын да.*

*Ессе де ауыр тұрмыстың күйі мүлде,
Жаны жақсы жандарға сүйінуде.
Егіз әлем – Білім мен Тәрбиенің
Шешті талай күрделі түйінін де.*

*Сыр алдырмай қиындық белесіне,
Құт дарытты келешек кемесіне.
Шығармашыл, жаңашыл ұстаздарды
Дер кезінде көтерді төбесіне.*

*Місе тұтқан қашанда қанағатын,
Ардақтаған ауылдың азаматын,
Небір биік тұтқасын лауазымның
Ұстаса да жоймаған Адам атын.*

*Көпбайқызы Шәмшаның парасатын
Дәріптесек, сол болар жарасатын.
Кішіпейіл мінезі сүйсіндірген
Жоқ-жітімге, жетімге қарасатын.*

*Осы жағды кем қазір байларыңның,
Көздегені – қамы гой жай қарынның,
Ер жігітке бергісіз еңбек еткен
Шәмша әпкеміз – дәл Өзі айбарымның!*

ӘРҚАШАН ЖҮРГЕН ЖЕРІН ЖАРҚЫРАТҚАН
*(«Парасат» орденінің иегері, төрт мәрте халық қалаулысы
атанған, білікті басшы, бас дәрігер болған Амантай
Біртанұлына, 1945 – 2011 ж.ж.)*

*Бойында күш-қуаты бар шағында
Жүзіпті Біртан көкем қарсы ағынға.
Келінсіз дүниеге Жеңіс жылы,
Арулар мерекесі қарсаңында!*

*Сондықтан болар, бәлкім, жан-жағыңыз –
Қаптаған қыз-келінішек жайдары жүз!
Алайда аққу мойын, гүл Бейсекүл –
Өзіне ғашық қылған арманыңыз!*

*Қарамай үстімізге, жейдемізге
Асылық сөз айтамыз кейде біз де.
Бірзасыз тіршілікте, алғыс шексіз
Қырандай үш ұл тапқан жеңгемізге.*

*Кей жігіт таныта алмай жансебілін,
Өрең бұл нанын тауып, көрсе күнін,
Мерейін ата-ананың асқақтатып
Ақтады үшеуі де ел сенімін!*

*Ал, Сіз де болдыңыз шын мықты азамат,
Қалды артта шаңды қауып бар қазанат.
Келеді алға сүйреп, намыс қайрап
Ар деген – жүректегі бір таза зат!*

*Дәл соның арқасында шыңға шығып,
Нағыз ер атандыңыз қалмас ығып!
Ел үшін төгілген тер, кешкен бейнет
Кеткен жоқ құр бекерге құмға сіңіп!*

*Дәлел ме? Дәлел оған жеткілікті,
Зор қайғы басыңыздан өтті, тіпті.
Болдыңыз отыз бес жыл бас дәрігер,
Ұрпаққа сіңірдіңіз тектілікті!*

*Болдыңыз бүгінде елдің аяулысы,
Сыйлайды аттысы да, жаяулысы.*

*Болу да оңай емес ұғынғанға
Төрт мәрте өз халқының қалаулысы!*

*Ел-жұртын тек шынайы сүйеді ері,
Болған жөн ең болмаса гүл егері!
Дәл Сізге еліктейміз құрмет тұтып,
«Парасат» орденінің иегері!*

*Лайық ерлік жасап нән денеге,
Төрдесіз «Жазушы» атты шоң кемеде.
Он шақты кітап жазып тастадыңыз
Тәлімдік, тәрбиелік мәні – онеге!*

*Емес бұл мақтағаным көзіңізге,
Беріксіз уәде мен сөзіңізге.
Әрқашан жүрген жерін жарқыратқан
Тілейміз бақытты өмір Өзіңізге!*

АЛЫП ЕМЕН
(Амантай Біртанұлына)

*Тамырыңыз терең кеткен жайылып,
Аға, нағыз алып емен едіңіз.
Құдайдың бұл әміріне бағынып,
Іштей қайғы жұтып-ақ түр еліңіз.*

*Қарадыңыз ажалға да қасқайып,
Одан өткен арсыз жсоғын дәлелдеп.
Пендеміз гой, бізге қояр басты айып –
Кім ойлаған құ фәниде өлем деп?!*

*Амал қанша, не шара бар тағдырға,
Жаратқанның жазуы ма маңдайға?!
Жұртты қанша шақырсақ та сабырға,
Өкініші қатты батты таңдайға.*

*Өкінсек те, енді зармыз ізіңе,
Сағынамыз жүзіңізді жайдары.
Түйдік қабақ сұм ажалға кіжіне,
Жанды жседі-ау бас көтертпей салдары.*

*Қос жанарды дертке деген кек қыстар,
Қақ жардыңыз қатал тағдыр сынын да.
Айбарымыз едіңіз шып бетке ұстар,
Жетімсіреп қалдық, Аға, шынында.*

*Алайда, Аға, шүкір дейміз Аллага,
Үш ұлыңыз өркен жсайды артыңда.
Адасқанды салып түзу арнаға,
Нұр шаштыңыз жанып өткен қалыңда!*

*Игі ісіңіз ырыс-құтқа айналып,
Болды мақтан артыңдағы өрнек із.
Әттең, бірақ сағыныштан сарғайып
Жүреді-ау гүл Бейсекүлдей жеңгеміз.*

*Өмірде анық айтылады мың рет
Жақсылықтан жаратылған атыңыз.
Сізді мәңгі ұмыттырмас құдірет –
Жазған қымбат «Ұрпағыма хатыңыз!»*

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАЙРАТКЕРІ
(Бітібай Қанипа Омарғалиқызына, 1914 -1945 ж.ж.)

*Жаны бейім өзге жұртты дос деуге,
Талай алдап соқты өзін бос кеуде.
Мың тоғыз жүз сексен тоғыз қысында
Лауреаттық сапар шекті Мәскеуге.*

*Қашаннан бұл артқа мойын бұрғызбай,
Арман алға жетелейді шың күздай.
КСРО Мемлекеттік сыйлығы
Жарқырады кеудесінде жұлдыздай.*

*Бірақ оған мастанбады мақтанып,
Елірмеді нысық қудай шаттанып.
Кремльдің мектептерін мақтаулы
Аралады іші-сыртын ақтарып.*

*Шәкірттерді әңгімеге тартқанда,
Ұстаздарға үлкен үміт артқанда
Сенімінің шықты әбден быт-шыты,
Енді ұғынды түскенін шып қақпаңға.*

*Озаттардың сынап еді шабысын,
Танымайды дана Мұхтар арысын.
Ең болмаса бір өлеңін Абайдың
Оқымауы қамшылады намысын.*

*Келемеждеп менмендеуі түшкірді,
Ал біреуі қабақ шыта түксиді.
«Орташадан төмендеу» өз шәкірті
Жатқа айтады Лермонтов пен Пушкинді.*

*Дедік: «Совет адамысыз су жаңа»,
Ұрандадық: «Мақсатымыз – бір мола».
Туысқан ел әдебиетін оқудан
Мәскеуліктер босаған ба біржола?*

*Деп бөстік қой Ленин бәрін теңгерген,
Жеріміз жоқ бірімізді кім көрген.
Сол туралы Ягодин¹³⁷ мырзаға
Айтқан сөзі өтіп кетті-ау оңменен.*

*Білмеді ол Қанипаға не дерін,
Ащы шындық шаң қаптырды беделін.
Төбесіне жай түскендей сілейді,
Қатты састы таныта алмай «өнерін».*

*Осы оқиға мені мұңға батырды,
Түні бойы азаптады ақынды.
Билігі бар жігіттердің көбісі
Тілді ұмытқан, жағалап жүр қатынды.*

*Көздерінің құртын жеген ақша анық,
Тоналуда болашағы аш халық.
Шіркін, солар Қанипадай тер төксе,
Қазақ тілі құрар мәңгі патшалық!*

137. Ягодин –КСРО Оқу министрі.

МАҚТАНЫШ
(Қанипа Омарғалиқызына)

*«Әрбір адам өз күшіне сене ме,
Бірақ оған ауыр тағдыр көне ме?..
Бар ғұмырын тіл-әдебиет пәніне
Арпағаны – жас ұрпаққа өнеге.*

*Әсіресе, бір мектепте тер төгіп
Келе жатыр, көсегесі көркейіп.
Абайымен, Мұхтарымен сырласып,
Жұрты үшін жаны күйді өртеніп.*

*Десек те біз, ел ертеңі қолыңда,
Бірлігі жоқ тыпырлар жау торында.
Сәкең, Ғабит, Ахметтей күресті
Тіліміздің болашағы жолында.*

*Кейде өмір сүруің де азап-ақ,
Күншілдер де жаныңды әбден қажымақ.
Сабақ беру шеберлігін шыңдаудан
Жалықпаған қасиеті – газжап-ақ!*

*Сөйтіп жүріп жазды талай оқулық,
Әдістеме құралдары – нөпір лық.
Қара бастың қамын ойлап көрменгі,
Еңбегімен төрімізде отыр нық.*

*Ұшты алдынан оқушылар мыңдаған,
Соның бәрі өз ұстазын тыңдаған.
Ақыны бар, батыры бар – барлығы
Қашанда осы Қанипасын жырлаған.*

*Қуыс кеуде қуанышқа бөлемес,
Жарқын ізін тек пенделер елемес.
«Қаһармандық ерлігіне ел күә,
Ал ерлігі ешкімнен де кем емес»*

*Деген кісім – қазағымның бір қызы,
Болған өзі маңдайдағы жұлдызы.
Бүгін, міне, ортамызда жарқырап
Шуақ шашқан айналаға нұр жүзі.*

*Қайсарлығын тоқтата алмай қатты ағыс,
Шәкірттері қанаттарын қақты алыс.
Көп мұғалім жалғастырған ақ жолын
Қанипадай бақытты ұстаз – Мақтаныш!*

МЫҢДЫ ЖЫҚТЫ БІЛІМІ
(Қанипа Омарғалиқызына)

*Бар ғұмырын арнаған
Тіл-әдебиет пәніне.
Сабақ берсе жайнаған,
Айналған ел әніне.*

*Абай, Мұхтар – сырласы,
Жатқа айтады жазғанын.
Қиналса да бір басы,
Тоздырмады өз бағын.*

*Ахмет, Сәкен, Ғабиттей
Тілі үшін күресті.
Таласа да бәрі иттей,
Жанды аямай тіресті.*

*Жеңілмеді ешкімнен,
Мыңды жықты білімі.
Кезден бастап ес білген
Толысты әбден ілімі.*

*Жиырма тоғыз жыл бойы
Дәріс берді бір жерде.
Жанды тербеп сырлы ойы,
Жыр оқыды күнде елге.*

*Биік шыңға көтерді
Әдістеме әлемін.
Еңбегі де өтелді,
Тақты орден, медалін.*

*Сүйікті ұстаз атанды
Шәкірттерге мыңдаған.
Үлкеннен де бата алды
Ақылын көп тыңдаған.*

*Жүрегі – дән қоймаңыз,
Одан қуат мол алдың.
Бола білді ол нағыз
Қайраткері қоғамның!*

ДЕЙТІН АЗ: «ЖАНЫМДЫ САДАҒА»
(Қыраубай Алма Мүтәліпқызына, 1947-2001ж.ж.)

*Адамгершіліктің айнасы
Болатын жұлдызды жанары.
Еліне мол тиген пайдасы,
Жан еді кіршіксіз таза ары.*

*Таппадық дертіне бір амал,
Өкініш кетпеді көңілден.
Әттең-ай... қатыгез сұм ажал
Әкетті-ау тым ерте өмірден.*

*Жазылмай қойды гой құлашы,
Жетпеді-ау көздеген межеге.
Әйтсе де қалдырған мұрасы –
Кейінгі ұрпаққа өнеге.*

*Шын ұлттық тәрбие мектебін
Ашқаны – ерлікпен тең еді.
Қолдамай игі ісін өктем ұн,
Мұныңыз ақыл-ақ демеді.*

*Осылай көрсоқыр басышлар
Арманын гүлдетпей солдырды.
Ойласам көзімнен жас шығар,
Мұң бұлтын кеудеме қондырды.*

*Болмасын бұл ойым күпірлік
Кетті анық, сеземін, арманда...
Десем де, құдайға шүкірлік
Етемін оңаша қалғанда.*

*Өйткені иманды тірлігі
Көктемдей құлпырып жаңғырған.*

*Тең келмес әпкеме қыр гүлі
Жігітке әдемі ән салдырған.*

*Көркейтті әдебиет ғылымын,
Тың оймен байытып мазмұнын.
Алғандай көзінің шырымын,
Сағынып елі жүр назды үнін.*

*Жүрегі мейірін төккендей
Ұлтының иесі – балаға.
Бүгінде елі үшін әпкемдей
Дейтін аз: «Жанымды садаға!»*

ОСЫ ҮМІТПЕН ӨМІРДЕН ӨТТІ ӘПКЕМІЗ (Алма Мүтәліпқызына)

*Көріп өмір жеңілін, ауырын да,
Жан ұшыра қиындық дауылында
Имандылық жайынан дәріс берді,
Мектеп ашып Жандосов ауылында.*

*Болған нағыз өзіндей асыл заттың,
Жемісіндей тәп-тәтті жасыл бақтың.
Бағдарлама жасады «Сенім» атты
Ұлттық рухын көтерер жас ұрпақтың!*

*Бірақ билік қолдамай бастамасын,
Білмей жатып ісінің ақ-қарасын
Ұлттық қазақ мектебін жауып тынды,
Жаулап алған доллары жат санасын.*

*Алдында оның жантықтай жалпаңдайды,
Ал ағылшың, қытайың талпаңдайды.
Аспай жатыр әулетін жарылқаудан,
Елдің мұңын ешкімге айта алмайды.*

*Зығырданың қайнайды қылығына,
Қоғамды әбден батырған быллығына.
Шырылдаған шындық та тесіп шығар,
Қарамастан қаптаған тығынына.*

*Осы үмітпен өмірден өтті әпкеміз,
Дүниеге келген соң құр кетпеңіз.
Ор қазады бұл қазақ бір-біріне,
Ал, басқаға келгенде жоқ өкпеміз...*

НҰРЛЫ АҚЫН НҰРЛАНҒА

*(Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Төрағасы,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Алматы
қаласының құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
мемлекет және қоғам қайраткері, халық қалаулысы Нұрлан
Оразалинге, 1947 ж.)*

*Мәңгі-бақи жанарынан от көрген,
Ақындықтың шың басына көтерген
Көкбастаудың құдіреті екен-ау,
Жаны нәзік жаралған жоқ бекерден.*

*Мәнін ұғып қыста қатқан қыраудың,
Дәмін татып қыспаққа алған бұраудың,
Небір маржан дастан сырын түсініп,
Бала кезден жолын құды жыраудың.*

*Аулақ өсіп мінездерден ұр да жық,
Фольклорға болды жастай шын қанық,
Абай, Жамбыл, Мұқағали, Махамбет
Аруақтары желеп-жебеу жүрді анық.*

*Сондықтан да жазды жырды қуатты,
Өлеңдері мөлдір бұлақ сияқты.
«Көктем кеші», «Адамзатқа аманат»,
«Қуралайдың салқынынан» нұр ақты.*

*Туған жердің сағындырып дүзгені,
Тула бойын сергіткендей күз лебі.
Бәлкім, тиді-ау қытығына біреудің
«Азаттықтың айдынында» жүзгені.*

*Әлем сыйып қиығына көзінің,
Атанды ақын киесі бар сөзінің.
Жұмбағы мол «Ғасырымен қоштасу»
Асқақтатты абыройын өзінің.*

*Төтеп беріп ызғарына боранның,
Жандырды тек бағын байтақ даламның.
Із қалдырып жұмысында басшылық,
Бола білді қайраткері қоғамның.*

*Бұл өмірде тауып мықты тірегің,
Алаулатып жүзіндегі реңін,
Қасиетті сезімімен жаулады
Фаузиядай жан-жарының жүрегің.*

*Баса алмады ешкім де оның аптығын,
Танытты елге аққа құдай жақтығын.
Ауласында шалқып сәби күлкісі,
Көрсін дәйім отбасының шаттығын!*

*Арқасында құдай берген өнердің
Бырт-бырт үзіп бар байлауын көгеннің,
Жыр тұлпарды оза шауып бәйгеде,
Жүреді өсіп өлкесінде өлеңнің!*

СЕЗІЛЕДІ АСЫЛДЫҚ СҮЙЕГІНДЕ
(Жангара Дәдебайұлына, 1948ж.)

*Тектілікті үйреніп көкбөріден,
Түледіңіз Ойықтың мектебінен.
Қиясында әдебиет әлемінің
Сыр қозғайсыз еліңнің өткенінен.*

*Бір кісідей ұғынып сөз мәйегін,
Зерттедіңіз Мұхаңның күллі әлемін.
Жұртыңыздың жеткендей құлағына
Майда қоңыр, сырбаздау, нұрлы әдемі ұн.*

*Кие тұтып Таластың топырағын,
Қиялыңыз шарлады атырабын.
Саңырықтың ең алғаш бағын ашып,
Бөледіңіз шаттыққа жапырағын.*

*Асау тұлпар тарихтың теңізінде
Жұмбақ күй бар қалдырған өз ізіңде.
Сөзін жинап Бөлтірік бабамыздың,
Қаладыңыз ғылыми негізін де.*

*Туған жерден сөнбейтін от алдыңыз,
Нағыз ғалым бүгінде атандыңыз.
Әулие ата ғұмырын бір жүйелеп,
Қараханның дәуірін қонардыңыз.*

*Ұлттық тәлім, тәрбие жүрегіңде,
Сезіледі асылдық сүйегіңде.
Анахарсис қазақтың ұлы екенін
Ең бірінші жаздыңыз бұл өмірде.*

*Елу деген – жігіттің жасы жетер,
Алда әлі белес көп басып өтер.
Тар жолында ғылымның күліп-ойнап
Халқыңыздың зіл батпан тасын көтер.*

*Өзгелерге өнеге – әр ісіңіз,
Шәкірттерге ой салған дәрісіңіз.
Ұстаздықтың ұзақ жыл жемісін жеп,
Күннен-күнге кеңейсін өрісіңіз!*

КЕЛЕСІҢ ШЫҢҒА ӨРМЕЛЕП *(Жанғара Дәдебайұлына)*

*Ұмтылмай біреу бірлікке,
Бауырын көмсе тірідей,
Болдық біз мынау тірлікте,
Бір туған аға-інідей!*

*Бітіріп Ойық мектебін,
Бастадық жаңа өмірді.
Корсек деп арман көктемін
Қиялдан көңіл семірді.*

*Есімде менің, есімде
«Түйелер» атты өлеңің.
Оқыдың жырдың кешінде
Тұтқасын ұстап кемеңің.*

*Еркін бір жүздің кемеңмен
Теңізін кешіп шабыттың.
Әттең-ай, әттең... өлеңнен
Ертерек неге жалықтың?..*

*Тіл-әдебиет пәніне
Алғыр ең жастай, ағасы.
Көктеген уыз дәніңе
Қызықты адам баласы.*

*Талаптың мініп тұлпарын
Алматы жаққа зауладың.
Қияда шырқап сұңқарың,
Өзің де одан аумадың.*

*Бірақ та талай сүріндің,
Қиналып түстің «ҚазМУ-ге».
Білімге терең үңілдің,
Көнеден қалған сазды үнге.*

*Жалықпай білім жолында,
Күн-түні тынбай іздендің.
Гүл жайнап кітап қолыңда,
Жыр еттің жайын бізге елдің.*

*Келесің шыңға өрмелеп
Тірегің – маңдай теріңмен.
Емессің сөзге үйір көп,
Бағың жоқ артық еліңнен.*

*Өмірде талай асудан
Дақ салмай өттің арыңа.
Немере сүйіп қос ұлдан,
Нұр төктің Сәулә жарыңа.*

*Сызылған қыздай жігіт деп
Қарсы алды шалдар әзілдеп,
Еңбекпен даңқың биіктеп,
Атақтар келді өзі іздеп.*

*Мұхаңның¹³⁸ мұхит әлемін
Шарлаттың шәкірт жасстарға.
Төгілтіп сөздің мәйегін,
Шалқыттың туын аспанда.*

*Даналық ойға нағыз бай
Болтірік шешен сөздерін
Таратып елге аңыздай
Жеткіздің өзің көздерін.*

138. Мұхтар Әуезов.

*Сөйлеттің көркем тілінде
Әулие ата бабаңды.
Таныттың алтын күйінде
Жамбыл мен Абай данаңды.*

*Аруағы ырза шығар-ау
Төле би, Байзақ датқаның,
Анахарсисің ұнады-ау,
Үмітін ел-жұрт ақтадың.*

*Ғабиден¹³⁹ сырын жан-жақты
Зерттедің зор іс тындырып.
Ойларың сұлу салмақты,
Шындықтан кетпес бұрдырып.*

*Қолдаған Зекең¹⁴⁰, Түрсекең¹⁴¹,
Ұстазы мықты ғалымсың.
Болмаған бойда құр секең,
Құм жерден шыққан дарынсың.*

*Айтатын болсам көп қырлы
Жазушы болдың азамат.
Күншілдер кесек лақтырды,
Соларға қойдың таза мат.*

*Қазіргі заман, қоғамды
Ұқтырдың кемел сезіммен.
Қасыңнан құлар жоғалды
Дәметкен пайда Өзіңнен.*

*Бүгінде Алтыс төрінде
Көз салдың бүкіл маңайға.
Жұлдызың жанған көгіңде,
Жарығы жетер талайға.*

*Сондықтан тілер тілегім –
Денсаулық болсын әманда!
Сыр ғой бұл шерткен жүрегім,
Ғұмыр кеш мүңсыз ғаламда!*

139. Ғабиден Мұстафин.

140. Зекең – Зейнолла Қабдолов.

141. Түрсекең – Тұрсынбек Кәкішев.

ЖҮРЕГІНДІ ЖҰРТ ЖАЙЫ ТОЛҒАНДЫРДЫ

*(Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі,
прозалық 7 кітаптың авторы, «Жауынгерлік ерлігі үшін»
және «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарының иегері, Б.
Бұлқышов атындағы сыйлықтың лауреаты, «Алматы
ақшамы» газеті мен «Парасат» журналының бас
редакторы болған журналист жазушы Ергали Сағатқа,
1949 ж.)*

*Табанымыз тілініп тас шағылда,
Асыр салдық алаңсыз патша құмда.
Асық атып, доп қуып, ләңгі теуіп,
Аунап өстік Ойықтың ақ шаңында.*

*Сөйте тұра біз бірге ойнамаппыз,
Тереңіне Таластың бойламаппыз.
Кетсек те бұл ауылдан алысқа ұзап,
Тағдыр түбі қосарын ойламаппыз.*

*Өмір сүру – адамға анық майдан,
Жетесіздер шығарған халықты ойдан.
Бес жыл бірге ҚазМУ-да оқысақ та,
Бірге жүріп құрмаппыз сауық-сайран.*

*Көп қарайлап артыма, елдегіге
Бітірген соң мен кеттім өз жөніме.
Ал сен ұстап жалынан асау арман,
Бет түзедің ылдилы бәйге өріне.*

*Қайран ылғи қылыштай намысыңды,
Жан-жағыңа таныттың шабысыңды.
Жолай саған ор қазған пақырлардың
Тауы қатты шағылып, сағы сынды.*

*Оған куә – «Келелі келешегің»,
Маңдайыңнан төгілген тер нөсерің.
«Ғимараттар биіктеп бара жатыр»,
О бастан-ақ тексіз ұл емес едің.*

*Оңашада сағынып қайран қырды,
Жүрегіңді жұрт жайы толгандырды.
«Дін биігіндегі елің» қызықтырып,
«Даладағы ұлы ізің» ойландырды.*

*Балапандай аңсаған нұрлы ұяны
Жанарыңнан ағылды күй бұлағы.
«Алақандай әңгімең» жсанды тербеп,
Көкірекке сәулелі сыр құяды.*

*Тіршілікте ісің мол тағылымды,
Алаулаттың бойдағы жсалыныңды.
Тілі шешен журналист, жазушысың
Мойындатқан өзгеге дарыныңды.*

*Алдымызда сан алуан ағыс тұрды,
Көтем қысты, күз жазды ауыстырды.
Алатаудың еркесі – Алматыда
Тағдыр бізді қайтадан қауыштырды.*

*Содан бері іргеміз бөлінбеген,
Көңілден бұл титтей кір көрінбеген.
Бегісей мен Шоқайдар – қос бабамыз
Бір-біріне бекерге телінбеген.*

*Нар жсігітсіз бүгінгі өріңізде,
Тек қуаныш шалқыған көгіңізде.
Имандылық салтанат құрған екен,
Бекзаттықпен жарасып торіңізде!*

*Сырын ұқ деп даланың мидай жазық,
Рухани жағынан жаныңа азық,
Бағыт сілтеп жолыңа келе жатыр
«Жаны жарық Димекен» – Темірқазық!*

ЖАНАРЫНДА ЖАРҚЫЛДАР АСҚАҚ АРМАН
*(Педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және
Еларалық Айтматов (Қырғызстан) академияларының
академигі, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің
құрметті қызметкері, Б. Алтынсарин медалінің иегері,
педагог-жазушы Сман Бақтияр Өрісбайұлына, 1952 ж.)*

*Нағыз қазақ баласына
Тән қасиет дарыған бесігінен.
Тартқан ата-бабасына
Тектілігі сезілген есімінен.*

*Өйткені әке тәрбиесі,
Жүрегіне құйылған қиссалардан.
Қолдан аруақ бар киесі,
Жанарында жарқылдар асқақ арман!*

*Асқақ арман жолында адал
Терін төгіп келеді жалықпастан.
Шын біліммен табылған мал
Жанға – қуат, ойға – нәр, шабыт қосқан!*

*Әдістеме әлемінде
Жазған оқу құралы салмақтырақ,
«Мақал – сөздің мәйегінде»
Ақыл ойы толысып жанған шырақ!*

*Тұла бойы – тұнған өнер,
Домбыраның ойнайды құлағында.
Қиындықтың бәрін жеңер,
Бұл өмірдің тым қатал сынағында.*

*Бөленді зор абыройға,
Арқасында тынымсыз ізденістің.
Кейде шомып қалың ойға,
Қамын жеді елге ауыр күйзелістің.*

*Тіл-әдебиет журналына
Қолдан келген көмегін аямады.
Туған жігіт ел бағына,
Шәкірттерін мәпелеп аялады.*

*Ең бастысы – шаңырақтың,
Бола білді сүйенер тіреушісі.
Дәл өзі ол арғымақтың,
Жұмсалуда жұрт үшін жігер-күші!*

ЖАСТАРҒА

*Күдіретті патшаң да жерге қонған,
Жұртқа жаққан шын адал термен озған.
Дана «Қара сөздерін» ұлы Абайдың
Терең білген болады елге қорған.*

*Онық жейді жанын еш қинамаған,
Бармас алыс ұстазын сыйламаған.
Болмасаң да ұқсап бақ Шәкәрімге,
Ол білімді құр-бекер жинамаған.*

*Сондықтан да өнеге – қос гүлама,
Қу дүние адамды дос қыла ма?!
Өз ұлтыңның бағын аш ең әуелі,
Мендей шалдың көзінде жас тұна ма?..*

*Болашаққа бет алған көші анықтың,
Жолы – даңғыл, жөні жоқ осалдықтың!
Мынау «Қилы заманда» тұлкі бұлаң
Жүрсін қолдап аруағы қос алыптың!*

*Азарған тимей таңдайға
Итшілеп өткен күн құрсын.
Тағдырдың жазған маңдайға
Жазуы шығар, кім білсін?!*

*Десем де, мынау заманның
Ұқпадым сырын әлі мен.
Қулығы сұмдық адамның
Жақсымын бүгін бәрімен.*

*Бой бермей кетті арамдық,
Күрессең, белің сынады.*

*Жайына қалды адалдық,
Шыңғырып шындық жылады.*

*Жылады іштей түншығып,
Жаутаңдап өскен баладай.
Тұрмаймын қазір құлшынып,
Атала болды санам-ай.*

*Құлшынып қайда барамын,
Ел қамын жегіш барлығы.
Көз жасын сығып аламын,
Тұрмыстың қысып тарлығы.*

*Сонда да келем мойымай,
Толқынға сеніп кейінгі.
Жұбатып көңіл ойым-ай,
Бұзбасын құдай пейілді...*

МАЗМҰНЫ

«Орақ тіл, от ауызды» ақын	3
Адам ата –Хауа ана	8
Абыз Қорқыт аңызы	10
Түсінгенге Күн көзі ол далада	14
Ғалымның ісін құдай малған нұрға	15
Кесенесі керемет күй шертеді	17
Айша бибі мен Қарахан	18
Бәйдібек баба – Бәйтерек.....	24
Ысты бабам	25
Амалсыз ұлың іштей сағынады	26
Сарғайған сағынышым санамдағы	27
Осының өзі – сабақ жас ұрпаққа	28
Бұл тәмсілде терең ой бар көз жетпес.....	31
Төбе би	33
Көшелілер келмесе, таң атпайды	35
Бөлтірік шешен немесе Димекеннің рухы.....	37
Бөлтірік шешен мен Тезек төре ескерткіші.....	39
Бөлтірік шешен.....	41
Туладың торда барыстай	42
Жанарынан намыс оты өріліп	45
Қайырлады құмға батып кемеміз.....	47
Ержүрек азаматтар атқа конды	49
Құдіретті күйші	51
Жампоз	53
Өлең оқып жатыпты қос өкпесі	55
Абай – данам.....	56
Кейде осы бір жүрегім күй аңсарда.....	59
Мыңмен жалғыз алысқана Алпамысым	59
Ұстаздардың ұлағатты ұстазы	61

Жолбарыс жыры Жамбылдың	63
«Мәшһүр Жүсіп оқулары»	65
Жапырағы жайқалды Бәйтеректей	67
Басшысы жоқ ел – жетім	74
Заманынан оқ бойы озып туған	76
Туған ер артық тіріден	78
Тосқан кеуде таудан құлар көшкінге	79
Қайшылығы қоғамның жеткілікті	81
Ащы сабақ алмадық тағдырынан	82
«Жүз жыл емес, мың жылда бір-ақ туар»	84
Шежіресі болдың ұлттық даңқымның	86
Тау ішінде	89
Мұражайдағы лебіз.....	90
Рухым менің.....	91
Әулие.....	93
Сөнбейді ол әрқашан да Күн секілді.....	94
Қос алыпқа айтар сыр	95
Тіл туралы толғаныс.....	97
Жыр жазды жойқын дауылдай	101
Топырақта шын алтын жата алмайды	103
Музыканың мұзбалағы	103
Желбіреді туы Еңбектің ұжымдық.....	105
Ана тілі.....	107
Құйын тағдыр.....	109
«Адамзаттың Айтматовы»	116
Сағыныш	118
Ақындардың классигі атанған	119
Естелік.....	120
Жанымды жеген дерт.....	121
«Бәрімізге ұстаз болған ұлы адам»	123
Қазақтың қамын жеген Өзіңіз-ақ.....	125

Алып нарлық	126
Үлкен кісі	127
Мәңгі өнеге	128
Ғибрат.....	129
Үш оқиға	131
Президент ант бергенде.....	138
Елбасына наз	139
Жасайық өмір ілімін	141
Сынбас деп сендік сағымыз.....	142
Тойға тарту	143
Ұстаз.....	144
Жүзі жарқын тоқсанның тұғырында	146
Қаймықпады тағдырдың желді өтінен	148
Қын түбінде жатқан емес кездігі	149
Шәкірт сөзі	151
Ұстазға сый	152
Сынай білген қалдырмай-ақ көңілді	153
Нар тұлға	154
Ар туын асқар шында асқақтатқан	155
Сөзі де, ісі – ірі ағам	155
Академик	156
Ғұлама	157
Жүз жасаңыз шалқып бақыт күйінде.....	158
Кішіпейіл кісі.....	159
Қашанда ақ кемеңіз өрге жүзді	160
Болған нағыз мақтаныш күллі өренге	161
Ақ шашыңыз бейнтің өтеуіндей	162
Көңіл күйі ізгіліктен жаралған	163
Қайран көкем	164
Жолбарыс жүрек	165
Ағама хат	166

Ақиық ақын арқалы	168
Жолбарыстай жалғанды жапырдыңыз.....	170
Махамбеттен кейінгі – батыр ақын	171
Сыйқырлы сөзің – жақұттай	172
Адам атын жоймаған	174
Әрқашан жүрген жерін жарқыратқан.....	176
Алып емен	177
Қазақ тілінің қайраткері.....	178
Мақтаныш	180
Мыңды жықты білімі	181
Дейтін аз: «Жанымды садаға»	182
Осы үмітпен өмірден өтті әпкеміз	183
Нұрлы ақын Нұрланға.....	184
Сезіледі асылдық сүйегінде.....	185
Келесің шыңға өрмелеп	187
Жүрегіңді жұрт жайы толғандырды.....	189
Жанарында жарқылдар асқақ арман.....	191
Жастарға	192



Автор Шілдебайұлы Зернебек 1949 жылы тамыз айының 10-ы күні Жамбыл облысының Талас ауданындағы «Бостандық» ауылында дүниеге келген. Алғаш мектеп табалдырығын осы ауданның «Ойық» ауылында аттаған ол 1976 жылы қазіргі әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Еңбек жолын ауылда радиожөндеуші, Алматыдағы баспахана мен зауытта жұмысшы болып

бастаған. Жоғары оқу орынын тәмамдағаннан кейін мектепте мұғалім, Қордай аудандық «Білім» қоғамында жауапты хатшы, аудандық газетте аудармашы, Республикалық «Мектеп» баспасында корректор, редактор, аға редактор, Алматы облыстық «Жетісу» газетінде тілші, «Қазақстан мектебі» журналында бөлім редакторы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында жауапты хатшы, бас редактор, «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жабық акционерлік қоғамының президенті қызметтерін атқарған. Қазір «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры.

Халық ағарту саласында сіңірген еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» белгісімен және Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, ақын.

Көптеген әдеби-публицистикалық, ғылыми-педагогикалық және әдістемелік мақалалары, өлеңдері мен жыр-толғаулары аудандық, облыстық және республикалық мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып келеді. «Кеудемдегі кептерім» атты өлеңдер жинағы жарық көрген.

Зернебек Шілдебайұлы
Ұлылар ұлағаты

Өлеңдер мен толғаулар

Редакторы: Құдиярбек Ағыбаев

Көркемдеуші редакторы:

Әбдікәрімов Сейілғазы Қыдырмолдаұлы

Техникалық редакторы:

Қадырқұлова Гүлзия Болатбайқызы

*Жыр жинағын Еуразия технологиялық университетінің
компьютерлік орталығында теріп беттеген:*

Жақманова Шынар Слямханқызы

*Басуға 05.10.2014 ж. қол қойылды.
Пішіні – 84 к108^{1/16} Офсеттік басылым.
Әріп түрі «Times New Roman KZ» .
Шартты басылым табағы 12,5.
Таралымы – 500 дана.
Тапсырыс № 122.
Бағасы келісімді.*

*Кітап тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
«Ан Арыс» баспасынан басылып шықты.*